

Орманова Зауре Құрбанбайқызы

ЭТНОПСИХОЛОГИЯ

Оқулық

«Турани-Астана» университеті

КІТАПХАНА

Инв.№

67814



TECHSMITH
Алматы, 2023

ӘОЖ 159.9 (075)

КБЖ 88.1 я 7

О-67

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің педагогика және психология институтының оқу-әдістемелік кеңесінде мақұлданып, ұсынылған № хаттама 25 сәуір 2021ж.

Пікір жазғандар:

Абай атындағы ҚазҰПУ білім беру психологиясы және әлеуметтік коммуникация кафедрасының профессоры, психол. ғ. д., Р.Б. Жаримова;

Қыз.ПУ.Теориялық және практикалық психология кафедрасының профессоры, психол.ғ.д., Х.Т. Шерьязданова;

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ. Жалпы және этникалық психология кафедрасының профессоры, психол.ғ.д., Н.Қ. Ахтаева;

Абылайхан атындағы ҚАЗХЖ /Е ӘТУ. Педагогика және психология кафедрасының профессоры, п.ғ.д., С.А. Ұзақбаева.

Орманова З.Қ. – психология ғылымдарының кандидаты, доцент.

О-67 Этнопсихология: оқулық / З.Қ. Орманова. – Алматы: TechSmith, 2023. -240 бет.

ISBN 978-601-352-183-1

Оқулық «педагогика және психология» мамандықтары студенттеріне арналған және студенттерді қазіргі заманға сай азаматтық, тұлғааралық қарым-қатынастардың этникалық бірлестіктер негіздерімен таныстыру, студенттерде гуманистік көзқарас, психологиялық-педагогикалық творчестволық ойлау, коммуникативті хабардарлықтың дамуы арқылы тұлғалық потенциалын өздігінше жетілдіруге басымдылығын қалыптастырып, кәсіби дағдыларын игеруге көмектеседі.

Аталмыш оқулық «Педагогика-психология» мамандықтарының студенттеріне арналып ҚР МЖМБС-Жалпыға міндетті білім беру стандарты 05.04.019-2010 ж. негізінде құрастырылған.

Оқулық жоғары оқу орындарында оқытылатын практикалық психологияның типтік және оқу бағдарламасына негізделіп дайындалған.

ӘОЖ 159.9 (075)

КБЖ 88.1 я 7

ISBN 978-601-352-183-1

© Орманова З.Қ., 2023

© TechSmith, 2023

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз.....	6
1. Этнопсихология және оның ғылыми жүйесіндегі орны.....	10
1.1 Этнопсихологияның негізгі теориялық мәселелері.....	10
1.2 Этнопсихологияның мақсаттары мен міндеттері.....	15
1.3 Этнопсихологияның принциптері.....	18
2. Этнопсихологиялық білімдердің пәнаралық саласы, зерттеу әдістері мен категориялары.....	21
2.1 Этнопсихология білімдердің пәнаралық саласы ретінде.....	21
2.2 Этнопсихологияның әдістемелік негіздері мен зерттеу мәселелері.....	26
2.3 Этнопсихология негізгі категориялары.....	31
3. Этнопсихологияның пайда болу және қалыптасу тарихы.....	34
3.1 Этнопсихологиялық ой-пікірлердің ежелдегі дәуірде және шетелдік ғылымда дамуы.....	34
3.2 Этнопсихологиялық ой-пікірлердің Ресейде қалыптасуы.....	42
3.3 Этнопсихологиялық ой-пікірлердің Қазақстанда қалыптасуы мен дамуы.....	46
4. Ұлттық психология этнопсихологиялық феномен ретінде.....	66
4.1 Ұлт психологиясы – этнопсихологияның ретінде.....	66
4.2 Психология тұрғысындағы ұлттық психика және құрылымы, қалыптасу факторлары.....	69
4.3 Ұлттық мінез-құлықты қалыптастырудың өміршең мәселелері.....	73
5. Тұлғаны зерттеудің этнопсихологиялық мәселелері.....	78
5.1 Тұлғаның этностық сапаларын психологиялық талдау.....	78

5.2 Тұлғаның этноәлеуметтенуі және мәдениеттенуі.....	81
5.3 Ұлттық тәлім-тәрбие беру арқылы балалардың этностық өзіндік санасын, ұлттық тұлға ретінде қалыптасуын нығайту	89
5.4. Ұлттық психология тұрғысынан танымдық процестерді талдау	94
6. Ұлттық сана-сезім, ұлттық бағыт, таптуырындар және олардың этностық жаңсақ нанымдармен өзара байланысы.....	106
6.1 Ұлттық сана-сезім туралы жалпы түсінік.....	106
6.2 Ұлттық бағыт пен таптуырындар және олардың этностық жаңсақ нанымдары	110
6.3. Психология ғылымындағы этномәдениет мәселелері.....	117
7. Қарым-қатынастың этнопсихологиялық аспектілері.....	125
7.1 Қарым-қатынас – этнопсихологиялық феномен ретінде.....	125
7.2 Этнопсихологиялық қатынас аспектілері.....	130
7.3 Тұлғааралық, топаралық, ұлт және ұлттаралық қарым-қатынастар	138
8. Қазіргі заманғы этносаралық қатынастардың психологиясы.....	141
8.1 Қазіргі заманғы этнопсихология құрылымындағы этностық таптауырындар	141
8.2 Этностық сәйкестілік және оның трансформациялық мәселесі	144
8.3 Этнопсихологияның қолданбалы аспектілері.....	150
8.4 Этносаралық кикілжіндердің психологиясы.....	157
Практикалық (семинар) сабақтар жоспары	160
Студенттің өздік жұмысы аясындағы сабақтарының жоспары	168
Студенттің оқытушымен өздік жұмысы аясындағы сабақтарының жоспары.....	170

Білім алушылардың білімін мониторингілеуге және бақылауға арналған материалдар.....	172
Емтиханға дайындалуға арналған сұрақтар	219
Білім алушылардың өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру және басқаруға арналған материалдар	223
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	233
Глоссарий.....	238

АЛҒЫ СӨЗ

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына ұсынып отырған жолдауларына сай, тұлғанның ұлттық сана-сезімін қалыптастыру мәселесі бүгінгі таңда өзекті мәселе болып отыр. Ұлттық құндылықтарды құрметтейтін тұлғаны тәрбиелеу үшін оның ұлттық сана-сезімі қалыптасуының психологиялық механизмдерін анықтау бүгінгі күннің талабынан шығады. Кез келген ұлттық қоғамның қалыптасуында, олардың күнделікті өмір сүруінде субъективті, рухани элементтер ерекше орын алады. Олардың тіршілік жүйесінен, эмоциясынан, сезімінен дүниені, түсіну ерекшеліктері және ұлттық дамудағы идеялары мен құндылықтарында бейнелейтін белгілерін этностық қауымдастықта этностық психология деп атау қабылданған.

Бұл оқулық «психология», «педагогика-психология» мамандықтары студенттеріне арналған.

Болашақ мамандардың ұлттық кәсіби деңгейін арттыруда арнайы кәсіби біліммен қатар психологиялық білім берудің мәні зор.

Университет студенттеріне психологиялық білім беру арқылы жас маман ретінде психологиялық жағынан дайындау бүгінгі өмір талаптарымен тікелей байланысты. Модульдік оқыту технологиясының кредиттік жүйемен оқыту бойынша барлық психологиялық-педагогикалық мамандарға дәріс, практикалық, зертханалық сабақтармен қатар ОСӨЖ және СӨЖ тапсырмалары беріледі.

Бұл оқулықтағы дәрістерде психологиядағы ұлттық ғылыми жаңалықтардың кәсіби психолог мамандарды даярлауда алатын орнын аша отырып, әрбір болашақ маманның өзінің таңдаған кәсібіне сәйкес білімін толықтырып, жеке тұлғаға тән қасиеттерді, сапаларды, интеллетуалдық қабілеттілігін зерттеп білуді үйренеді.

Кез келген мемлекеттің стратегиялық мәселелерінің бірі – ол өсіп келе жатқан өскелең ұрпақты ел алдындағы міндеттерді өз бетінше шеше білуге қабілетті етіп тәрбиелеу.

Қазіргі ғылыми білімде адам және оның дамуымен байланысты мәселелер алдыңғы қатарға шығып отыр. Жан жақты дамыған тұлғаны қалыптастыру мемлекеттің алдында тұрған ең

басты міндеттердің бірі екендігін жоғарыда атап өттік. Еңбек өнімінің өсуі, білім беру мен денсаулық сақтау жүйесін жақсарту, осылардың барлығы адамға қатысты мәселелерді ғылыми зерттеуді талап етеді.

Өмір сүру барысында дамыған тұлғаның ерекшеліктері, меңгерген білімінің көлемі мен сипаты, қызығушылығы, адамгершілік қасиеті осылардың барлығы адамның белгілі бір жағдайларға еркін жауап қайтаруына, оның жағымсыз психикалық факторларға бейімделуіне белсенді және мақсатты түрде әсер етеді.

Біздің қоғамның болашағы болашақ педагогтарды, психологтарды,

өндіріс және ғылыми басшыларды және т.б. мамандарды тек қана сауаттылыққа ғана емес, сонымен қатар белсенділікке, алдына қойған мақсат-міндеттеріне қызығушылықпен қарауға тәрбиелеумен байланысты. Соның негізінде ұлттық тұлғалық позициясы белсенді, өзінің күшіне сенімді, орындалатын іс-әрекетке шығармашылықпен қарайтын тұлға қалыптасады. Әрине қатынастарда этнопсихологиялық білімдері дұрыс қалыптаспаған студенттерде осындай сапалардың көрініс беруі қиындайды немесе қалыптаспауы да мүмкін. Жоғары оқу орнындағы студенттердің қатынастарда этнопсихологиялық білім сапасын арттыру тұлғалық қасиеттерінің дамуымен тығыз байланысты. Оқу процесін меңгерту жеке тұлғалық қасиеттердің дамуын ұйымдастырумен көрінеді.

Бұл мәселені этнопсихология ғылымы тарапынан бүгінгі күн талабына сай шешу үшін қатынастарда этнопсихологиялық білім саласында жинақталған барлық құнды идеяларды зерттеп, пайдаланудың маңызы зор екені анық.

Жоғары оқу орындарында жеке адамның ұлттық психологиялық ерекшеліктері жайлы теориялар бірнеше кезеңдерден тұрады. Кеңестік және шетелдік психология ғылымдарының шеңберінде осы мәселелер, олардың байланыстары, құрылымдары мен қызметтері, факторлары зерттелген. Қазақстанның ғалымдары М. Мұқановтың, Қ.Ә.Алдамұратовтың Ж.Ы.Намазбаеваның, Қ.Жарықбаевтың, С.М.Жақыповтың, Р.Б.Каримованың О.Т.Аймағанбетованың, Б.Ә.Амированың және т.б. ғалымдардың еңбектерінде жазылған

жеке адамның ұлттық психологиялық ерекшеліктері жайлы көзқарастары тәжірибе үшін өте маңызды.

Демек, психологиялық теориялар тәжірибеде жеке адамның ұлттық дара психологиялық ерекшеліктері жайлы аз зерттелінбеген. Алайда, қазіргі кезде жоғары оқу орнында болашақ психолог-педагогтың ғылыми-әдістемелік танымдық әрекетін және әр халық пен тайпаның өзіне тән тыныс-тіршілігінен психологиялық ерекшеліктерінің жүйесін зерттейді. Сондай-ақ ұлттық мінез-құлықтық, халыққа тән жан дүниесінің өзгешеліктерін, дамуы, жетілуі мәселелерін толық қарастыру осы оқу құралын дайындауға себепші болды.

«Этнопсихология» курсы әр халық пен тайпаның өзіне тән тыныс-тіршілігінен туындайтын (тіл, дін, әдет-ғұрып, салт, дәстүр, миф, т.б.) психологиялық ерекшеліктерінің жүйесін зерттейді. Сондай-ақ ұлттық мінез-құлықтық, халыққа тән жан дүниесінің өзгешеліктерін қарастырады.

«Этнопсихология» пәнін оқытудың мақсаты: студенттерді қазіргі заманға сай азаматтық, тұлғааралық қарым-қатынастардың этникалық бірлестіктер негіздерімен таныстыру, студенттерде гуманистік көзқарас, психологиялық-педагогикалық творчестволық ойлау, коммуникативті хабардарлықтың дамуы арқылы тұлғалық потенциалын өздігінше жетілдіруге басымдылығын қалыптастыру.

«Этнопсихология» пәнінің барысында студенттер негізгі білімдерді меңгеріп, келесі маңызды іскерліктер мен дағдыларды иеленуі қажет:

-басқа ғылымдар жүйесінде этнопсихологияның ролі мен мәнін көрсету, оның объектісін, пәнін, негізгі түсініктері мен әдіснамалық позициясын анықтау;

-өте қажетті және терең зерттелмеген білім саласының тарихи даму жолын талдау;

-тұлғааралық және топаралық қарым-қатынастарда этнопсихологиялық білімдерін өзара әрекеттестік тәжірибесінде пайдалануға ынталандыру;

-қарым-қатынастың мәдени спецификалық және әмбебапты аспектілерін білуі;

-этникалық бірлестіктердің құрылымдық компоненттері мен қарым-қатынастың мәдени тәуелділігі.

- этнопсихологияның әдіснамалық негіздерін меңгеруі керек.

«Этнопсихология» пәнін студенттерге арналған оқулықтың құрылымы типтік бағдарлама, жұмыс бағдарламасы, негізгі бөлімдерде, дәріс сабақтарының мазмұнынан, практикалық сабақтардың жоспары мен орындалу кезіндегі тапсырмаларды басшылыққа алып қарастырдық.

Бұл оқулық студенттердің теориялық білімдерін, этнопсихологияның қазіргі ғылыми-теориялық негізін арттыруға, «Этнос» туралы ұғымды, этностардың туып, дамып қалыптасуын, этномәдениетінің ерекшеліктері мен оның әлемдік өркениетке ұштасуын теориялық тұрғыдан қалыптастырады.

Қазақстандағы этнопсихологиялық ойлардың даму тарихын меңгеріп, қазақтың салт-дәстүрлері мен әдег-ғұрыптарының психологиялық мәнін түсініп, этнопсихологиялық білімдерді өз бетінше толықтырып, адамның жеке- психологиялық ерекшеліктерін бағалау амалы мен жолдарын, психологиялық дайындықтарын нығайтуға көмектеседі.

«Этнопсихология» пәні жеке ғылыми психологиялық пән, ғылымдар жүйесінде ерекше орын алады және жеке адамның ұлттық психологиялық ерекшеліктерін меңгеруге көмектеседі. Пәннің оқыту объектісі ҚР мемлекеттік стандартының ережесіне сәйкес психологиялық білім беру болып табылады.

1. ЭТНОПСИХОЛОГИЯ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҒЫЛЫМИ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ОРНЫ

1.1 Этнопсихологияның негізгі теориялық мәселелері

Этнопсихология - [грек, ethnos - ру, тайпа, халық] - әлеуметтік және саяси психологияның құрамдас бөлігі; адамдар психикасының этникалық ерекшеліктерін, ұлттың мінез-құлқын, ұлттық сана-сезім қызметі мен заңдылықтарын, этникалық стереотиптерді зерттейтін ғылым бағыты. Ұлттық психологияның бастысы "ұлттық рух" деп қараған М.Лафарус пен Х.Штейнталь (1860) "халықтар психологиясы" мектебінен бастау алады.

XXғ. басында бұл идеяларды В.Вундт "халықтар психологиясында" жалғастырды. Қазіргі этнопсихология тақырыбы тұрғысынан да, әдістері жағынан да біртұтас емес. Онда бірнеше бағыттарды анықтауға болады:

а) жалпы және әлеуметтік психологиямен байланысты психофизиология, когнитивті процестер, жадында сақталған, көңіл-күй, сөздің этникалық ерекшеліктерін салыстырмалы зерттеу;

ә) этнографияның, фольклористиканың, өнертанудың бөлімдерімен байланысты символдық әлем мен халық мәдениетінің құндылықты бағдарларын мәдениеттанулық зерттеу;

б) топаралық қатынастарды, ұстанымдарды, стереотиптерді зерттейтін әлеуметтік және саяси психологиядан алынған әдістер мен түсініктемелерді пайдаланып, этникалық сана- сезімді зерттеу;

в) әлеуметтендірудің этникалық ерекшеліктерін зерттеу. Өйткені ұлттық мәдениет мәні мен этносты құрайтын индивидтер ерекшеліктері бір емес, мәдениеттанулық және психологиялық зерттеулердің арасында қашан да алшақтық болады.

Саяси психология этнопсихологияны зерттеудің біртұтас нысаны ретінде екі негізгі деңгейден тұратын ұлттық психологиялық қалпы болып табылады. Негізгі деңгейі - ұлттық сана-сезім қалыптасатын ұлттық мінез-құлық және оның саяси іс-әрекетінде көрініс табуы.

Этнопсихология - әрбір халықтың рухани әрекетінің (миф, фольклор, тіл, дәстүр, салт, әдет-ғұрып, дін, т.б.) жемісін сол халықтың психологиясын, сана-сезімін көрсететін негізгі өлшемдерін, әртүрлі этностық қауымдастыққа жататын адамдардың психологиялық өзіндік бейнеленуі туралы ғылым.

Этнопсихология жеке ғылым ретінде XIX ғасырдың орта шенінде Ресейде, кейінірек Батыс Еуропа елдерінде (Лацарус, Штейнталь, Вундт және т.б.) пайда болды.

«Этнос» гректің, — *ethnos* — тайпа, халық деген сөзінен шыққан. Ғылымда «халық» терминінің орнына «этнос» термині орынды қолданыла бастады. Бұл термин этностың негізгі тарихи түрі — «тайпа», «құлыс» (народность), «ұлт» ұғымын түгел қамтиды.

Этнопсихологияның объектісі этностық бірлік, сонымен бірге қоғамдық сананың бір формасы ретіндегі қоғамдық психологияны зерттеу болып табылады. Қоғамдық психология психикалық процестер, психикалық қасиеттер және психикалық күйлерді анықтайтын этностық бірліктің реттелген жиынтығын көрсетеді.

Этнопсихологияның зерттеу әдістері: этнопсихологиялық және психологиялық әдебиеттерді талдау; тұлғаның жекелік-этностық бітістерін зерттеуге бағытталған әдістер; халықтар өмір бейнесі мен мәдениеттерінің объективті элементтерін зерттеуге бағытталған әдістер; ұжымдық мінез-құлық пен қарым-қатынасын зерттеуге бағытталған әдістер.

Этнопсихология ғылым ретінде «ұзақ өткен тарихы мен өте қысқа тарихы бар». Ол өзінің даму жолын ежелгі өркениеттегі жазу ескерткіштерінен, антикалық ойшылдардың пікірлерінен, 17, 18, 19 ғ. басындағы ағартушылардың географиялық детерминизм теориясы, ұлттық мінез-құлықты зерттеуден бастады.

XIX ғ. екінші жартысында этнопсихологиялық ойлардың дамуында ұлттық этнопсихология мәселелерінің тарихы мен әдіснамасының жана өңделуіне байланысты жаңа өзгерісті кезең басталды. Осы кезеңнен бастап, этнопсихология өзінің объектісін, зерттеу пәнін, міндеттерін, әдіснамасын анықтайтын дербес ғылыми пән статусын алды.

XIX ғ. 90 жылдары этнопсихологияда сол заманғы шетел этнопсихологиясының негізіндегі «Боастың тарихи мектебі» және «Мәдениет және тұлға» жаңа бағыттары қалыптасты.

Қазіргі уақыттағы шетел этнопсихологиясы – дербес ғылым, ол үш тармақтың дамуына детерминацияланған – психологиялық антропология, кросс-мәдени психология және этносаралық қатынас психологиясы.

Ресей этнопсихологиясы өзінің дамуын 1848 ж. «психикалық этнографияның» құрылуынан бастайды. Оның дамуындағы өзгерісті кезеңі соңғы славиянофильдер мен орыс философтарының зерттеулері болып табылады. Этнопсихология дамуының кеңестік кезеңі «типтік ұжымдық әсерлену» мен мәдени-тарихи теориялық түсініктерімен анықталады.

Қазіргі кездегі даму кезеңінде «қоғамдық ұлттық мәселелерге қызығушылықтар туған кезде», ресейлік этнопсихология – алдына міндет қойған бірден бір ғылым болып табылады. Қазіргі уақытта Ресейде күрделі этносаралық қатынастар өзінің дамуын «Этносаралық қатынастар психологиясынан» алады.

Қазақ этнопсихологиясының ғылым ретінде дамуы алғашқы қазақ ғалымдары мен ағартушыларының есімімен байланысты. Ұлттық психология мәселелері XX ғасырдың басындағы қазақ ойшылдары мен қайраткерлерінің шығармаларында қарастырылған. Қазіргі кездегі қазақ этнопсихологиясының дамуы ұлттық психология, этнопсихология дамуының тарихи-этностық аспектілерінің зерттеуімен байланысты.

Көптеген жылдар бойы біздің елімізде ұлттар арасындағы айырмашылықтар туралы мәселелер қарастырылмады. Елімізде болып жатқан өзгерістер аймақтардағы ұлтаралық байланыстарды қайта қарауға әкеліп соқты. Елдегі ұлттық саясат тек ұлт пен ұлттық қатынастардың дамуында объективті процестердің этнопсихологиялық зерттелуі мен кешенді теорияларды ұйымдастырудың жаңа көз-қарастары арқасында, сонымен қатар теория мен тәжірибенің өткен жылдардың таптауырыны мен догмалылығынан (өзгермейтін) шыққанда ғана жеке ұлттық мәселелерді әлемдік тәжірибе тұрғысынан шешу негізінде жүзеге асырылады. Қазіргі кезде этнопсихологиялық феномендердің, механизмдердің және олардың көріну мазмұны мен адамдардың ұлттық психологиялық ерекшеліктерін негізге алу теориялық және әдіснамалық мәселелерді өңдеуде үлкен орын алады.

Этнопсихология–адам психикасының ұлттық ерекшеліктерін қарастыратын, әлеуметтік психология, социология және этнография ғылымдарының сабақтасуынан пайда болған жеке дара ғылым. Ұлттың қазіргі заманғы теориясы мен әлеуметтану ғылымының зерттеушілері спецификалық бітістер қандай да бір этностық қауымдастық өкілінің мінез-құлқы мен іс-әрекетінде көрінетіндігін айтады.

Әлеуметтік психология адамдар психологиясының ұлттық ерекшеліктерін қарастырады. Г.М.Андрееваның көрсетуінше, «әлеуметтік психология үшін маңызды фактор индивидтің өзін этнос мүшесі ретінде сезінуі болып табылады. Себебі, сол арқылы біз жеке адамның қалыптасатын микроортасы жайлы ақпарат аламыз», - дейді.

Этнопсихология - этнопедагогикамен, этнографиямен тығыз байланысты.

Этнопедагогика – нақтылы ұлттардың дәстүрлі оқыту мен тәрбиелеу құралдарын; әр халықтың оқыту мен тәрбиелеу ерекшеліктерін салыстыратын педагогика ғылымының бір саласы.

Этнография әр түрлі этностардың салттарын, болмыстарын, отбасындағы өзара қатынастарын, құндылық бағдарын және психологиялық сипаттарын қарастырады. Бірақ этнография әсер ету механизмдерін ашып бере аламайды.

Этнопсихология дербес ғылым ретінде өзінің түсініктік категорияларын бөліп көрсетеді. Оларды екі қатарға бөлуге болады:

Бірінші қатар - өмір сүру мен (существование) байланысты түсініктер, олар: этнос (ұлт) -- этностық өмір сүру жүйесі -- этностық қызығушылықтар -- этностық психология -- тұлға.

Екінші қатар -- іс-әрекет категориясы : мәдениет -- этностық дәстүрлер -- қарым-қатынас -- этностық бейнелер -- этностық экология.

Осыған орай, этнопсихология – адамдардың этностық қауымдастық немесе ұлттың өкілі ретінде өзін сезінумен байланысты мінез-құлықтары мен психикасында көрінетін ерекшеліктерді қарастыратын психология ғылымының бір саласы.

Ұлттық психологияның ерекшеліктерін түсіндірудің әдістемелік негізінің бірі – оның табиғатын және жалпы адамгершілік, таптық-әлеуметтік, ұлттық арақатынасын ажырата білу. Ұлттардың рухани бейнесінің екі жағы бар : идеологиялық және психологиялық .

Оның идеологиялық жағына әдебиет, өнер,ғылым, философия, дін т.б., психологиялық жағына психология, ұлттық сезім, таным, әдет-ғұрыптар, ұлттық сана т.б. жатады. Бұл екі жағы диалектикалық бір-бірімен тығыз байланысты.

Л.Н.Гумилев этносты оның өзіне тән әлеуметтік және табиғи бірліктерімен қарастыру қажеттігін көрсетеді. Этностың бұрақты жүйесі оның сандық көрсеткішімен және атадан балаға тура таралуымен , сонымен қатар өзара байланыстылығымен анықталады, дейді. Әр ұлттың құрылымы жекелеген адамдардан, белгілі тұлғалардан құралады. Ұлтты осы тұлға тұрғысынан зерттеуіміздің мәні де осында .

Ал, Л.С.Выготский жеке адамның эмоционалдық өрісінің дамуын көрсетуде өнер мен мәдениет жеке адамның қайта құралуындағы негізгі құрал екендігін айтып: «Өнер адамның аффектілік өрісін өзгертіп, оның мінез-құлықтық дамуында, әлеуметтенуінде келесі роль атқарады», - деген .

Сонымен қатар сезімнің де қоғамдағы жалпылануы өнер мен мәдениет негізінде болатынын анықтаймыз. Бір ұлттың өкілі, өзіндік ұлт өнерімен, әдебиетімен, салт-дәстүрімен толысуда, оны білуге өз бойына жаңа мінез-құлық, мінез-құлық таптауының дарығатын, өзінің адамзаттық мотивациялық өрісін кеңейтеді.

Л.С.Выготский өнер мен адам арасындағы механизм қажығысын ашуда автордың эстетикалық реакциясымен оқырман арасындағы байланысын көрсеткен. Сезім, алдымен, дара көріністерін эмоционалдық қалпы, ол өнер арқылы қоғамда жалпыланады.

Халық психологиясын зерттеуге ерекше мән беру қажеттігін неміс әлеуметтік психологы Вильгельм Вундт «Халық психологиясы» (1920) еңбегінде баса көрсетті. Ол халық психологиясынң көрінуін тілден, салт-дәстүрден, аңыздардан анықтау қажеттігін айтты.

С.А.Арутюновтың айтуынша, «этностық өзгешеліктер, олардың киген киімінен, ішкен тамағынан, тұрыстары мен

отырыстарынан байқалады». Расында, қазақтардың малдасын құрып отырулары; шешен халықтарының кең маңдайлы қалпақ киюлері; жапон халықтарының жүрістеріндегі аяқ басуларының жиілігі, т.с.с.

Қазақстанда ұлттық психологияның ғылыми-теориялық тұжырымдарын М.Жұмабаев, А.Құнанбаев, Т.Тәжібаев, С.Балаубаев еңбектерінен көруге болады. Ұлттық психологиядағы танымдық ерекшеліктеріді 60-70жылдары М.Мұқанов тәжірибелік тұрғыда зерттеген. Ол өзінің тәжірибелерінде адамның ақылының генезисінің тарихи-этникалық жақтарын көрсеткен. Әр ұлттың өзіндік режі бірнеше ұлттардың

1.2 Этнопсихологияның мақсаттары мен міндеттері

Этнопсихологияның негізгі мақсаты ғылым ретінде белгілі бір этнос өкілдерінің психологиялық ерекшеліктерін зерттеу және нақты этностық топқа, жеке тұлғаға қатысты этнопсихологиялық мәселелерді зерттеу. Зерттеу мақсаты мәселелерді талдаудың екі аспектісін: теориялық және қолданбалы жағын қарастырады.

Қазіргі кездегі этнопсихологияның теориялық міндеттері:

1. Этнопсихологияның негізгі және нақты ұғымдарын таңдау. Олар оның негізгі қасиеттері мен қарым-қатынастарын кескіндеуге бейімделген.

2. Халықтың этнопсихологиялық ерекшеліктерін құру көздерін негізгі факторларын теориялық танып білу және меңгеру.

3. Жекедара-тұлғалық және топтық дәрежеде ұлттық өзіндік сана мәселелерінің өзектілігі.

4. Этностың идентификациясының мен жеке тұлғалық топтық дәрежеде құрылу және даму ерекшеліктерін танып білу.

5. Этностар арасындағы қабылдау, этностар арасындағы ынталарды этностар арасындағы келісім дамуының әлеуметтік – психологиялық мәселелерін теориялық танып білу.

Этнопсихологияның қолданбалы міндеттері:

1. Ұлттық психология және психологиялық мінездемелерді құруын анықтау мақсатымен әртүрлі халықтардың этнопсихологиялық ерекшеліктерін салыстырмалы танып білу.

2. Олардың тұрмыс-тіршілігінің әлеуметтік-психологиялық шарттарын салыстырмалы зерттеу қалыптасқан ұлтаралық қарым-қатынас спецификасы, сонымен қатар ұлттар арасындағы экономикалық, әлеуметтік және саяси қызметтесудің әртүрлі формалары.

3. Этностар арасындағы өзара әрекеттесудің әлеуметтік-психологиялық мәселелерін эмпирикалық танып білу. Сонымен қатар этностар арасындағы қабылдау ерекшеліктерін және этноцентризм және этностық интолеранттылық көріністерін зерттеу.

4. Практикалық нұсқамаларды құру. Олар этностар арасындағы өзара әрекеттесуді іске асыру және тереңдетуді қабілеттендіреді, ұлттар арасындағы экономикалық мәдени, саяси қызметтесуінің әртүрлі формаларын дамытуға бағытталған.

5. Этностар арасындағы сәтті өзара әрекеттесудің психологиялық тренингі бағдарламасын құру және тұлғаның этнопсихологиялық түзету әдістерін жүргізу.

6. Әлеуметтік-саяси, ұлттық және ұлтаралық процестердің әрі қарай дамуының психологиялық болжаны.

Әрине, этнопсихологиялық негізгі теориялық және қолданбалы міндеттерінің шеңбері тек жоғарыда көрсетілгенмен ғана шектелмейді.

Этнопсихологияның ғылыми-зерттеу бөлімі төмендегідей *міндеттерді* атқарады :

- Нақтылы этностық қауымдастық өкілінің ұлттық психологиялық ерекшеліктері – нің қалыптасу факторлары мен негізін жан-жақты мағыналау мен жалпылау.

- Қандай да бір ұлт өкілінің ұлттық психикасының мотивациялық өрісін зерттеу мақсатында адамдардың өнімді іс-әрекетінің көрсеткіші болатын іскерлікті, ынта-жігерді қарастыру.

- Нақтылы ұлт өкілінің ұлттық сипаты ретінде зерделік-танымдық белсенділіктің еңбек іс-әрекетінде, логиканың тереңдігінде, жалпылай білу тереңдігі, ойлау операцияларының жылдамдығы мен зерделілік үрдісті ұйымдастыруда, қабылдау тереңдігінде, зейіннің тұрақтылығы мен шоғырлануында және т.б. көрінуін зерттеу.

• Ұлттық сезімдердің өту заңдылықтарын анықтау мен талдау, эмоционалдық өмірдің констатациялық (нақтылайтын) заңдылығының мақсаты мен эмоциялардың көріну ерекшелігін бақылауды ұйымдастыру.

• Қандай да бір ұлттық мінезінде маңызды қызмет атқаратын ұлттық бағыттың ерік-белсенділігіне әсерін анықтау.

• Тапта, ұжымда адамдардың өзара қарым-қатынасы мен іс-әрекеттерінде маңызды роль атқаратын коммуникативтік өрісті зерттеу.

• Ұлттардың психологиялық сипаттарын құрайтын заңдылықтарды анықтау мақсатында әр түрлі халықтардың ұлттық психологиялық ерекшеліктерін салыстыру.

• Таптардың, қоғамдық топтардың ерекшелік бітіс, сипаттарының даму мен заңдылықтарын жалпылау үшін анықтау.

• Ұлттар арасында экономикалық, мәдени және саяси бірігу формасы мен елдің әр аймағындағы ұлтаралық қатынастардағы ұлт психологиясын жан-жақты қарастыру.

Этнопсихология ғылымының міндеттерін жүзеге асыру бірнеше жолдар арқылы жүреді :

-біздің елде және шет елде осы ғылым саласының теориялық және методологиялық мәселелері жан-жақты жоспарланып қарастырылады;

-зерттеу аймағы ретінде көп ұлтты еліміздің өкілдерінің ұлттық психологиялық ерекшеліктерін негізге алуға болады.

Этнопсихология басқа ғылымдармен байланысты болғандықтан, солардың төңірегіндегі мәселелерді де ашуға болады. Олар: қарым-қатынас, өзара әрекет және т.б. Сонымен қатар этнопсихология әр түрлі ұлт өкілдерінің қарым-қатынас процесінде көрінетін адагершілік, эстетикалық құндылықтарының, яғни, жеке адам аралық қарым-қатынастары мен мәдениетінің қалыптасуында маңызды роль атқарады. Қазіргі кезде этнопсихологияның мәні мен ролінің маңызы артып отыр.

Сонымен, этнопсихология-ұлттық қажеттіліктермен, қызығушылықтармен, құндылық бағдарларымен анықталатын адамдардың ұлттық психологиялық ерекшеліктерінің заңдылықтарын қарастыратын ғылым.

«Туран-Астана» университеті

17

КІТАПХАНА

Инв.№

67814

1.3 Этнопсихологияның принциптері

Ғылыми әдебиеттерде принциптер астарында нәтижелі теориялық ережелер жатыр. Олар нақты әлеуметтік, әлеуметтік-психологиялық және этнопсихологиялық зерттеулер жүргізгенде әдіснамалық функциялар атқарады.

Этнопсихологияда принциптер барлық психикалық процестер, қасиеттер, этностық ұйымның күйлерін түсіндіруге жалпы әдіс-амалдарды анықтайды.

Олар функциялану, заңдылығын ашуға, қоғамдық психологияның құрылу және даму заңдылықтарын ашуға бағытталған. Этнопсихологиялық зерттеу принциптері мәселелерін өңдеуде Б.Ф. Поршнев үлкен үлес қосты. Ол «Әлеуметтік-этностық психология» атты еңбегінде негізгі принциптерді анықтады. Ол психологияның барлық негізгі принциптері, сана сезім және іс-әрекетке байланысты принциптер, даму принципі, бірігу принциптері бүтіндей аппаратқа және этностық психологияға кіру керек.

Этнопсихологияның осы ғылыми-теориялық қорын ескере отырып, әдіснамалық қағидаларын төмендегідей жүйелеуге болады:

Принциптердің ішіндегі ең негізі – детерминизм принципі. Онда әр әрекетте өзара әрекеттесу бар «сыртқы себептер ішкі шарттар салдары арқылы әсер етеді».

Детерминизм принципі – ұлттың рухтың көрінуіне, дамуына оның географиялық, аумақтық, климаттық және әлеуметтік жағдайлардың әсер ететіндігін көрсетеді. Бұл феноменді түсіну үшін, ұлттың спецификалық пайда болуының себептерін білу керек.

Ол этнопсихологиялық көріністердің әлеуметтік және басқа да факторлармен негіздену себебін ашып көрсетеді. Бұл дегеніміз біріншіден этностық ұйымның құрылуы өмірлік бейнелердің атан айтар, экономиканың, мәдениеттің ғылыми-техникалық прогресстің, халықтың саяси және идеологиялық өмірі әсерінен жүреді.

Екіншісі – ғылым психологияда этностың ұйым өміріне жату бейнесі және өмір бейнесіне соңғысының әсері, қажеттіліктер мен қондырғылар арқылы іске асады. Сондықтан, нақты

этнопсихологиялық көріністі зерттеу үшін, біріншіден олардың пайда болуының ұлттық психологиялық себептері мен шарттарын түсіну қажет.

Сана-сезім мен іс-әрекет бірігу принципі. Ол этнопсихологияны іс-әрекет түрі заңдылығына байланысты этнопсихологиялық феномендердің көріну заңдылығын дұрыс түсіндірумен қаруландырады. Сана мен іс-әрекеттің бірлігі принципі – этнопсихологиялық феномендердің ұлт өкілінің іс-әрекеті түріне байланысты екендігін және сол әрекеттің ұлттық сана-сезіммен байланыстылығын көрсетеді.

Б.Ф. Поршневтің пікірі бойынша тарихи принцип этнопсихологияның тап-түбір принципімен танылған. Ол психикалық процесстердің ғылыми психологияның этностың ұйым күйінің терең өзгерімділігін білдіреді. Берілген пікірлерді көптеген зерттеулер ұстанады. Тарихи принцип ғылыми психологияның этностық ұйымы генезисіне еруге көмектеседі және оның даму заңдылығын ашуға және оның өзгеру тенденциясын көруге мүмкіндік береді.

Тарихи және онтогенездік принцип бірлігі ол сөйлеу, вербаольді қарым-қатынас негізінде іске асынылады.

Тұлға тұрғысынан қарау принципі біріншіден нақты тұлға, екіншіден этностық ұйымның нақты өкілі, оларға сезіну, ойлау, бағалы бағыт алу тән. Бұл принцип әр адам психологиясында тұлғаның және ұлттық ерекшелік байқалады.

Тұлғалық тұрғыдан қарау принципі – этнопсихологиялық құбылыстарда өзінің құндылықтары, сезімдері, мен ойлары бар тұлғаны негізге алып қарастыруды талап етеді.

Гносеологиялық принцип – ұлттың өзіндік болмысын тану тұқымқуалаушық негізді ұрпақтан ұрпаққа таралуына, сонымен қатар экономикалық, саяси, әлеуметтік және мәдени факторлардың әсер етуіне байланысты дегенді білдіреді.

Сонымен қатар этнографиялық факторларды зерттеу принципі ескеру қажет. Ол әлеуметтік-таптық, тарихи ерекшеліктерді нақтылы тарихи тұрғыдан қарастыруды көздейді.

«Біз» және «Олар» ұғымдарының бірлік принципі – елдердің егемендік алып, бұрын басқа елді мекендердің өз Отандарына оралуындағы өзіндік-психологиялық ерекшеліктерді ескеруді талап етеді.

Этнопсихологияның өзіндік құбылыстар мен процестер туралы ұғымдар жиынтығы бар. Негізгі эмпирикалық ұғымдар қатарына «құлттық мінез», «құлттық сана-сезім», «құлттық психология», «құлттық бағыт», «құлттық таптауырындар», «этностық жансақ нанымдар» жатады.

Сана-сезім мен іс-әрекет бірігу принципі. Ол этнопсихологияны іс-әрекет түрі заңдылығына байланысты этнопсихологиялық феномендердің көріну заңдылығын дұрыс түсіндірумен қаруландырады.

Поршнева Б.Ф. пікірі бойынша тарихи принцип этнопсихологияның тап-түбір принципімен тағылған. Ол психикалық процесстердің ғылыми психологияның этностың ұйым күйінің терең өзгермелілігін білдіреді. Берілген пікірлерді көптеген зерттеулер ұстанады. Тарихи принцип ғылыми психологияның этностық ұйымы генезисіне еруге көмектеседі және оның даму заңдылығын ашуға және оның өзгеру тенденциясын көруге мүмкіндік береді.

Тарихи және онтогенездік принцип бірлігі ол сөйлеу, вербаольді қарым-қатынас негізінде іске асынылады.

Тұлға тұрғысынан қарау принципі біріншіден нақты тұлға, екіншіден этностық ұйымның нақты өкілі, оларға сезіну, ойлау, бағалы бағыт алу тән.

Қайталау және бекітуге арналған сұрақтар:

1. Этнопсихология ғылымының қалыптасуына сипаттама беріңіз

2. Қазіргі кездегі психологиялық білімдердің маңызы мен ролінің өсуі неге байланысты?

3. Этнопсихология пәніне ғылым ретінде анықтама беріңіз.

4. Этнопсихология ғылымының мақсаты мен міндеті не?

2. ЭТНОПСИХОЛОГИЯ БІЛІМДЕРДІҢ ПӘНАРАЛЫҚ САЛАСЫ ЗЕРТТЕУ, ӘДІСТЕРІ МЕН КАТЕГОРИЯЛАРЫ

2.1 Этнопсихология білімдердің пәнаралық саласы ретінде

Этнопсихология ең тығыз бейнеде этнологиямен және этнографиямен байланысты. Этнология этнопсихологияның бір саласы болып табылады. Бұл ғылымдардың ұқсастығы сонша көп авторлар этнопсихологияны этнологияның бір бөлімі деп есептейді. Бұл ғылымдарға ортақ болып зерттеу объектісі – халықтар олардың генезисі, дамуы, өзара әсері т.б. табылады.

Этнология (грек. *ethos* – тайпа, халық және *logos* – ғылым, ілім, сөз) – қоғамдық ғылымдардың тайпалар мен халықтарды зерттейтін саласы. Этнология қазіргі халықтарды және ертеде өмір сүрген көне этностық топтардың шығу тегін, ру-тайпалық құрамын, қонысын, олардың өзіндік ерекшеліктері мен бәріне бірдей ортақ жайларды, тарихи және мәдени қарым-қатынастарын, күнделікті тұрмысын, кәсібін, қоғамдық және отбасылық қарым-қатынастарын, рухани мәдениетін жан-жақты ғыл. негізде зерттейді (қ. Тарихи этнография). Өткен өмір мағлұматтарын соңғы деректермен салыстыра зерттеп, этнолог халық тұрмысы мен мәдениетінің тарихи даму үрдісін анықтайды. Халық өмірінің өткен кезеңдерінің ең көне дәуірі палеоэтнология деп аталады. Мыс., халықтардың шығу тегін зерттеуде Этнология үнемі археол. деректерге сүйенсе, археология өзінің зерттеу жұмыстарында археол. ескерткіштердің қандай этн. топтарға жағатындығын анықтау барысында әр дайым этнол. деректерді кенінен пайдаланады. Мәдениет және өнер тарихын, халықтың көркем-өнері мен ауыз әдебиетін зерттеу және халықтың дәстүрлі шаруашылығы мен кәсібін зерттеу Этнологияны толықтыра түседі. Халықтардың тілдеріндегі жақындықты зерттеу лингвистика мен этнология мүдделерін жақындата түседі. Халықтар мен табиғи органның әсерін, қоныстану үлгілерін және этнокартографияны зерттеу ісі. Этнологияны географиямен және дүние жүзі халықтарының санын есептеуге арналған демография пәнімен байланыстырады. Сондай-ақ халықтардың шығу тегін және алғашқы қауымдық

құрылыс тарихын зерттеуде антропология ғылымы этнологиямен ұштасып, этноантропология саласын қалыптастырды.

Этнология жоғарыда көрсетілген ғылым салаларымен тығыз байланыса отырып, ғылым үшін де, күнделікті тәжірибе үшін де аса маңызды көптеген сауалдарды шешеді. Мысалы, жеке елдер мен бүкіл дүние жүзі халықтарының этнология құрамын және халықтың шығу тегі мен этнологиялық тарихын, артта қалған халықтарда сақталған көне дәстүрлер қалдықтарының негізінде алғашқы қауымдық құрылыстағы қоғамдық өмір мен мәдениеттің қандай болғандығына ғылыми талдау жасайды. Этнология термині шетелдік тарихнамада кеңінен қолданылғанымен, кеңестік тарихнамада мүлдем пайдаланылмады. Себебі, мұнда этнологияға бірегейлік сипат берілмей, оны этнография деп атады да, бұл ғылымды тарих ғылымдарының бір саласы ретінде ғана қарастырып келді. КСРО ыдырай бастаған кезде ғана этнология термині этнографияны ығыстырып шығарды. Сөйтіп, оның халықты танып білудегі рөлі нақтыланды. Этнология атауы этнос терминіне байланысты қалыптасқан. Антиқ. заманда эллиндіктер “этнос” терминін грек емес халықтарға қолданған болатын. Этнология термині 19 ғ-ға дейін кеңінен қолданыла қойған жоқ. Тек кей жағдайлардағы этнографиялық үрдістер мен құбылыстарды баяндау кезінде ғана қолданысқа еніп отырды. Антропология ғылымдардың жалпы классификациясын жасап, оның ішінде этнологины бөліп, 1830 ж. алғаш рет көрсеткен француз ғалымы Жан Жак Ампер еді. Осыдан кейін еуропа ғылымында жұртшылық осы терминді кеңінен қолдана бастады. Этнология ғылымының дербес пән ретінде ресми түрде қалыптасуы Париж этнологтары қоғамының құрылуынан (1839) басталады. Бұл оқиға пән және оның қоғамдық ғылымдардағы орны туралы қызу ғылыми-теориялық пікір-сайыстар туғызды. Кейбір мәселелерге қатысты сан алуан көзқарастар болғанымен, қазіргі таңда этнологияның орны, пәні мен зерттеу әдістері, міндеттері, т.б. айқындалған. Алғашқыда этнология дамуы артта қалған, жазуы мен мемлекеттілігі болмаған халықтарды зерттеумен айналысып, бұл үрдіс 20 ғ-дың бас кезіне дейін созылды. Кейіннен түрлі саяси және экономикалық мүдделерге сай ғылымның ауқымы кеңейіп, бүгінгі күнге дейінгі мәселелер қарастырыла беретін болды. Жаңа тарихи жағдайларға

байланысты қазіргі уақытта этнология күрделі де сан салалы тармақтардан тұратын іргелі ғылымға айналды. Оған этнологиялық антропология, этнологиялық социология, этнологиялық психология, экономика, этнология, этнодемография, этногеография, этнопедагогика сынды бірнеше бөлімдер кіреді. Қазақстанда этнологиялық ізденістердің дамуы ілкі замандардан бастау алған. Ерте темір дәуірінен басталған мол этнологиялық материалдар ғасырлар бойы жинақтала берді. Қазақтар туралы нақтылы этнологиялық деректерді патшалық Ресей тұсында Қазақстанға келген орыс шенеуніктері жинастырды. Әсіресе, бұл салада П.С. Паллас, И.Г. Георги, И.П. Фальк, И.Г. Андреев, А.Левшин сынды зерттеушілердің еңбектері зор.

19 ғ-дың 2-жартысында қазақ этнологиясына елеулі үлес қосқандар Ы.Алтынсарин, Ш.Уәлиханов, М.Бабажанов болды.

19 ғ-дың соңы мен 20 ғ-дың бас кезінде қазақ этнологиясына Н.Гродеков, Н.Аристов, Ә.Диваев, Г.Н. Потанин, Шәкерім, І.Қостанаев, т.б. елеулі үлес қосты.

20 ғ-дың 20-жылдарының соңында С.И. Руденко бастаған ғылыми экспедиция құрылып, оның құрамында Ә.Х. Марғұлан жұмыс істеді. Бұл экспедиция “Қазақтар” деген атпен бірнеше жинақтар шығарды. 1946 жылы Қазақстанға құрамында Тарих және этнология институты ашылғаннан кейін ел арасынан дерек көздерін жинастыру, ғылыми талдау жүргізу жұмыстары жолға қойылды. Жинақталған мағлұматтар негізінде қазақ халқын этнологиялық тұрғыда зерттеу тарихы (Е.Масанов), ру-тайпалық құрамы (В.Востров, М.Мұқанов, Х.Арғынбаев), ұлттық киімдері (И.Захарова,

Р.Ходжаева), басқа өңірлердегі қазақтардың тұрмысы (У.Шалекенов), неке және отбасы, ұлттық қолөнер (С.Қасиманов), ұлттық тағамдар, т.б. көптеген тақырыптар төңірегінде көлемді зерттеулер жүргізілді. Қазақстан өз тәуелсіздігін алғаннан кейін республикада этнологиялық ізденістер тарихи шындық тұрғысынан түзіле бастады. Республиканың түкпір-түкпірлерінде ғылыми ошақтар өркендеп, бірқатар зерттеушілер (Ә.Төлеубаев, С.Әжіғали, Ж.Артықбаев, Ш.Токтабаева т.б.) этнологиялық мәселелерді жаңа қырынан қарастыруда ғалымдар мемлекеттік “Мәдени мұра” бағдарламасы бойынша да тың зерттеулер жүргізіп келеді.

Этнография, этнология (гр. *ethnos* – тайпа, халық, *grapho* – жазу) – қоғамдық ғылымның тайпалар мен халықтарды зерттейтін саласы. Этнография қазіргі халықтарды және ертеде өмір сүрген көне этностық топтардың шығу тегін, ру-тайпалық құрамын, қонысын, олардың өзіндік ерекшеліктерін зерттейді.

Этнография – халықтар туралы сипаттайтын ғылым. СССР де «этнография» термині қабылданған. Ол эмперикалық сияқты, халықтар туралы ғылымның теоретикалық бір бөлігі ретінде енгізілген.

Этнография – халықтың сан ғасырлар бойы жинақтаған мәдениеті, рухы, жігері, намысы. Халқымыз сан ғасырлар бойы салт-дәстүр, әдет-ғұрып, ырым-тиымдарды ұстана отырып тұрмыс-тіршілігін түзеді. Алаш зиялысы Әлихан Бөкейханов «қазақтың діннен кейінгі ең күшті құралы салт-дәстүрі» деген. Ұлттық этнографияның мән-маңызы жоғары таным-тағылымдарын талмай зерттеп келе жатқан жазушы Сейіт Кенжеахметов «салт-дәстүр қазіргі таңда мерекелік, сахналық көрініске айналып барады, мен содан қорқамын» дейді. Ендеше, халық күнделікті тұрмысында тұтынатын осындай жобалар арқылы насихат жүргізілгені құба құп.

Этнография тек ескінің көзі болып қалмайды ұлттық болмысымыз салт-дәстүр, әдет-ғұрыптар жаңғырып, жаңа сатыда дамиды; - Халықтың бойындағы толеранттылық, ұлттық сана нығаяды; - Мемлекеттік тілдің мәртебесі көтеріледі;

Этнос, этникалық қауымдастық - [грек, *ethnos* - тайпа, халық] - бір халықты екіншісінен ажыратуға мүмкіндік беретін ортақ белгілері бар қауымдастық. "Этнос" ұғымы әлі күнге бірыңғай түсінілмейді. Кең мағынада, "этнос" ұғымын көпшілік зерттеушілер барлық дәрежедегі этникалық жүйелер жиынтығы ретінде түсіндіру қалыптасқан (тайпа, халық, ұлт және т.б.). Алайда, кейбіреулер (Л. Н. Гумилевтан кейін) оны негізгі жүйе ретінде қарастырады (субэтностар, суперэтностармен қатар және т.б.).

Тар мағынада алғашқылардың бірі болып "этнос" ұғымына анықтама берген М. Вебер: "Этнос - мүшелері сыртқы бейнелерінің, әдет-ғұрыптарының ұқсастықтарына қарай немесе ортақ отаршылық не көші-қонды басынан өткерген тағдырлас тарихына қарай өздерінің шығу тектерінің бір екендігіне сенетін

топ". Бұдан кейін де көптеген зерттеушілер этносқа аумақ, тіл, дін ортақтығының негізінде өзінше анықтама беруге тырысты.

Алайда, Л. Н. Гумилевтің пікірінше, аталған белгілердің бірде-бірі жалпыға бірдей, кез келген этносқа қолданыла бермейді, мұнымен бірқатар зерттеушілер келісті.

Этнос ең алдымен, мәденитілдік қауымдастық. Этностың пайда болуында аумақ және әлеуметтік қарым-қатынас тілінің ортақтығы шешуші фактор болып табылады. Саяси кеңістіктің ортақтығы мен халықтың әлеуметтік және шаруашылық әдістерінің ортақтығы да маңызды рөл атқаратыны сөзсіз.

Этникалық ұйысудың басты тетігі салт-дәстүр, әдет-ғұрып түрінде мұраға қалатын мәдениет болып табылады. Этникалық қауымдастық мағынасындағы этнос ретінде көбіне бірнәрсеге айтауы, ортақ мәдениет элементтері бар, тағдарлас тарихы бар, ерекше географиялық ортадағы топтық ынтымақтастық танытатын адамдар тобын атауға болады.

Алайда: этнопсихологияның өзінің ерекше зерттеу пәні бар: бұл — халықтардың психологиялық ерекшеліктері — олардың психологиялық қоймасы, мінез-құлқы, өзіндік санасы, және басқа құбылыстардың бірқатары. Сондықтан да этнопсихология өзінің этнологиямен тығыз байланысына қарамастан, ерекше психологиялық ғылым болып табылады. Ол өз табиғатында білімнің пәнаралық аумағы, жалпы және әлеуметтік психологияға, антропологияға, лингвистикаға, тарихқа және т.б. ғылымдарға сүйенеді.

Әлеуметтік психологияның негізін қалаушылар Лацарус пен Штейнталь өздерінің алғашқы «Халықтар психологиясы және тіл білімі» журналында жарияланған мақалаларында — ақ этнопсихологиялық мәселелерді қамтыды.

Этнопсихологиялық сұрақтар атакты англиялық психолог Фредерико Бартлеттің жұмыстарында да қарастырылған.

1960ж. бастал тарихи және мәдени контекстегі психологиялық мәселелерді қарастыру тенденциясы күшейе түсті.

Антропология-этнопсихологияның осы ғылым базасында қарастырылған негізгі негізгі ғылым болып табылады. Бұл ғылым екі үлкен бөлімге бөлінеді: физикалық және мәдени антропология.

1960ж. бастап этнопсихологияның басқа пәндермен байланысы «Обзорение психологии народов» журналында кең талқыланды.

Қазіргі кезде этнопсихологиялық құбылыстарды ұғынуда тұтастық жақ және терминологиялық жағынан шатасулар бар. Дегенмен мұндай жайттарға қарамастан, этнопсихологияның дербес бағыттарын бөліп көрсетуге болады.

1. Психофизиологиялық процестердің этностық ерекшеліктерін салыстырмалы зерттеу. Атап айтсақ (ойлау, ес, эмоция, сөйлеу т.б.). Бұл бағыт жалпы және әлеуметтік психологияға сүйену.

2. Түрлі этностық қауымдастықтың мәдени ерекшеліктерін зерттеуге бағытталған мәдени зерттеу (культурологические исл.). Бұл бағыт мәдениеттану мен этнологияның мәліметтерін негізге алады.

3. Этносаралық, топаралық қатынастардың этностық сана мен өзіндік сана сезімін зерттеу. Бұл бағыт әлеуметтік психология мен әлеуметтік философияны тірек етіп алады.

4. Отбасы-некелесу мен бала тәрбиесі мәселелерінің этнопсихологиялық аспектілерін зерттеу. Бұл бағыт педагогика ғылымы мен байланысты.

Негізгі көңіл бөліп, ден қоятын басты мәселе – этностық дау-дамайдың психологиялық себеп-салдарлары мен оның пайда болуы оны болдырмаудың, алдын-алудың тиімді жолдарын іздестіру және шешу. Сонымен қатар ұлттың өзіндік сана-сезімінің даму мәселесінде назардан тыс қалдырмайды.

2.2 Этнопсихологияның әдістемелік негіздері мен зерттеу мәселелері

Этнопсихологияның методологиясын танып, зерттеу дара мақсат емес. Ол ұлттық-психологиялық құбылыстар мен процестерді дұрыс түсінуге және сараптауға мүмкіндік береді. Бұл процесстер мен құбылыстарды қолданбалы түрде зерттейінше, аталмыш салада жоғары дәрежеге жету мүмкін емес.

Қазіргі таңда этнопсихологиялық зерттеулердің екі түрін атап көрсетуге болады: стандартты және кроссмәдениетті.

- Стандартты – I этникалық қоғам өкілдерінің ұлттық-психологиялық ерекшеліктерін зерттеуді болжап көрсетеді.

- Кроссмәдениетті-бірнеше этникалық қоғамның ұлттық-психологиялық (ұқсастықтары мен айырмашылықтарын) ерекшеліктерін зерттейді. Екі жағдай да әртүрлі ұлт өкілдерінің ұлттық-психологиялық ұқсастықтары мен айырмашылықтары салыстырылады. Бірақ біріншісінде салыстыру зерттеу аяқталғаннан кейін жасалады, не болмаса қолданып отырған әдістемелер нақты бір этникалық қоғамды зерттеуге бағытталып, психологиялық сараптаманы этнопсихолог жүргізеді.

Екінші жағдайда бір мезгілде әртүрлі ұлт өкілдеріне этнопсихологиялық зерттеулердің салыстырмалы мінездемесі беріледі.

Этнопсихологиялық зерттеулер мазмұнының негізі объектісі мен пәні болып табылады:

1. Ұлттық өзіндік сана. Бұл адамдардың белгілі бір әлеуметтік этникалық қоғамға жататындығын, қоғамдық қатынастарда өз ұлтының алатын орнын және әрбір адамның сана-сезімінде, мақсатында көрінетін өз ұлтының басқа ұлттардан өзгешелігін көріп, ұлттық мүдделерін сезінуі.

2. Қызығушылықтарын мен құндылық бағыттылықтары. Жеке тұлғаның өзінің қоғамдық қажеттіліктерін түсінуі қызығушылықтың пайда болуына алып келеді. Қызығушылықтың пайда болуы қайраткерлікке, өзін-өзі ұстауға, мақсаттылыққа және құнды бағыт-бағдарға жетелейді.

Құндылық бағыттылықтар топтық және жеке қалыптардың комплексі – интеграцияны пайымдауынан, жалпы топқа, жеке адамдардың жүріс-тұрысына қойылатын талаптардан, қайраткерлердің мақсаттары мен шараларынан көрінеді. Жеке тұлғаның және топтың мақсаттары мен бағыттары топтың ұжым ретінде даму дәрежесіне байланысты қалыптасады және өзгереді.

3. Қажеттіліктері мен түрткілері. Әлеуметтік және әлеуметтік психологиялық қажеттіліктер дегеніміз заттарға, жер асты байлығына, құбылыстарға деген қажеттіліктер ең жоғары дәрежелі қажеттіліктер болғандықтан бұл құндылықтарды өндіруге қолдануға ынтызарлықтар мен қабілеттіліктер болып табылады, себебі бұлардың өндірілуі адам өмірін сақтап қалуын немесе өзгеруін қамтамасыз етеді. Табиғи құндылықтар адам

қажеттілігін қамтамасыз етуші объект. Өзгешеленетін текиматериалдық және мәдени құндылықтар немесе рухани құндылықтар (қарым-қатынас, білім, өнер т.б.).

4. Комуникативтік – жүріс-тұрыстық іс-әрекеті. Жеке тұлғаның өмір сүруінің ерекше белгісі – іс-әрекеттің ұжымдық формасын меңгеруі. Ұжымды немесе топта бірігіп іс-әрекет ету негізіндегі қарым-қатынастың және өзара іс-әрекеттің, өзара қарым-қатынастың белгілі жүйесі қалыптасады. Бұл процесстерге мыналар әсерін тигізеді:

- *топтың нормативті структурасы* – нақты бір топта бірігіп іс-әрекет ету нәтижесінде белгілі бір ережелер қалыптасады. Олар топтың жүріс-тұрысының белгілі бір жүйесін құрып, жеке индивидтің және топтың іс-әрекетін өзгертіп, топтың психологиялық ауқымына әсер етуі мүмкін;

- *жеке адамның өз тобын қабылдауы* – қарым-қатынастармен бірліктердің жүйесі өтетін әртүрлілігімен ерекшеленеді. Адамның индивидтік іс-әрекетінде тұлғаның топты қабылдау түрлері:

а) тұлға өз тобына қатысты іс-әрекетінде келемеж ретінде қаауы мүмкін немесе оған немқұрайлылық танытуы;

ә) тұлға топқа өз іс әрекетінде белгілі бір мақсаттарға жеткізетін құрал ретінде қарауы;

б) тұлға топқа өз басының жеке құндылығы ретінде қарауы.

Топтағы жеке адамның субъективті талғамы – топтағы жеке адамның белгілі бір қоғамдық сала бойынша талғамын анықтайтындар:

а) топтағы тұлғаның соціометриялық статусы – озық, шеттелген, бөлектенген;

ә) жеке адамаралық қарым – қатнастардың құрылымы немесе топтың тұтастануы.

- Тұлғаның әлеуметтік- психологиялық қасиеттері- жеке адамның топпен қарым – қатнасынан қоғамдағы жүріс – тұрысы қалыптасады, сонымен қатар, қарым – қатнастың өзіндік ерекшеліктерін анықтайды.

5. Этникалық таптаурындар (стеротип). Бұл топтық үлгі. Бұл екі түрлі этникалық топтардың бір – біріне берген мінездемесінен, көзқарасынан пайда болған.

Этникалық таптаурындарды екі топқа бөлуге болады: Олар: автотаптаурындар –бір ұлттың өзіне берген бағасы және гетеретаптаурындар бір ұлтқа басқа ұлттың берген бағасы.

Методологиялық зерттеулердің негізі ретінде екі халықтың бір- біріне психологиялық әсер етуі,ұлттық психологияның тарихи әлеуметтік табиғаты,оны дайарлайтын объективті факторлар,гармональді дамыған тұлғаныңқалыптасу процесінің координалдық қалпы қызмет атқаруы керек.

Зерттеудің теориялық негізі болатындар :

Жеке адамды зерттеуде қолданылатын түрлі психологиялық жүйелік- құрлымдық байыптарды ашатын отандық психологиялық және педагогикалық ғалымдар жасаған концепциялар(Б.Г. Ананев, А.Г.Ковалев,Н.В. Кузмина, Ю.И.Кулюткин, В.С.мерлиг, Ю.П. Платонов, Е.Д.Щадриков және т.б.);

Этнопсихологиялық құбылыстардың негізі мазмұнын ашатын отандық психология, философия, этнография ғылымдарын жасаған концепциялары(Г.Н.андрева, А.В.Арутюнян, Э.А.Баграмов т.б.).

Осы этнопсихологиялық зерттеулердің мазмұнына сүйене отырып, келесі көрсеткіштерді бөліп көрсетуге болады.

1. Ұлттық сана- сезім зерттеулерінің көрсеткішітері;

- бір ұлттың өкілі болуын немесе өзіндік идентификациясын сезіну;

-«ұлттық мінездеме» көрсетуі;

- ұлттық өзіндік қатнасы;

- локустық бақылаудың ұлттық- спецификалық локализациясы (өзіндік «менін» сезіну);

- ұлттық құндылықтарға(тіл,мәдениет,салт дәстүр, әдет») бейім болуы.

2.Құндылық бағыттылықтар мен қызығушылықтары зерттеудің көрсеткіштері:

-Жасалынатын іс- әрекеттердің таңдап алынуы;

-Қызығушылықтарының мықтылығы;

-іс- әрекет түрлерімен айналысу қарқыны;

-өз мәдениетінің терминалогиялық және инструменталдық құндылығы;

-жалпы мемлекеттік мәдениет жетістіктеріне бағыты;

-жалпы адамзаттық мәдениет құндылықтарына бағыты;
3.Қажеттіліктер мен түрткілерді өлшеулерді көрсеткіштер:

-Белгілі бір іс- әрекет түрін таңдап алуы ,

-осы іс- әрекет түрін айналысу қарқыны,

-іс-әрекеттің реттілігі,

-белгілі-бір іс-әрекет түрін таңдап алу себептері,

-өзін көрсету, әсемпаздық,

-әлеуметтік статусын көтермелеуі.

4.Коммуникативтілік мінез-құлық іс-әрекетіне берілген бағаның көрсеткіштері:

-Топтағы жеке адамаралық перцепция мен рефлексия;

-Топтың құндылықтары мен нормативтік эталондары;

-Топтың және тұлғаның сациометриялық статусы;

-Тұлғаның әлеуметтік психологиялық қасиеттері.

5.Этникалық топтауырындарды өлшеудегі көрсеткіштер:

-Қарқындылығы, төзімділігі, бағыттылығы және этникалық таптауырынның эмоционалды бағалаушылық компоненті;

-Этностық таптауырынның когнитивтік бейнелік компоненттерінің мазмұны;

6.Полиэтникалық топтардағы оқытушылық іс-әрекетті зерттеу көрсеткіштері:

-Білімі, шеберліктері мен дағдылары

-Іс-әрекеттің бағыттылығы жалпы және педагогикалық қабілеттері

-Іс-әрекеттің түрткілері

-Жеке бастың мінездемесі

Кез келген ғылым сияқты психология ғылымының да психологиялық өлшемдерінің методологиялық классификациялары бар. Осы психологиялық әдістердің ішіндегі қолданбалы әдістің бірі-Б.Т. Ананьев классификациясы.

Ғылыми зерттеу практикасындағы бырлық психологиялық өзгерістердің әдістері 4 топқа бөлінеді:

Бірінші топ эмперикалық әдістерін қосады да өзара үш кіші топтарға бөлінеді: салыстырмалы, лонгитюдті әдістер, комплексті әдістер.

Екінші топ эмперикалық әдістерден яғни, психологиялық өлшем әдісінен тұрады да өзара бес кіші топқа бөлінеді: обсервациялық әдістер, диагностикалық әдістер,

эксперименталды әдістер, биографиялық әдістер, флюксиметриялық әдістер ;

Үшінші топқа алынған эмперикалық қорытындыларды сараптау әдісі кірсе;

Төртінші топқа алынған нәтижелерді интерпретациялау әдістері енеді.

Іс жүзінде этнопсихологиялық зерттеулер тәжірибесіндегі кез келген әдістерді жоғарыда аталған топтарға жатқызуға болады.

Этнопсихологияда кең тараған диагностикалық әдістердің бірі-сұрау әдісі. Сұрау әдісі зерттелушіге сұрақ қою арқылы сипатталады. Бұл түрғыда сұрақ түрлері әр түрлі болады

2.3 Этнопсихологияның негізгі категориялары

Бүгінгі күнгі этнопсихологияның даму деңгейі толық категориялы аппаратты детерминациялау мүмкін емес, яғни ғылымның өзі құрылу стадиясында болғандықтан жүргізілмейді. Сондықтан этнопсихологиялық білімнің одан әрі дамуы этнопсихологиялық зерттеулердің актуализациясы бұл жаңа ғылымның аппаратын дамыту мен кеңейтуге мүмкіндік береді.

Теориялық түсініктеме негізінде этнопсихология категориясының мәселесінде этнопсихологияның толық категориялық аппараты қиын көп деңгейлі жүйені құрайды.

Бірінші деңгейлі жүйе оның пайда болу түсінігімен байланысты. Бұл этнос, ұлт, этностық топ тұлға деген түсініктер.

Екінші деңгей психологиялық, философиялық, әлеуметтік, мәдениеттану әдебиеттерінде жеткілікті деңгейде зерттелген.

«Этнос» категориясы негіз болғандықтан, ғылымда көп уақытқа дейін екі түсінік беріп келді. Нақты ғылымда біреуі ғана қаралды, оны Ю.В.Бролеев қарастыра отырып, этнос-әлеуметтік мәдени көрініс деп айтты. Оның ойынша этнос – белгілі территориядағы тарихи құрастырылған адам жиынтығы, яғни жалпы соған байланысты тіл ерекшелігі, мәдениеті мен психикасы сонымен қатар өзінің бірлігі мен басқаларға ұқсамайтын, саналы фиксацияланған түсінік деп айтты.

Л.Н.Гумилев биологиялық бірлік ретіндегі «биосфера феномені» деп түсіндірді. Оның ойынша этностар – биосфера шекарасы мен әлеуметсферасында жатқан арнайы жер

биосферасын құруды көздеген құрылым. Этнос түсінігіне нақты дәлел жоқ. Тіл, пайда болу, салт, материалды мәдениет, идеология, ығи анықтау болып тұра алмайды.

Ұлттық психологиялық ерекшелік түсінігі. Этнопсихологиялық сөздікте ұлттық психологиялық ерекшелік элеуметтік-психологиялық көрініс ретінде анықтайды, яғни әртүрлі қоғамдағы сананың болуы.

Крыско Ресей халқының көп деңгейлі формасын көрсетуде және зерттеуде, олардың арасында мотивациялық-фонды интеллектуалды-танымдық, эмоциональды-еріктік, коммуникативті-қимыл әрекеттік деп қарады.

Сонымен, мотивациялық-фонды ұлттық психологиялық ерекшелік нақты этностың қоғамдағы адамдардың іс-әрекет күшінің мінездемесінің ерекшелігін айқындайды, мотивациялық анықтайды және жұмыс қабілеттілігін ашады.

Интеллектуалды-танымдық ерекшелік ұлттық психиканы тасымалдаушылардағы өзіндік қабылдау мен ойлауды танымдық және интеллектуалды сапада специфика түрінде алмастырып, қоршаған шындықты өз ойымен қабылдап, бағалау мен түзету жүргізіу.

Эмоциональды-еріктік ұлттық психологиялық ерекшелігі нақты көрсетілген эмоционалды және еріктік сапалардың өзіндік функциялануының сезім динамикасында көрсете отырып, сезім ерекшелігін, сонымен қатар тұрақты және созылмалы еріктік күшпен көрсетіледі.

Коммуникативті-қимыл әрекет ұлттық-психологиялық ерекшелігі мағлұматтың және тұлғааралық қарым-қатынас спецификасын анықтай отырып, сол немесе басқа этностық қоғамның адамдары арасындағы байланысын көрсетеді.

Этнопсихологияның маңызды категориясының бірі болып этностың өзіндік сана негізі дәстүрлі түрде этностық сананы екі деңгейде қарастырады: топтық деңгейінде және жеке деңгейінде көрінеді. Бірақ практика жүзінде нақты адамдарды құрайтын этностық топ.

Б.Ф. Старойвонтованың көзқарасы бойынша этностық өзіндік сананы «Адамның өзін этноскоға көбірек кою». Оның ойынша, этностық өзіндік сана дәстүрлі-күнделікті қимыл таптаурын функциясын орындаудың кеш құрылымы, яғни олар көптеген қоғам қатысушыларын күнделікті өмірге қосу.

Г.У. Солдатованың айтуынша этностық өзіндік сана бұл - әлем қабылдаудың спецификалық жүйесі. Бұл белгілі әлеуметтік топтың «этномәдени шындыққа қатынасы, бұл өз халқына жататынын сезіну, өз халқының қызығын көру, мәдениет, тіл, территориясын елеу.

Этностық өзіндік сананың нақты түсінігін жан-жақты толықтырған Қ.Б. Жарықбаевтың айтуынша ұлттық өзіндік сана - өз түсінігіне жоғарыда аталғандарды көрсететін этнопсихологиялық феномен, сонымен қатар сол немесе басқа этностың дәстүрі, салты мен өмірлік бейнесі екенін айтты.

Қазіргі уақытта этнопсихология жақсы даму этабынан өтуде. Қазіргі кездегі авторлар өткен совет танымдылығының территориясының ерекшелігін зерттеудің стимулдау ерекшелігін этносаралық қатынастағы динамиканы, этностық идентификациялық трансформациясын және басқа да әлеуметтік-психологиялық мәселелерді зерттеуге көңіл бөлуде.

Сондықтан бүгінгі таңда этнопсихология саласының алдында этностық негіздің жеке тұлға өмірі жайлы және бүкіл ел алдында өзіндік рөлін іздестіру мәселесі тұр.

Қайталау және бекітуге арналған сұрақтар:

1. Этнопсихология категориясына өз пікіріңіз
2. Этнопсихологияның принциптері мен негізгі бағыттары
3. Этнопсихологияның әдістемелік негіздері мен зерттеу мәселелері
4. Этнопсихологиялық құбылыстардың негізін түсінудегі методологиялық принциптерді сипаттаңыз.

3. ЭТНОПСИХОЛОГИЯНЫҢ ПАЙДА БОЛУ ЖӘНЕ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ

3.1 Этнопсихологиялық ой-пікірлердің ежелдегі дәуірде және шетелдік ғылымда дамуы

Этнопсихологиялық ерекшеліктерді зерттеу мәселелері адамдардың тәжірибелік қажеттеліктерінің және олардың саяси-экономикалық, мәдени байланыс жасайтын мемлекет халқының дәстүрлері мен мінез-құлық ерекшеліктерін білуге талпынудың нәтижесі ретінде пайда болды. Рухани психологиялық салада этностық айырмашылықтарды зертеп-білу, оның халық тұрмыс-салтына, мәдениетіне әсер етуі және жалпы осы халықтардың іс-әрекеттерін білу ғылым-ойшылдарды әлдеқашанған-ақ қызықтырды.

Еуропалық өркениет дамуында көне Рим және Грек тарихшылары, философтары, саясатшылары адамдар арасында айырмашылықтың бар екенін, сонымен қатар «Ойкуменді» мекендеген әр түрлі халықтардың өкілдері арасында алшақтықтар болатынын анықтаған.

Көне зерттеушілер этностық айырмашылықтың себебін белгілі географиялық-аймақтық, климаттық жағдайларынан болады деген.

Гиппократ өзінің «Ауа, су, жер» атты еңбегінде әр халықтың бойындағы ерекшеліктері олардың географиялық орналасуы мен климаттың әсерінен деп көрсетті.

Геродот әр түрлі халықтардың мінез-құлық және өмір сүру ерекшеліктері олардың қоршаған табиғи ортасына байланысты деп түсіндірді. Осыған сәйкес, Геродот басқа жердегіден гөрі, Египеттегі аспан ерекше, сол сияқты Ніл өзені де басқа өзендерге қарағанда өзінің табиғи өзгешіліктерімен ерекшеленеді дей келе, египеттіктердің салт-дәстүрі мен әдет-ғұрыптарында басқа халықтардікінен айырмашылығы бар деп көрсеткен.

XIV-XVI ғасырларда алтын кендерін іздеуге деген қызығушылықтың пайда болуы еуропалықтарды ұлы географиялық ашылуларға әкелді. Тек халықтар арасында ғана емес, сонымен қатар нәсілдер арасындағы этностық айырмашылықтарды жаңаша меңгеру мен жаңаша ойлау заманы

туды. Сөйтіп, этностық айырмашылықтың түсіндірмелі принципі ретінде географиялық немесе аймақтық детерминизм принципі халық жаны тұрғылықты мекен-жайға климаттың, топырақтың, рельефтің әсер ету нәтижесіне байланыстылығын көрсетті. Табиғат жағдайларына тәуелділігіне байланысты халықтарда әлеуметтік қарым-қатынастың ерекше нысандары өз өмірі мен тарихына әсер ететін әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлерге үйлесімді қалыптасатындығы байқалды.

Оңтүстік және Солтүстік климаттарының өзгерістері адам азғасына әсер етеді. Ендеше адам психикасының дамуына да ықпалы бар деп есептеді Демокрит.

Этнопсихологияның жаңа терең мүмкіндігі XVIII ғ. басынан басталды, онда экономикалық даму саяси және ұлттық дербестікті терендетіп, ол өз кезегінде ішкі ұлттық байланыстар мен қатынастарды дамытуға үлес қосты. Осы жағдайлар үрдісінде ұлттық өмір салты, ұлттық мәдениет, психология өмірлік іс-әрекет аумағында өзіндік орын алып, функционалды мүмкіндіктерге ие болды. Халық мәдениетінің бірлігі оның рухани-психологиялық жалпылығы төңірегіндегі мәселелер сол кездің мәдениетінде белгілі бір орынға ие болды. Осы мәселелер Г.Гердердің, Г.Гегельдің, И.Канттың, Ш.Монтескьенің, И.Фихтенің, Д.Юмның және тағы басқалардың еңбектерінде көрініс тауып, жарыққа шықты.

Ш.Монтескье (1689-1755) сол халықтың жалпы әдіснамалық шекарасын және рух бойынша этностық айырмашылықтардың мәнін толыққанды түрде көрсетті. Ол да географиялық детерминизм принципіне ұстанған. Дегенмен, ол климаттың әсерімен қалыптасатын сипатта халықтың, оның тарихына қалайша әсер ететіндігін нақты анықтады. «Рух заңы» деген еңбегінде ол былай деп жазған: «Солтүстік климатта сіздер күнәлары аз, жақсы ниетті, шыншыл, ақжөңіл адамдарды көресіздер, ал қоңыржай климатты елде сіздер өз іс-әрекетінде тұрақсыз, тіптен жақсылық пен жамандықта да тұрақсыз адамдарды байқайсыздар, өйткені ол жақтың белгілі бір климаттық ерекшеліктердің жетіспеуі оларға тұрақтылық көрсетуге мүмкіндік бермейді. Шектен тыс ыстық климатта тән күштен мүлдем айырылады. Ондай кезде тәннің рахаттануы жанға ауысады. Халықтың «жалпы рухына» географиялық

жағдайлар әсер ететінін, ұлттық мінездің қалыптасу негізін көрсетуге тырысты.

Француз ағартушыларының бірі К.А. Гельвеций өзінің «Адам туралы» еңбегінде «халық сипатында болған өзгерістер мен оларды тудырған себептер» жөніндегі бөлімінде халықтың сипаттық белгілеріне, олардың қалыптасу себептері мен факторларына тоқталады. Ол былай деп жазды: «Кез келген халықтың қоғамдық тәрбиесі, өзінің мінез-құлқын қалыптастыратын әлемді көру және сезінуде ерекше қабілеттіліктері бар».

Ағылшын философы Д.Юмның «Ұлттық мінез-құлық туралы» еңбегінде зерттелген көзқарастар анағұрлым қызықты болып табылады. Д.Юм қоғамдық өмірдің табиғи (ауа климат) шарттарын тұрмыс және еңбек дәстүрлерін темпераментті, мінез-құлықты анықтайтын факторлар деп есептеді. Бірақ Юмның пікірі бойынша, ұлттық ерекшеліктерді қалыптастыруда ең бастысы әлеуметтік, моральдық факторлар болып табылады. Ол бұл қатарға қоғамдағы әлеуметтік-саяси қатынастар мен байланыстардың барлығын жатқызады. Юмның түсінігі бойынша, әлеуметтік-кәсіптік топтардың өзіндік психологиялық ерекшеліктері бар немесе біртексіз жағдайда өмір сүреді және олардың іс-әрекеттері әр түрлі дей отырып, осы тұрғыдан қоғамның әр түрлі әлеуметтік топтарының мінез-құлқын қарастырды. Жалпы ерекшеліктер кәсіби іс-әрекеттегі қарым-қатынас негізінде қалыптасады да, нәтижесінде бейімділіктер, дәстүр, дағды әффеқтілері жалпылана түседі және әлеуметтік-кәсіптік топтардың руханилығын құрайды. Мінез-құлқтың топтық өзгешеліктері әр түрлі топтардың жақындауын тудыратын өзара әсерлерге толы болады. Бұл құбылыстар саяси-экономикалық қызығушылықтарымен, сауда-саттық, басқару қызығушылықтарымен терендей түседі.

Оның идеяларын немістің философ-ғалымдары И.Гердер, И.Кант, Г.Гегель және тағы басқалар жалғастырды.

Барлық неміс ағарту ісі, сондай-ақ И.Гердер үшін «ұлттық мінез-құлық» мәселелеріне деген қызығушылық екі жағдаймен ерекшеленеді:

1 интернационалистік экономикалық-саяси қатынастардың дамуымен, яғни олар — ұлтаралық қатынастар:

2 ұлттық ерекшелік мәселелерінің өзектенуі.

Осыған орай ұлттық мінезі-құлық ерекшеліктері туралы Гердер ішкі және сыртқы екі факторды қарастыруды ұсынады.

Ішкі факторлар - Бұл ұлттық мәдениет және қоғам дамуында көрінетін табиғаттағы органикалық генетикалық күштер. Оның пікірі бойынша, органикалық күштер дамудың ішкі кезі бола отырып, барлық табиғи және әлеуметтік көпмәнділікті анықтайды. Адамзат қоғамының тарихы, табиғаттың даму нәтижесі, қорытындысы болып табылады. Сондықтан да Гердердің идеяларынан себепті факторлардың орын алғанын көреміз.

Этностық мінез-құлықты қалыптастыруға әсер ететін екінші фактор сыртқы, яғни табиғи жағдай, болып табылады. Ол адамдардың психикасын дамытуда климаттық, табиғи шарттардың рөлін тұтастай және толығымен мойындайды. Гердер климат адамзаттық қысымға бағынуы мүмкін және өз мінез-құлқын өзгертеді—деп жазды. Ол тұңғыш рет халықтардың өмір салтын, олардың әдет-ғұрыптары мен салттарын зерттей келіп, ауа райына (климатқа) деген халықтардың көзқарастары туралы, яғни, тұтас өмір салтындағы сезімдерді, әдет-ғұрыптарды, адамгершілікті, дәстүр ерекшелігін анықтайтын экологиялық үйлесім туралы, халықтардың белгілі бір шарттарға бейімделуі жөнінде айтты.

Г.Гегель «Рух философиясы» атты еңбегі арқылы ұлттардың мінез-құлқы туралы білімді дамытуға маңызды үлес қосты. Бұл еңбегінде ұлттар мінез-құлқының мәселелерін қарастырды. Ол өзінің зерттеулері нәтижесінде кейбір әдіснамалық мәселелердің шешімін тапты. Осылайша, «темперамент» Және «мінез-құлық» ұғымдары мәні жағынан әр түрлі екендігін дәлелдеп, оларды жариялауға қарсы шықты да, егер де ұлттық мінез-құлық ұлттық қоғамның ерекшелігі болса, темперамент жеке тұлғаның ерекшелігі екендігін баса керсетті.

XIX ғасырдың екінші жартысында жаңа кезең туындап, этностық психология дербес пән ретінде қалыптасты. Ол В.Вундт, М.Лацарус, Г.Лебон, Г.Штейнталь есімдерімен байланысты.

1859 жылы неміс ғалымдары философ Г.Штейнтальдың және филолог М.Лацарустың «Халықтық психология туралы ойлар»

атты кітабы шықты. Авторлар ғылымды екі топқа бөлді: бірі - табиғатты, екіншісі рухты зерттейді деп, олардың міндеттерін де екіге бөлді. Рухты зерттейтін ғылымдардың бірін этностық немесе халықтық, психология деп атады, Оның міндеті түрлі халықтардың рух іс-әрекетінің формаларын және өмір сүру ерекшеліктерін зерттеу. Ендеше, бұл ерекшеліктер мен формалар халықтардың рухани табиғатын құрайды. Г.Штейнталь мен М.Лацарус тұжырымдамасында халық рух (халықтық психология) белгінің абстрактілі өзін-өзі ұстайтын жарғылай түсініксіз сипатта болады. Бұл екеуінің айтуынша, халықтық психология екі бөлімнен тұрады: абстрактілі - халықтық рухтың не екенін, оның элементтерінің қандай болатындығын және екіншісі жекелеген халықты іс-әрекеттің жалпы заңының көрінуі ретінде зерттейді.

Біріншісі - халықтық тарихи психология; екіншісі - психологиялық этнология.

Ендеше, танымның қайнар көзі - тіл, миф, дін, өнер, дәстүр және халықтың толық тарихы, халық рухының жемісі болып табылады.

Сонымен қатар Г.Штейнталь мен М.Лацарус «халықтық психология» жүйесін ғылым ретінде бірінші болып көрсетті.

Эностық психологияның қалыптасуында В.Вундттың есімі ерекше аталады. Вундттың теориясынан жекелеген қызметтердегі әлеуметтік - психологиялық заңдылықтар туындады. Ол адамзат қоғамының жалпы дамуы және барлық құндылықтардың рухани жемісінің туындау негізінде жатқан психологиялық процестерді көрсетті. Сонымен қатар жаңа ғылымның пәндік саласын құрайтын ұлттық рух негізінде жоғарғы психикалық процестерді түсіндірді. В.Вундт ұлт жаны мен психологиялық құбылыстар арасындағы байланысты, әсерлену мазмұнының бірлігін, сезім мен талшынысты ашып көрсетеді. Оның пікірінше, психологиялық процестер жанның белсенділігімен түсіндіріледі. Бұны ол апперцепциялық, немесе ұжымның шығармашылық, әрекеті деп атады.

Вундт өзінің «Халықтық психологияның мәселелері» (1912) еңбегінде, халықтық психологияның үш құрамдас бөлігін атап көрсетті: тіл, аңыз, дәстүр. Оның ойынша, тіл - поэзия мен ғылымның бастамасы және негізгі қозғаушы күші, халықта бар

түсініктерді, заңдарды және олардың байланыстарының жалпы қалпын сақтайды; аңыз (миф) - діни негізделген халық түсініктерінің алғашқы мағынасы, сезімдер мен құмартулар арқылы әсер етеді: дәстүр - әдет-ғұрып, ерік бағытын және мақсатын анықтайтын өнегелі қағидалар. Ол этнопсихологиялық зерттеулердің дамуына үлкен үлес қосты.

Вильгельм Вундт - 1832 жылы 16-тамызда Неккарауға жақын Мангейма деген жерде дүниеге келді. Отбасында төрт бала болды, олардың екеуі ерте жасында қайтыс болған. Вильгельм мен оның үлкен ағасы Людвиг қана қалады. Людвиг Гейдельберте тұрды, оның тәрбиесімен анасының әпкесі айналысты. Сөйтіп келгенде, Вильгельм жанұясында жалғыз баланың рөлінде қалды. Вундтың әкесі пастор болған, олардың отбасы тату болып саналғанмен әкесі туралы балалық естеліктері онша жақсы болмады. Осы бастамадан кейін В.Вундт идеяларын Ресейде Н.Н. Ланге және Г.И. Челпанов т.б. дамытты.

Халықтық психологияны зерттейтін авторлардан француз ғалымы Т.Лебонды аттап кетуге болмайды. Ол жасаған жүйе басқа авторлардың идеяларына қарағанда өзгеше және XIX-XX ғ.ғ. екі фактормен байланысты: көпшілік жұмыскерлік қозғалыстардың дамуы және Еуропаның буржуазиялық колониалдық ұмтылыстарымен тығыз байланысты. Энопсихологиялық зерттеулердің мақсаты Лебон бойынша, тарихи көпшіліктің рухани құрылымын сипаттау және тарих өркениетінің оған тәуелділігін анықтау болып табылады.

Осындай қарама-қарсы пікірлерге қарамастан, XIX ғасыр жаңа этнопсихология ғылымының пайда болуы мен аяқталу кезеңі болып саналады. Бірақ, орыс ғылымында этно ұлттық мәселелерге деген қызығушылық бәсеңдемеді. Бұл Ресейдің көпұлттылығымен, яғни Оңтүстік Азия, Кавказ және тағы басқа елдермен қарым-қатынаста болатындығымен анықталады.

1875 жылы Вундт Лейпциг университетінде философия профессоры болады; осы сәттен бастап оның тамаша ғылыми қызметінің ең ұзақ және маңызды кезеңі басталады. Сол кезден бастап Лейпциг әлемдік психологияның астанасы саналды, ал университетте Вундт 45 жыл жұмыс істеді. 1879 жылы сараптама жұмыстарына арналған қарапайым құралдармен жабдықталған шағын зертхана ашылды. Сондай-ақ 1879 жыл ғылыми

психологияның символды түрде туған күні саналады, өйткені дәл сол кезде Лейпцигте профессор Вильгельм Вундт эксперименталды психологияның әлемдегі тұңғыш зертханасын ашты. Вундт саналы танылатын ішкі тәжірибені талдауға нағыз ғылыми әдісті қолдануға тырысты, оның қарапайым құрылымдарын анықтауға және сипаттауға тырысты. Осылайша, материяның (заттың) атомдарға бөлінетіні сияқты, сана психикалық элементтерге жіктелді. Вундт үшін мұндай элементтер ретінде сезімдер, бейнелер және күйлер танылды. Вундтта күтпеген жағдай болды: зертханаға үлкен қызығушылық танытушылар пайда болды. Вундттың есімі мен оның зертханасының танымал болғаны сонша, Лейпцигке Вундтпен жұмыс істеуге құмартқан студенттер жан-жақтан ағылды. Олардың ішінде кейінірек психология ғылымының дамуына елеулі үлес қосқан бірнеше жас жеткіншектер болды, Құрама Штаттарға оралған соң өз зертханаларын ашқан америкалықтар болды. Вундт зертханасында кейін эксперименталды психологияның дамуында маңызды рөл атқарған қызметкерлер жиналды. Бұлар Германиядан ғана емес (Э.Крепелин, О.Кюльпе, Э.Мейман), сондай-ақ Америкадан (Г.С.Холл, Дж.М.Кэттел) және өзге де елдерден, соның ішінде Ресейден барған ғалымдар болатын. Екі жылдан кейін зертхана Психология институтына айналды. Осылайша, Лейпциг зертханасы қазіргі психологияның дамуына үлкен ықпал етті – ол жаңа эксперименталды орталықтардың құрылуына үлгі болды. Вундттың бұрынғы шәкірттері сондай-ақ Италияда, Ресейде және Жапонияда зертханалар ұйымдастырды. Вундттың шығармаларының көбі орыс тіліне аударылған. Вундттың еңбектеріне тамсанған ресейлік психологтар 1912 жылы Мәскеуде Вундт зертханасының дәл көшірмесі іспеттес зертхана жабдықтады. Тағы бір дәл сондай зертхананы жапон ғалымдары 1920 жылы, Вундт өмірден өткен жылы Токио университеті негізінде құрды, бірақ 60-жылдары бұл зертхана студенттер толқуы кезінде өртеніп кетті. Лейпцигке келген студенттерді ортақ көзқарастар мен мақсаттар біріктірді. XX ғасырдың көптеген психологтарынан айырмашылығы, Вундт олардай жарқын, қызықты оқиғаларға толы өмір сүймеген, қарапайым, мәнерлі, жеткілікті деңгейде өмір сүрген. Барынша танымал дәріскер (дәрістерін ол

конспектісіз оқыған) болған. Вундттың Лейпцигтегі дәрістері кең танымалдыққа ие болды. Әр дәрісіне дәрісханада 600-ден астам студент жиналған. Алайда соған қоса ол көпшілік алдында сөз сөйлеуді ұнатпаған, ал қандай да бір конгрестерге тіпті қатыспауға тырысқан. Жеке өмірінде Вундт салмақты, өздігінен күн кешетін, сабырлы адам болған, оның әр күні қатаң бекітілген тәртіппен өтіп жатқан (1970 жылы табылған Вундттың әйелі Софидің күнделіктерінде Вундттың жеке өмірі жайлы көптеген жаңа мәліметтер баяндалған). Таңертеңнен Вундт белгілі бірі кітап немесе мақаламен жұмыс істеген, студенттердің жұмыстарын оқып, өз журналын редакциялаған. Түс кезінде ол университетте емтихандарға қатысқан немесе зертханаға барып отырған. Вундттың студенттерінің бірі оның келіп-кетуі 5-10 минуттан аспайтын деп еске алады. Шындығында, өзінің эксперименталды зерттеулеріне қалтықсыз сеніміне қарамастан, «ол өзі зертханада жұмыс істеуге лайық емес еді».



Күнінің екінші жартысында Вундт сейіл құрып, алдағы оқитын дәрісіне (әдетте ол дәрісі күндізгі 4-те басталған) ойша дайындалған. Әр кеш сайын оның отбасында ән айтылып, саясат жөнінде талқыланатын. Отбасының қаржылық жағдайы үйде үй қызметкерлерін ұстауға және жиі қонақтар қабылдауға мүмкіндік

берді. Зертхана мен журнал негізін салып, көптеген зерттеушілік жобаларға жетекшілік ете отырып, Вундт философияға да көңіл бөлген. 1880 жылдан бастап 1891 жылға дейінгі аралықта ол этика, логика, философия салалары бойынша еңбектер жазған. 1880-1887 жж. Вундт «Физиологиялық психология негіздерінің» екінші және үшінші басылымдарын дайындады, өз журналына мақалалар жазды. 10 жыл ішінде ол мәдени-тарихи және әлеуметтік психология идеяларын дамытты. Нәтижесінде ол «Халықтар психологиясы» деген атпен 10 томдық еңбегін жазып, бұл еңбегі 1900-1920 жж. жарияланды.

3.2 Этнопсихологиялық ой-пікірлердің Ресейде қалыптасуы

XIX ғасырдың екінші жартысындағы психологиялық көзқарастар мәнді деңгейде психологиялық құбылыстар жайлы діни көзқарастарға қарсылықта болады.

Сол кезеңдегі айқын жұмыстардың бірі И.М. Сеченовтың “Бас ми рефлекстері”(1863) атты еңбегі болды. Бұл жұмыс психофизиологиялық, нейропсихологиялық, жоғары жүйке жүйесінің физиологиясының дамуына үлкен үлес қосты. Осы еңбегінде Сеченов рефлекторлық принципті адамның бас миы қызметіне, одан әрі барша психикалық іс-әрекетіне жая қолданды. Ол “адамның бүкіл саналы да санасыз (астарлы) өмірдегі әрекеттері өзінің туындауы жағынан рефлекстерге байланысты, немесе рефлекстік әдіс”, — деп жазған. Бұл психиканы объективті түсінудегі алғашқы қадам еді. Бас миы рефлекстерін шұқшия талдай отырып, Сеченов оның басты үш байланыс бірлігін анықтады: бастапқы бірлік жүйке қозуы процесінде миға берілетін сыртқы тітіркендіргіштер; ортаңғы бірлік мидағы қозу және тежелу процестері және солардың нәтижесінде психикалық қалыптардың (түйсік, ой, сезім, т.б.) пайда болуы; ақырғы бірлік сыртқы қозғалыстар. Бұл тізбектегі ортаңғы бірліктің психикалық элементтері қалған екі шеткі (сыртқы тітіркендіргіштер мен жауапты әрекеттер бірліктерсіз жасамайды. Сондықтан да барша психикалық құбылыстар бүкіл рефлекторлық процестің бөлінбес құрамы.

Сеченовтың рефлекс бірліктерінің ажыралмас байланысты жөніндегі тұжырымы психикалық іс-әрекетті ғылыми тұрғыдан түсінуде үлкен маңызға ие болды. Психикалық қызметті сыртқы ықпалдардан да, адам қылық-әрекеттерінен де бөліп қарауға болмайды. Психикалық құбылыс субъектінің жалғыз толғанысымен шектеліп қалмайды, егер олай болғанда, психикалық дүние (ой, ес, қиял т.б.) нақты өмірлік маңызға ие болмас еді.

Психикалық іс-әрекеттің рефлекторлық принципіне орай Сеченов – адам іс-әрекеті мен қылығы сыртқы әсерлердің себебінен туындайтыны жөнінде ғылыми психология үшін өте маңызды қорытынды жасады. Ол “Бастыңқыда қандай да әрекеттің себебі әрдайым тысқы сезімдік қозуда, онсыз ешқандай ой өрістеуі мүмкін емес”, — деп жазды.

Сонымен бірге ғылым сыртқы жағдайлар әсерін үстірт түсінбеу қажеттігін ескерткен. Бұл арада әңгіме тек көрініп тұрған нақты тыс әсер жөнінде ғана емес, сыртқы жағдай әсерлері тобына адамның өткенде кезіккен әсерлері, барша өмір тәжірибесі қамтылды.

Осылайша И.М.Сеченов рефлексінің миға байланысты бірлігін оның табиғи бастауынан (сезім мүшелеріне әсер) және ақырынан (жауап қозғалыс-қимылдар) бөліп, окшаулау орынсыз екенін көрсетіп берді.

И.М.Сеченов тек қана физиолог емес, сонымен бірге оның еңбектері қазіргі психологияның жаратылыс тану ғылыми негізін салды. Сеченов ерте жастық кезеңінен бастап психологияға әуес болды және С.Л.Рубинштейннің пікірінше, сол кезеңдегі ең ірі орыс психологтарының бірі болды.

Сеченов-психолог тек қана психологияның зерттеу пәні-психикалық құбылыс екенін анықтайтын психологиялық концепцияны емес, сонымен бірге Ресейдегі эксперименталды психологиялық құрылуына үлкен әсер етті. Оның ғылыми іс-әрекетінің ең негізгі мәні, ол В.М.Бехтеров және И.П.Павловтың зерттеулеріне әсерін тигізді.

А.Ф. Лазурский, Н.Н. Ланге, Г.И. Челпанов еңбектері, ғасырлар аралығында, эксперименталды зерттеулер А.Ф. Лазурский, Н.Н. Ланге, Г.И. Челпанов сияқты ғалымдардың жұмыстарында жалғасын тапты.

А.Ф.Лазурский тұлға мәселелерімен көп айналысты, әсіресе адам мінезін зерттеді. Сонымен бірге, ол өзінің эксперименталды жұмыстарымен танымал, соның ішінде табиғи эксперимент әдісін ұсынған. Ресейдегі дифференциалды психологияның негізін салушы.

Эксперимент жайлы айта бастағанда, Н.Н.Лангенің есімін атамауға болмайды. Н.Н.Ланге түйсік, қабылдау, зейінді зерттеумен ғана айналысқан жоқ, сонымен бірге Одесса университетінде ең алғашқы Ресейдегі эксперименталды психологиялық лабораторияны ашты.

Ланге психикаға генетикалық көзқарасты дамытады, яғни организмнің өмір сүруі үшін өмірлік қалыптастырушы, мәнді факторы ретіндегі өмірлік даму өнімін көрді. Ланге психиканың эволюциясы мен жетілуін оның биологиялық пайдалылығынан табады.

Адамның психикалық дүниесі-тірі жанның эволюциясының біршама стадиясы. Адам “қоғамдық және тарихи мән-” психикалық дамудың жоғары сатысына ие, ол деңгейге дейін оны “қоғамдық тұрмыс пен тарихи прогресс” көтерді.

Жануарлардың психикалық дүниесі тек физиологиялық тұқымқуалаудың органикалық типі мен шартталған, ал тарихи, қоғамдық адамның сабақтастық факторы мүлде басқа-бір ұрпақтан екінші ұрпаққа бүкіл жетілген мәдениеттің жиынтығын тіл арқылы, еліктеу, оқыту арқылы т.б. арқылы жеткізіледі. Ланге пікірінше: “Адам тұлғасының жаны 99% тарих және қоғамның өнімі.”

Егер Ресейде XIX ғасырдың аяғында эксперименталды психология, біршама лабораториялардың (В.М.Бехтерев, В.Ф.Чижов, П.И.Ковалевский және т.б.) қалыптасуына қарамастан, өз алды ғылыми іспен айналуысына идеалистік психология университеті жағынан қатты өз құқықтарын қорғады. Оның себебі психикалық өмірді табысты зерттеу және оны материалистік түсіну емес, сонымен бірге материализмның қарсыластарының эксперименталды психологияны күйреткесі келеуіменде байланысты.

Ресейдің қоғамдық ойының әртүрлі бағыттарынан этностық психология мәселесін ерекше сипаттауды В.Г. Белинскийдің, Н.А. Добролюбовтың, Н.Г. Чернышевскийдің т.б. жұмыстарынан табамыз.

Н.Г. Чернышевский: «әрбір тарихи маңыздылығы бар халық ақыл-ой және адамгершілік жағынан даму дәрежесі бойынша өзара әр түрлі адамдардың бірігуі», - деп атап көрсетті [Шығ.жін.2Т., 1987, 106.]. Осыған орай ұлттық сананың құрылымы тұтас элементтер кешенін және жалпы жүйелі дамыған бейнені құрайды.

«Славянофил» және т.б. шығармаларында ұсынылған ұлттық мінезді зерттеудегі ерекше бағыт орыстың қоғамдық ойларының діни идеологиялық бағытын белгілейді. Олар орыс халқының тұрмыс-тіршілігі, өзіндік санасына аса көп кеңі бөліп, әлеуметтік теорияны жарыққа шығарды. Олар: Н.А. Бердяев, П.Я. Данилевский, И.В. Киревский, Ю.Ф. Самарин, И.В. Соловьёв, А.С. Хомяков, және т.б. Олардың негізгі мақсаты: орыс халқының маңызын және мәдениетінің орнын оларды қоршағандардың мәдениетінің жүйесінде анықтау болды.

Славянофилдердің ұлттық бағдарламасы:

- ұлттың және халықтың адамзатқа, жеке тұлғаға қатысты формальды анықтамасын белгілеуге;

- әр түрлі ұлттың тарихи тұрмыс-тіршілігінің ұлттық мәнін, оның салыстырмалы бағалары және әртүрлі ұлттық идеялардың мазмұнының сапасы туралы сұрақтарды анықтауға;

- әр түрлі халықтардың өзара қарым-қатынасы мен ұлттық идеялары және олардың өзара қарама-қайшылығын көрсетуге бағытталды.

В. Соловьёв орыс халқының рухын пейзажға тенейді және кең, шегі жоқ болашаққа ұмтылған деп суреттейді. Н.А. Бердяев бұған қоса, орыс рухының қалыптасуына христиандықтың тигізетін әсерінің мол екенін айтады. Сондықтан да киелі Русь туралы, оның элементтерінің әумелділігі туралы көп сөз қозғады.

Ресейдегі этнопсихологиялық зерттеудің тарихы туралы айтсақ, Г.Г. Шпетті атап өткен жөн. Этностық психология проблемаларына белсене қызығушылық танытқан, феноменологиялық мектептің көрнекті философы - Г.Г.Шпет. Бұл оның тіл, семиотика салаларындағы ғылыми қызығушылықтарымен байланысты. Г. Шпеттің негізгі этнопсихологиялық көзқарастары оның «Этностық психологияға кіріспе» атты еңбегінде (М.1927) көрсетілді. Ол рухты субстанционалды тануға қарсы шығады (Штейнталь. Лацарус).

Шпеттің козқарасы бойынша: этностық психология пәні - ұжымдық типтің белгісі ретіндегі халық рухы. «Этностық психология» басқа пәндер үшін түсіндірмелі ғылым ретінде емес, әдеттегі ұжымдық әсерленуді зерттейтін сипаттаушы психология ретінде танымал.

Сана-сезімнің психологиялық механизмі жан-жақты сабақтастық табиғатқа ие. Себебі оның мазмұнына тек психикалық процестердің қызметі ғана ембей, тұлғаның тұтастық жүйелері, мотивациясы, эмоционалдық жай-күйі, өмірлік тәжірибе нәтижелері де кіреді. Сана-сезім адамның саналық құрылымын, мазмұн-мағынасын анықтауға мүмкіндік береді. Осы тұрғыдан сана-сезімнің қалыптасуына түрткі салатын бастапқы саналық көзін белгілеп зерттеудің маңызы зор.

Кейінгі жылдары сана-сезім мәселелері ғылымдар жүйесінде елеулі орын алуда. Қазіргі ТМД кеңістігінде өзбек, қырғыз, грузин және басқа елдердің ғалымдары осы төңіректе өз зерттеулерінен туындаған пікірлерін ортаға салуда. Мәселен, еңбек ғалымдары: Э.А. Агзамходжаева, Г.С. Арипова, А.Р. Вильданова, Э.Г. Газиев, Б.Р. Кадыров, Р.И. Суннатова, Н.С. Сафаев М.Д. Шарипова т.б. өз еңбектерінде өзіндік сана құрылымына, механизмдеріне жан-жақты талдау жасайды.

Р.И. Суннатова сана-сезімге психологиялық талдауында, оның өте күрделі процесс екендігін, тұлғаның өзі әртүрлі жағдайларда «қабылдаудан туындайтын бейне» екендігін, сөйте отырып басқа адамдармен өзара әрекетке түсуіндегі өзінің «Мен» субъектісін анықтауы дей келіп: «Өзіндік сана-сезім құрылымдық тұрғыдан үш-танымдық (өзін-өзі тануы), эмоционалдық-бағалау (өзіндік қатынас) және еріктік-әрекеттік, реттеушілік (өзін-өзі реттеу) жақтарының бірігімен көрінеді», - дейді.

3.3 Этнопсихологиялық ой-пікірлердің Қазақстанда қалыптасуы мен дамуы

Ұлттық психологияның ерекшеліктерін түсіндірудің әдіснамалық негіздерінің табиғатын, жалпы адамгершілік, таптық-әлеуметтік, ұлттық қарым-қатынас белгілерін ажырату арқылы беруге болады. Қандай да халық болмасын оның психологиялық, дүниетанымдық ерекшеліктерін көрсетуді

халықтың рухани өсуіне, даму тарихына талдау жасап көрсету қажеттігі туады. Себебі, оның психологиялық ерекшеліктері халық өкілдерінің біріккен өмірі мен күресінде, әлеуметтік, табиғи-географиялық, материалдық мәдени жағдайлардың шарттарына лайықты қалыптасады.

Қазақ тарихының кеңестік дәуірдегі өзіндік баяндалу, танылу жолында да көптеген теріс жаңсақ нанымдарды байқаймыз. Бұл жөнінде М.Мағауия өзінің «Қазақ тарихының әліпшесі» атты деректі толғауының әуелгі сөзінде: «Жетпіс жылғы коммунистік билік заманында жекелеген ұлттардың тарихын жазудағы ең басты мақсат – сол халықтардың тарихи болмағанын дәлелдеу еді. Бұл реттегі ең озық мысал – 1943 жылдан бастап, 1980 жылға дейін жазылған қазақ тарихының ресми нұсқалары. Қайткенде де кітабымыз «Пәленбай тарих» аталған соң, сол халықтың өткен-кеткені туралы бірдеңе айтуға тура келді. Пәлен жерді мекендеді, пәлен заманда хандық, феодалдық немесе басқадай жүйедегі мемлекет құрды дейсіз, мекені, тұрағы болған соң, амал жоқ, сол жерді қорғау үшін сырт жаулармен күреседі, бірде жеңілсе, бірде жеңеді, ал бұдан соңғы кездері, маркстік-ленин-діктеорияға орай, ұлт азатығы жолында немесе әлдебір езушілікке қарсы күреседі, бұл халықтың өзіне сай заттық және рухани мәдениеті болатындығын қысқаша көрсетеді. Біз осы тарихи баяндау негізінде халық құндылықтары, білім, ғылымы жайлы жетпіс жылдай сөз болмағанын байқаймыз. Қазақ психологиясының ғылыми даму тарихы жайлы осы кезде мағлұматтар мүлдем болмаған.

Қазақ халқы психологиясының даму жолы, өзіндік сана-сезімнің қалыптасу факторлары мен механизмдеріне психогендік талдау жасау мақсатымен зерттеулер жүргізілуде.

Қазақтың даму тарихын сараптай келіп, ғалым-зерттеуші А.Айталы мемлекеттің дамуы отаршылдық езгі мен социалистік заман тұсында үзіліп қалғандығын, ал оның егемендік алуы, мемлекеттің қата түлеуі дәстүрлік пен жаңалпа қарауға мүмкіндік туғызып отырғандығын баса айтады. Ендеше, қазақ психологиясының даму, жетілу тарихы оның өмір жолын зерттеу арқылы, мәдени-әлеуметтік құндылықтарын талдау арқылы білеміз.

Ата-бабаларымыздың өмір салты жас ұрпаққа тәрбие беруде, оны тұлға ретінде қалыптастыруға үлкен мүмкіндік береді. Олар салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптар мен жол-жоралғандар арқылы атадае-балаға мирас болып келеді. Ендеше, қазақтың психологиялық ой-пікірлерін, мәдени-рухани даму тарихын көне кезден бастау қажет.

Маржан Құбығылқызы Ахметованың «Академик Төлеген Тәжібаевтың (1910-1964) психологиялық мұрасы және қазіргі кездегі Қазақстанның психологиялық ғылымы» атты докторлық диссертациясы қорғалды. 1999 жылы «Т.Тәжібаевтың педагогикалық көзқарастары» атты кандидаттық диссертация қорғаған ғалымның Тәжібаевтың рухани мұрасын зерттеп келе жатқанына жиырма жылдан асып жығылады.

Аталған докторлық диссертацияда автор Қазақстандағы психология ғылымының іргетасын қалаған қазақтың біртуар азаматының психология саласындағы күні бүгінге дейін маңызын жоймаған аса өзекті мәселелерін тұңғыш рет тұтастай ғылыми жұртшылықтың назарына ұсынып отыр.

Зерттеуде Т.Тәжібаевтың күні бүгінге дейін қазақ психологтарының назарына ілікпеген батыстың классикалық психологиясының өкілдері мен бірқатар кеңес психологтарының мұраларын қалай зерттегені және қазақтың тұғыры биік тұлғалары А.Құнанбаев, Ы.Алтынсарин, Ш.Уәлихановтардың психологиялық мұраларын қазақ топырағында тұңғыш рет жария еткенін ашып көрсетеді.

Ізденуші қазақтың ұлы ойшылы Абайдың ұлтымыздың психологиялық желісін қалай жасағандығын өз еңбегінде кеңірек баяндайды.

Т.Тәжібаев ұлттық психология, қазақтың ұлттық мінезі, этнопсихология мәселелерін сонау тотолитарлық жүйе кезінде ешкімнен жасқанбай мәселе етіп көтеру арқылы тың тақырыпқа түрен салып, салиқалы ой түйе білді. Оның еңбектері бүгінде еліміздің психология ғылымына үлкен ықпал етіп ғана қоймай, алтын дінгегіне айналуы керек», – дейді Маржан Ахметова.

Қазіргі жаһандану заманында психология саласындағы кесек туындының елімізде әлде де кенжелеп дами алмай келе жатқан ұлт психологиясының кейбір өзекті мәселелерінің шешілуіне жол көрсетері анық. Еңбекте ізденуші ауыл халқының психологиялық

жағдайлары, тұрмыс-салты, ауыл мектебінің жай-күйі, шалғайдағы мал жайылымдары, пансионат, интернат оқушылары психологиясының әлі күнге дейін психологиялық тұрғыдан зерттелмегеніне назар аудару керектігін алға тартады. Кеңесте көптеген психология ғылымдарының докторларының жағымды пікірелері, зерттеуді қуаттағандығының айқын белгісі. Жиын барысында диссертантқа бір аузыдан психология ғылымдарының докторы атағын беру туралы шешім қабылданды. Осындай терең зерттеулерден кейін Тәжібаев мұраларының сабақтастығы, өміршеңдігі, алдағы уақытта да еліміздегі психология ғылымына шамшырақ болатыны анық.

Қазақтың біртуар азаматы, көрнекті мемлекет қайраткері, ғұлама ғалым, ұлағатты ұстаз, нартұлғалы азамат Төлеген Тәжібаевтың туғанына биыл 100 жыл. Осыған орай елімізде ауқымды шаралар атқарылып келеді.

Осы тұста педагогика, ғылымдарының докторы және психологика ғылымдарының докторы, Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым және техника қайраткері, Халықаралық Академиялық ғылым академиясының, Қазақстан педагогикалық академиясының құрметті академигі, Т.Тәжібаев атындағы этнопсихология және этнопедагогикалық орталықтың директоры Жарықбаев Құбығұл Бозайұлымен тілдесудің сәті түскен еді.

Төлеген Тәжібаев тақырыбын қаулап келе жатқан ғалымдардың арасында шоқтығы биігі - Құбығұл Жарықбаев деп айтуымызға толық негіз бар. Өйткені Қ.Жарықбаев Т.Тәжібаевтың психологиялық мұрасын зерттеу арқылы дүниеге қадау-қадау туындылар әкелген бірден-бір ғалым. Ғылымның тереңіне бойлаған ғалым соңғы 60 жылдың көлемінде 60-тан астам кітапты (монография, библиографиялық көрсеткіш, ғылыми мақала т.б) жарыққа шығарып үлгеріпті. Ал біз айтары бар азамат ақтарған сырды сіздерге жеткізуді жөн санадық.

– Құбығұл Бозайұлы, Төлеген Тәжібаев сынды тау тулғаны тереңнен зерттеу екінің бірінің қолынан келер іс емес. Жалпы осы тақырыпқа үңілуіңізге не себеп болды?

– Төлеген Тәжібаев қазақтың ұлттық психологиясын, ұлттық мінезін зерттеу мәселесін тұңғыш көтерген ғұлама ғалым. Ал,

бұл жолға тек ғана жүрегі ұлтым деп соғатын жандар ғана бара алады. Менің бұл тақырыпты зерттеуіме ол кісінің қайсібір істі атқармасын ұлтқа деген жанашырлықты, ұлтқа деген қамқорлықты бірінші жолға қоюы себеп болды.

Ол кісінің өмір жолына бір сәт үңілетін болсақ, аштықтың салдарынан Төлегеннің бауырлары мен ата-анасы түгелімен қырылып қалды. Аман қалған Төлеген болса, тағдырдың жазуымен Арыс қаласындағы теміржол жұмысшысы Иван Кабановтың отбасында тәрбиеленді.

Төлеген Тәжібаевтың өмірін зерттеу барысында 60 жылдардың ортасынан бастап Кабановтардың отбасымен танысып, байланыста болдым. Біраз мәліметтер жинауға қол жеткіздім.

1959 жылы менің Қаратаев деген студентім ғылыми конференцияда «Абайдың психологиялық көзқарасы» атты тақырыпта баяндама жасаған еді. Мұны өзім әрмен қарай жалғастырып кеткен болатынымын.

— Яғни, Төлеген Тәжібаевтың этнопсихологиясы қазақтың ұлт ретінде қалыптасуын көксегендіктен туып отыр ғой...

— Төлеген Тәжібаев тақырыбы өте ауқымды. Бұл тақырыптың үңілген сайын айтары молая түспек. Ғұлама ғалымның өмірі мен қызметі, жалпы атқарған ісі туралы осы күнге дейін қаншама ғалым ғылыми еңбек жазды. Сөйте тұра бұл тақырыпты зерттеу ешқашан тоқтамайды. Мәселен таяу арада «Төлеген Тәжібаевтың психологиялық мұрасы және оның Қазақстанға тигізген әсері» атты тақырыпта докторлық диссертация қорғалмақшы.

Қазір «Ұлт бірлігі» деген доктрина шығып жатқаны белгілі. Ал бұл мәселені Совет заманында ең бірінші көтерген адам — Т.Тәжібаев болатын. Сонымен қатар, «Қазақ халқының келешегі қандай?» деген сауалға жауап іздеген де, қазақтың ұлттық намысы, ұлттық абыройы, ұлттық мінезі, оның даму жолдары турасында мәселе көтерген тұңғыш психолог та Төлеген ағамыз еді. Ал дәл сол тұста ұлттық психология деген дүние қазақ халқына ауадай қажет болды. Қазақ халқының ұлт ретінде қалыптасуының нышаны 1456 жылы Жәнібек пен Керей құрған қазақ хандығынан байқалған.

Қасым хан басқарған кезең тарихта Қасымханның қасқа жолы деген атпен белгілі. Қазақ қазақ болғалы оның ұлт ретінде көрінуі сол кезден бастау алады. Ал, қазіргі қазақ қандай? Бүгінде Қазақстан халқы дегенді жиі алға тартамыз. Тіпті, ұлт деген сөздің өзін сирек қолданатынды шығардық. Соңғы уақытта қазақ ұлты бар ма, жоқ па деген дау-дамайлар жиі болып тұрады.

Осының бәрінің психологиялық ғылыми негіздерін алғаш көрсеткен Төлеген Тәжібаев ағамыз еді. Осыдан барып этнопсихология деп аталатын ғылым дүниеге келді.

Сонда Төлеген ағамыз ғылыми еңбектерінде көбіне қай мәселені басты назарға алды?

Т.Тәжібаев Түркі әлемінде мемлекет қайраткері болған тұңғыш қазақ. Үкіметті басқаруға 1941 жылдың қараша айында Қонаевпен бірге келген. Қонаев өндіріс жағын басқарғанда, бұл кісі оқу-ғылым, мәдениет жағын қолға алған. Бұл кезде ол баржоғы 31 жаста ғана еді. Дәл осы тұста Төлеген Тәжібаев жоғары оқу орындарындағы, мемлекеттік мекемелердегі іс-қағаздарын орыс тілімен қатар қазақ тілінде бірдей жүргізуді қолға алды. Қазақ мектептерін ашып, қазақ балаларын оқытуды, балабақшадағы балаларды қазақша тәрбиелеуді жүйелі жолға қойып, осы мақсатта жанды жұмыстар жүргізе білді. Тоталитарлық әкімшілік заманында тіл мәселесін көтерудің өзі екінің бірінің қолынан келе бермес іс болатын.

Төлеген Тәжібаевтың қазақ тілінің мұнын мұндап, жоғын жоқтағаны кейбір азаматтарға ұнай бермейтін. Ұлтын ұлықтаған ұлдың азаматтық қасиеттері туралы да оқырмандарымыз біле отырса...

– Төлеген Тәжібаев тұрасында талай жанның естелік айтуы, Т.Тәжібаевтың көзі тірісінде көп тірлік атқарғандығын айғақтаса керек. «Болсашы ректорлардың бәрі осындай» атты тақырыптағы профессор естелігінен ол кісінің ұлағатты ұстаз, білікті басшы болғандығын аңғару қиын емес. Қазіргі таңда жоғары оқу орнында студенттер ректордың қабылдауында бола алмайтын көрінеді. Ал, Төлеген Тәжібаев болса ректор болып тұрған шағында студенттерді 20-30 – дан жұмыс орнында қабылдайды екен.

Олардың барлығының жеке-жеке хал-ахуалын сұрап, ақыл-кеңесін айтып, тіпті қаражат жағынан да қарасып тұрыпты.

Әсіресе балалар үйінде тәрбиеленгендерге ерекше көңіл аударып, қолдау көрсететіні әлі күнге дейін ел аузында жүр.

Т.Тәжібаевтың еңбектерін зерттеу барысында 40-50-ден астам мақалалар жазылды. Жарық көрген кітаптар өз алдына. «Развитие психологической мысли Казахстана» атты кітап Мәскеудің Ресей педагогикалық институтында академик Петровскийдің жетекшілігімен қорғаған диссертациямның негізінде жазылған монография болатын.

Ал, екіншісі болса 2000 жылы жарық көрген «Академик Төлеген Тәжібаевтың педагогикалық-психологиялық мұрасы» атты орыс тіліндегі еңбек. Үшінші еңбек «Психологическая наука Казахстана в XX веке (основные этапы проблемы)» атты 2002 жылы шыққан кітап еді.

Сондай-ақ қазақ, орыс тілдерінде жазған мақалаларым, ғылыми еңбектерім баспасөз беттерінде жарияланып келеді.

Төлеген Тәжібаевтай біртуар перзентін қазақ қашан да мақтан тұтары анық. Психология ғылымының жілігін шағып, майын ішкен ғұламаның 100 жылдығы қарсаңында қандай шаралар атқарылмақшы...

Осы уақытқа дейін Т.Тәжібаевқа арналған 14 конференцияның өткізілуіне ұйытқы болдым. 1990 жылы КазМУ-де Т.Тәжібаевтың 80 жылдығына арналған республикалық конференция өткен болатын болса, бұған бүкіл Совет елдерінен 750-ден астам ғалымдар қатысты. Одан кейінгі 1998 жылы өткен халықаралық конференцияға Украина, Белорусь, Армения, Ресей, Өзбекстан, Түркіменстан т.б елдерден делегаттар қатысты. Бұл жиында басқа проблемалармен қатар Төлеген Тәжібаев мәселесі ғылыми түрде талқыға түсті.

Одан кейін 2009 Орта Азия Республикаларының ғалымдарының басын қосқан конференция өтіп, оған 15 түркі тілдес елдерінің өкілдері қатысты. Сонымен қатар, Қырғыстан, Өзбекстан елдерінің ғалымдарымен бірлесіп конференция өткізіліп тұрды.

Ең бір елеулісі – 1991 жылдан күні бүгінге дейін 10 рет «Тәжібаев оқулары» атты ғылыми конференция өткізілді. Бұл конференцияның материалдары 18 том болып жарыққа шықса, алдағы уақытта оған енді екі том қосылатын болады. Бұл жинақта көптеген ғалымдардың еңбектері жарияланды.

Т.Тәжібаевтің 100 жыл толуына арналған «Жоғары білім берудің қазіргі мәселелері: жетістіктері мен болашағы» атты ғылыми-практикалық конференция өтті. Бұл жиынның да өскелең ұрпаққа берері мол.

Құбығұл Жарықбаев, педагогика ғылымдарының және психология ғылымдарының докторы, Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым және техника қайраткері, профессор: Ұлттық психологиясыз ұлт болмайды.

Еліміздің тәуелсіздігін ары қарай да нық сақтап қалудың алғышарттарының бірі - халқымыздың ұлттық сипатын сақтау, ары қарай дамыту екені анық. Оның бір құралы ұлттық педагогика мен психологияға келіп тірелетінін жақсы білеміз

Ұлттық психология - әр ұлттың төлқұжаты, мәселен, «ұлттық мінез», «ұлттық мақтаныш», «ұлттық намыс», «ұлттық дәстүр», «ұлттық сана», т.б. ұғымдар ұлттың бүкіл дүниежүзілік мәдениетке үлес қосуында белсене қызмет істейтінін, ұлттық таланттың көзін ашатын ақыл-ойын жинақтап, оларды бір арнаға бағыттайтын катализатор.

«Қазір қазақ ғылымын халықаралық дәрежеге жеткізу керек» деген сындарлы пікір бар К.Жарықбаев халқымыздың жалпы даму тарихын, оның психологиялық қалыптасу кезеңдерін үшке бөледі:

Бірінші кезең – психологиялық ой-пікірлердің ілкі бастауы, түп-төркіндері, басы VI – VIII ғасырлардан басталатын қазіргі түркі тектес халықтардың бәріне ортақ қоғамдық сананың алғаш дүниеге келу кезеңдері. Бұлар халықтық психология – Орхон-Енисей жазба ескерткіштері, Ж.Баласағұн, Қорқыт ата, әл-Фараби, Ө.Тілеуқабылұлы т.б. ғұламалардың тағылымдары.

Екінші кезең – Қазақ хандығы дәуірінен басталып, (19ғ. Орта тұсы) Қазан төңкерісіне дейінгі психологиялық ой-пікірлердің даму жағдаяты.

Үшінші кезең – психология ғылымының Қазақстанда Кеңес өкіметі жылдарында даму тарихы, - деп тәптіштеп көрсетеді.

Осы топтастыруға жүгіне отырып, қазақтың сана-сезімінің жетілу тарихын, оның мәдени-элеуметтік, тарихи психологиясының қалыптасуын көреміз.

Елімізде қазір тәлім-тәрбие саласындағы сан алуан проблемаларды зерттеп жүрген 350-ден астам доктор, бірнеше

мыңнан астам ғылым кандидаты бар. Толстой өзінің «Соғыс және бейбітшілік» атты эпопеясында адамның бет-келбетінің 98 түрлі ерекшелігін көрсетіп, Волконский, Ростова секілді кейіпкерлерін суреттеген. Ленин Толстойды «Орыс жанының айнасы» деуі де содан болар.

Бұл салада қазақ топырағында аса құнды пікір айтқан адамның бірі - Жүсіпбек Аймауытов. Жүсіпбектің тәлім-тәрбие тақырыбында жазған еңбектерінің ішінде «Психология» деп аталатын көлемді оқу құралының орны айырықша. «Психология нені сөйлейді?» дейтін бірінші тарауында осы ғылымның екі жарым мың жылдық тарихынан біраз мағлұмат береді. Адамның жан дүниесін, мінез-құлқын зерттеуді қалайша ұйымдастыруға болатынын тәптіштеп түсіндіреді. Бізді ерекше таңғалдыратыны - адам психологиясын зерттеуде математиканы, оның вариациялық статистика дейтін саласын қалайша пайдалануға болатындығы жайлы мәселе. Қазақ топырағында мұны Аймауытовтан басқа ешкім күні бүгінге дейін көтермеген. Біздегі ғылыми психологиялық терминдердің алғаш жүйеге түсуі де Аймауытов есімімен байланысты. Қырқыншы жылдарға дейін әзірбайжан, өзбек, түрікмен, қырғыз, башқұрт тілдерінде ұлттық психологиялық еңбектер жарық көрмеген. Жүсіпбектің еңбегі бүкіл кеңестік түркі тектес халықтар тілінде алғаш жарық көрген бірден-бір туынды. Жүсіпбектің психологиялық еңбектері оқырманға әлі толық жетпей жатыр.

Академик Тәжібаев атындағы этнопсихология, этнопедагогика орталығы деген бар. Ол бұрынырақ, яғни 1991 жылы Алматы облыстық ұлттық тәлім-тәрбие қауымдастығы болып ресми тіркелген еді. Біраз жыл баспанамыз болмады. Сөйтіп жүріп те 14 конференция өткіздік. Оның бесеуі халықаралық, тоғызы республикалық, аймақтық дегендей. ТМД елдерінен ғалымдар шақырдық. 18 том «Этнопсихология және этнопедагогика» атты сериялық ғылыми жинақтар жарық көрді.

Халқымыз «Қазақтың әні кетсе, сәні кетеді» дейді. Қазіргі келеңсіз бір жағдай - жастар күй мен халық әндерін жөнді тыңдамайды. Даңғыраған, секендеген, жөні түзу сөзі жоқ, не ырғағы жоқ кейбір эстрадалық әндер құлақты тесетін болды. Үлкеніміз де, кішіміз де сахнаға шығып ән айтқыш болып кеттік. Негізі, ұлттық психологияның мәйегі халық әндерінде жатыр.

Халық әндері ұлттық психологияға тыныс беретін дәрумен деп айтуға болады.

Ал, этнографиялық-тарихи мағлұматтар мен әдеби-тарихи мағлұматтарға сүйенсек, қазақ халқы – дүниенің төрт бұрышын мекендеген адамзат баласының озық өркениетке жеткен ұрпақтарымен терезесі тең, телегей тарихы бар, тебіренер мәдениеті бар ел дей аламыз. Қазақтың ата-бабалары түркілер, ғұндар, сақтар болып келмек. Себебі, біздің бүгінгі күнге жетіп отырған мәдениетіміз – солармен ортақтас.

Ендеше, қазақтың бойындағы қаншылдық, намысқойлық, жауынгерлік мінез сонау Сак кезеңінен қалған дай аламыз. Ал, баурмалдық, қамқорлық қатынас скиф-сақ дәуірінің көсемі Тарғытай үш ұлын – Арпоксай, Ылпоксай, Қолпоксай атап, оларды елін, жерін қорғауға бейімдеп, ержүректікке, қамқорлыққа, жерсүйгіштікке тәрбиеленгеннен бастау алады. Мұдағы бір көңіл аударатын психологиялық негіз – Тарғытайдың балаларына ат қоюы. Қол - әскер ырымшылдығын, кәдешілдігінің негізінде қалыптасатын жаңсақ нанымдардың пайда болғандығын көреміз. Себебі, қазақ күні бүгінге дейін балаға ат қоюда ырымдап, әлеуметтік- саяси жағдайларға балап қояды.

Мәселен, қазіргі кезде, еліне бас болсын, ақылды, данышпан болсын деген ырыммен қойылған Нұрсұлтан есімді, Кенес кездерінде – Марлен, Партия, Мәжіліс, Маркс сияқты, Ұлы Отан соғысы қарсаңында – Отан, Жеңіс, Қуаныш, Майдан сияқты есімдер көп болды. Бұлардың барлығы адам санасында белгілі бір жаңсақ нанымдарды қалыптатырып, оларды қабылдауда қай кезде туғандарында мағлұмат алуға бағыт береді.

Осы скифтерден қалған дәстүрлеріміздің тағы бірі – бие сауып, қымыз ашыту, киіз басу, екі, төрт, алты дөңгелекті арбаға өгіз, ат, түйе жегу. Мал шаруашылығымен шұғылданған сақтар жылқы, қой, сиыр, түйе өсіріп, егіншілікпен шұғылданушылар тары, арпа, бидай еккен. Тіпті мал шаруашылығымен шұғылданушылардың да қыстауларының маңында шағын егіншілік болған деп көрсетеді, қазақтың әлеуметтік шаруашылық тарихының алғашқы кезеңінің тарихшысы Н. Мыңжан.

Осы кезеңнің саяси-қоғамдық, әдеби – мәдениеттік өмірін баяндайтын жазба ескерткіштерді бір ұғыммен Орхон-Енисей жазбалары дейміз. Олар : «Күлтегін», «Білге қаған», «Тоныкөк»

дастандары. Бұлардың авторлары Иольг-Тегін дейтін шежіреші екендігін тарих ғылымдарының зерттеулерінен белгілі болып отыр.

Күлтегін – ежелгі түркілердің ерлігін жан-жақты сипаттап, олардың жаужүрек батыр, еркіндікті сүйгіштігін суреттеген. Ол тас жазбаларда сонымен қатар, ерлік пен ездік, соғыс пен бейбітшілік, құлдык пен тәуелсіздік, тәлім-тәрбие, тұрмыс-салт мәселелері халықтың негізі рухани және әлеуметтік құндылықтары екендігін нақтылы көрсетеді. Олар ұрпақтан-ұрпаққа негізгі құндылықтар ретінде жеткізіліп, сана-сезімнің жетілуіне, ұлттық намыс, талғам, ар-ұждан сияқты механизмдерді қалыптастыруға мүмкіндік береді.

«Бізге жеңіс әперген жер-суымыз -- Отанымыз деп білу керек ... Қандай қанағат болмасын, оның халқының арасында пәтуасыз табылса, онда сол халқтың қанша соры бар десеңізіші. – Құлақ қойып тыңдаңыздар, тереңнен ойлап толғаныңыздар ... Су ағысы тартылса, жас жапырақ қурайды, адамдардан күш кетсе -- жат кісіге бағынады ... «Менің ағам мені адам етті... Аштықта тоқтығы түсінбейсің ...» . «Жақын отырған сыйдың құрметтісін алады, алыс отырған сыйдың немкеттісін» алады, деп келетін сөйлемдердің психологиялық мәні зор. Құлыптастарда осы іспеттес жас жеткіншектерді елін, жерін, халқын сүйуге, жақсы, ұнамды әдет-ғұрыптарға баулу, үлкенді сыйлау, зеректік пен ойшылдықты, батылдык пен тапқырлыққа үйретіп, тәрбиелеу жайындағы мәселелер сөз болды. Бұлардың қазіргі жастарымыз үшін тәлімдік мәнін жоймайтындығы хақ », - деп, көне жазбалардың осы күнде де рухани құндылық мәні жойлмаған деп көрсетеді ғалым Қ.Жарықбаев.

Тастағы ой арнасы-елдің тәуелсіздігі оның береке бірлігімен білінбегендігін аңғартады. Осыған орай, қазақ халқының сіңген көнбіс-толеранттылығы өте ертеде қалыптасқан деуге болады. Ал, оның бойындағы жасықтықты, аңқаулықты, дүниеқоңыздықты, жігерсіздікті де тарихи психологиялық тұрғыдан түсіндіруге болады. Жырдың айтуынша, түркілердің тауғаштарға кіріптар болу себебі екі түрлі:

Бірі- тауғаштардың алтын, күміс дүниесі, жібек матасына алаңдағаны. Оны аярлықпен беріп, жырақтағы түркілерді өзіне жақындата түсуді көкसेгенін түсінбеуі.

Екінші себебі:Бұмын, Естеми қағандардың орнына тақта отырған ұрпақтарының жігерсіздігіен, біліксіздігінен екендігін жазба туындыларынан көруге болады.

VIII — IX ғасырлардағы Қорқыт ата нақылдарында имандылық, кісілік, қанағатшылық, әрекетшілдік мінез бітістерінің негізін құрайтын жаңсақ нанымдарды да көруге болады. Мәселен, «Тәңіріне мойынбаған адамның тілегі қабыл болмайды ...Жігіт тірісінде Қаратаудай қылып, бір күн тыныштық көрмей дүние жияды, байиды. Бірақ соның ішінен ол өзіне тиісті үлесін ғана жейді. Менменшіл, тәкаппар адамды тәңірі сүймейді. Басқалардан өзін жоғары ұстаған адамға тәңірі бақ бермейді ...». Бұл айтылғандардан адамның сана-сезімінің жетілу деңгейін көрсететін механизм оның ішкі ниеті, яғни жаңсақ нанымдарының қалыптасу жүйесі екендігін байқаймыз. Адам бойындағы осындай жағдайларды оның ішкі құбылыстарының қызмет ету нәтижесі деп түсіндіреді ғалым В.К.Шабельников (М., 200.186).

Өз кезеңіндегі Қорқыт атаның нақыл сөздері, даналық ойлары,қазіргі кезде тулғаны қалыптастыруда өте мәнді. Себебі оның ата-ананы сыйлау, құрметтеу, отбасылық қарым-қатынас тетігі, ұл мен қыз тәрбиесі жайлы ойлары ұлттық болмыстың генезисінің көрсеткіші болады дей аламыз.

Қазақтың қоғамдық санасының қалыптасу жүйесін, оның өкілінің сана-сезімінің даму, жетілу жүйесінің гензисін ашуға мүмкіндік беретін ғылыми қазынаның бірі - Әбу Насыр әл-Фараби еңбектері.

әл-Фараби еңбектері Аристотельдің пікірлерін талдай отырып, адам санасының даму жолын жаңаша материалистік негізінде түсіндіруге тырысқан. Ол жан мен тәннің арақатынасын, байланысын нақтылы түсіндіре білген. Жан қуаттарының табиғатын түсіндіре отырып, олардың адам санасының жетілуіндегі негізгі механизмдер екендігін айтқан. Мұнымен қатар адам психикасындағы сезімдік ерекшеліктерін жан-жақты түсіндірген. Сонымен қатар, бала психикасының пайда болуы негізі ана құрсағында-ақ басталатындығын, қабілет, мінез бітістерінің де туғанға дейін негізделетіндігін айтқан. Осы ойларға сүйенсек, сана-сезімнің бастапқы белгісі жаңсақ нанымдар болмақ. Себебі, адам бойындағы мінездік

сапалар алдымен тарихи элеуметтік жағдайларға байланысты қалыптасатын жаңсақ нанымдар негізінде көрінеді.

«Адамдар , - деп жазды Фараби,- бақытты болу үшін біріне-бірі көмектесіп отыру мақсатымен бірлескен қала ізгі қала болады.Халқы бақытқа жету үшін өзара көмектесіп отырған қоғам да ізгі қоғам болады. Қалалардың бәрі бақытқа жету жолында бір-біріне көмектесіп, халқы ізгі халық болады. Сол сияқты халықтардың бәрі бақытқа ұмтылып, біріне-бірі көмектесіп отырса, бүкіл жер жүзі ізгі болар еді». Фарабидің бұл сөзінен адамның рухына тән ізгілік, бақыт,қадір- қасиет сапаларының адамгершілік негізін құрайтын жаңсақ нанымдар , оның ішінде этностық жаңсақ нанымдар тарихи-элеуметтік, саяси-қоғамдық мәдени қатынастарға сай салт-дәстүрлік негізде көрініп, танымдық деңгейде өзгеріп отырады. Бұл құбылысты әл-Фарабидің «Қайрымды қала тұрғындарының көзқарастары жайындағы трактат» еңбегінің мазмұнынан жақсы көруге болады.

Фарабидің еңбектерінде дарындылық , ақыл-парасат, қабілет, қиял негіздерін байқататын жаңсақ нанымдары да, олардағы ұлттық рең негіздерінің барлығын да аңғартуға болады.

X–XII ғасырлардағы ой-пікірлерді Жүсіп Баласағұнның «Құдатғу білік» атты шығармасынан бастауға болады. Бұл еңбек элементтің төрт түрлі элементтен – жер, су, ауа, оттан құралғандығын, сонымен қатар олардың дүниедегі заттардың үйлесімділігін қамтамасыз ететіндігін айтады. Қазіргі жағдайда «үйлесімділік» қоғамның дамуында ең үлкен рөл атқарады . себебі , ел билеушіден әділет, дәулет, қанағат, парасат сияқты төрт қасиет түгел табылуды талап етеді.

Билеушінің сана-сезімі осы көрсеткіштермен толықтырылған кезде ғана ел билігі сәтті және өз қолында болмақ. Ақыл мен дарындылық сияқты сапалар адам қанағатын реттеуші, жамандыққа апармайтын нанымдар мен жаңсақ нанымдар негізінде қалыптасады.

Осы Орта ғасырлық кезеңдегі Махмұд Қашқари, Қожа Ахмет Иассауи шығармаларында да дамның сана-сезімінің қалыптасу жүйесін анықтайтын тұлғалық сапаларға талдау жасалғандығын көреміз. Мәселен, Махмұд Қашқаридің «Диуани лұғат-ат түрік» сөздігі . Онда дүниеқорлық, қорқақтық, мансапқорлық,

опасыздық т.б. көптеген жағымсыз қасиеттер сыналып, ерлік, ығылқ, әділдік, ақпейілділік батырлық, ержүректік, отансүйгіштік қасиеттерді қалыптастыру адамның сана-сезімінің жоғарғы көрсеткіші екендігін уағыздайды.

Ал, XIII ғасырдың аяғы мен XIV ғасырдың басында жарық көрген «Оғыз қаған жыры» эпос дәстүрлерімен айтылып келген аңыз-жыр. Оның негізгі желісі және оған ұйытқы болған кейіпкер – Оғыз-Өгіз төтемінің пайда болу замандарынан шығып, хатқа түскенге дейінгі аралықтағы түркі тайпаларының тіршілігіне қатысты көптеген аңыздарды жинақтау, екшеу сатысынан өтіп келген. Оған VIII-IX ғасырдағы Қыпшақ, оғыз, қарлұқ, қаңлы, ру-тайпаларының қалыптасуы оқиғалары кірген деп, тұжырымдайды зерттеушілер Х.Сүйіншалиев, А.Қоңыратбаев, т.б.б.

Абайдың өлеңдері мен кара сөздері мазмұндарынан қазақ халқының өзіндік санасының қалыптасу генезисін нақтылы көруге болады. Мәселен, Екінші, үшінші, бесінші кара сөздері қазақ, орыс, ноғайлардың мінездерін салыстыра отырып, олардың тұрмыс – тіршіліктерінің, сана – сезімдерінің қалыптасуына әсер етуін көрсетеді “ ... ей, құдай-ай , бізден басқа халықтың бәрі антұрған, жаман келеді екен, ең тәуір халық біз екенбіз деп, әлгі айтылмыш сөздерді бір үлкен қызық көріп, қуанып күлуші едім. Енді қарап тұрсам, сарттың екпеген егіні жоқ, шығармаған жемісі жоқ, саудагерінің жүрмеген жері жоқ, шаһары жауласпайды. Орысқа қарамай тұрғанда қазақтың өлісінің ахиреттігін, тірісінің киімін сол жеткізіп тұрады. Әке балаға қимайтұғын малыңды кірелеп, сол айдап кетіп тұрды ғой..... Үлкен байлар да, үлкен молдалар да, ептілі, қырмызылық, сыпайылық бәһірі соларда. Ноғайларға қарасам, сойдақтыққа да шыдайды, кедейлікке, қазаға, молда, медресе сақтап, дін күтуге де шыдайды... ”- деп, өз халқына сыни көзбен қарап, оның бойындағы жат қылықтардың, сана-сезіміндегі теріс жаңсақ нанымдардың түп төркінін төмендегідей көрсетеді де:

“Қазақтың бірінің- біріне қаскүнем болмағанының, бірінің тілеуін бірі тілеспейтұғынының, рас сөзі аз болатұғын, қызметке таласқыш болатұғып, өздерінің жалқау болатұғынының себебі не? Һәмма ғаламға белгілі данышпандар әлдеқашан байқаған: әрбір жалқау кісі қорқақ , қайратсыз тартады; әрбір қайратсыз қорқақ мақтанғыш келеді; әрбір мақтаншақ қорқақ, ақылсыз, надан келеді;

әрбір ақылсыз надан, арсыз келеді;әрбір арсыз жалқаудан сұрасақ, өзі тойымсыз, тыйымсыз, өнерсіз, ешкімге достығы жоқ жандар шығады ”деп – адам бойындағы жаман қылықтардың пайда болу генезисін түсіндіреді.

Сол сияқты оң жаңсақ нанымдардың да пайда болу төркінін оның қанына біткен өзіндік саналық белгісі ретінде көрсетеді. “Тірі адамның жүректен аяулы жері бола ма? Біздің қазақтың жүректі кісі дегені – батыр дегені, онан басқа жүректің қасиеттерін анықтап білмейді. Рақымдылық, мейірімділік, әрбір адам баласын өз бауырым деп,өзіне ойлағандай ойды оларға да болса игі демек, бұлар жүрек ісі, асықтық та жүрек ісі ”, - деп отыра, оның бойындағы жаманшылықтың, мақтаншақтықтың, қайырымсыздықтың ақыдан тыс белгілер екенін айтады.

Жиырма бірінші, жиырма үшінші, жиырма төртінші, отыз үш, отыз алтыншы кара сөздерінен қазақтың бойындағы толеранттылық, ұлтшылдық, дарқандық т.с.с ұлтымызға топ оң жаңсақ нанымдардың генезисін түсіндіруі арқылы ұлттық өзіндік сананың даму жолы мен оған әсер ететін негізгі факторларды аңғаруға болады.

Сонымен, Абай кара сөздері тұнып тұрған ғылыми негізі бар психофилософиялық ойлар дейміз.

Абайдың ғылымға қосқан үлесін бағалай отырып, психолог Қ.Жарықбаев былай деп тұжырымдайды: Абайдың психологиялық мәселелеріне байланысты бізге жеткен пікірлері, оның қазақ тарихында тұңғыш рет психологиялық ұғымдар жасауға талаптанып,бұл ғылымға қазақ тілінің аса бай сөздік қорынан бірқатар түсініктер (қылық, қуат, мінез, көңіл, қасірет, қуаныш, құмарлық, күлкі, ықылас, талап, зерде, үрей, жалқаулық,табалаушылық,күншілдік т.б.) енгізіп,сонымен қатар көшпелілердің психологиялық әлемі туралы өзіндік көзқарас жүйесін қалыптастырғанына келіп тіреледі, - деп Абай еңбектері қазақ халқына психология ғылымының таралу негізі болғандығын айтады.

XX ғасырдың бас кезіндегі этнопсихологиялық ойларды М.Көпеев, С.Дөнентаев, А.Байтұрсынов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев т.б сол кездегі репрессия құрбаны болғандардың еңбектерінен көреміз. Қазақ этнопсихологиясы тарихының дамуына баса үлес қосқандардың бірі ретінде башқұрт ғалым –

этнографы А. Диваевты аламыз. Себебі ол балалық кезеңдегі этнопсихологиялық ерекшеліктердің пайда болуы мен дамуын көрсете отырып, ұлттық боямыстардың негізі балалық шақтан бастап қалыптасатындығын көрсетті: "... қырғыз баласы сазбалшықтан ойыншық жасауында түйе мен жылқының бейнесін келтіріп отырады", яғни, ол бейнелер өз халқының тұрмыс-тіршілігі мен болмысын көрсетеді.

Қазақ тарихына, білім-ғылымының даму жолын зерттеген ғалымдар (П.П. Семенов-Тянь-Шанский, В.В. Радлов, Н.И. Зеланд т.с.с.) өз зерттеулерінде қазаққа тән қайырымдылықты, нарасаттылықты, қонақжайлықты, адалдықты, шыдамдылықты жақсы көрсетеді.

Сонымен қатар қазақтың меймандостығын, момындығын айта отырып, намысқой, әділетсіздікті жаратпайтындығын да баяндайды.

Т. Тәжібаев өзінің Қазақстанда ХІХ ғасырдың ІІ жартысындағы ағарту мен педагогикалық ойлардың дамуы атты еңбегінде көшпенді қазақтардың психологиялық ерекшеліктері әлеуметтік-экономикалық жағдайларға байланысты дамитындығын көрсеткен "... адамдар мінезі нақтылы тарихи, әлеуметтік-экономикалық жағдайлар өнімі ретінде көрінетін кез келген халықтың көрсеткіші".

Ал, Мәшһүр-Жүсіп шығармалары адамның бойындағы қасиеттер оның сана-сезімінің көрсеткіші екендігін нақтылап, адамның қуануға, бақытсыздыққа, жоқшылыққа деген ұстамдылығын, сонымен қатар қазаққа тән анқаулық, бейқамдық, қызбалық сияқты қасиеттердің табиғатын көреміз.

Осы кездегі жалпы психология ғылымының өрістеу кезеңінде қазақ ғұлама-ғалымдарының ой-пікірлері (А. Байтұрсынұов, Ғ. Қарашев, Х. Досмұхамедов, М. Дулатов т.с.с.) қазаққа тән мінез-бітістерінің, өзіндік сана-сезімінің даму, көріну табиғаттарын нақтылы баяндағандықтан, бүгінгі таңда осы ғылымның әдіснамалық негізін құруда өте құнды көзқарастар екендігін байқаймыз.

Мәселен, Х. Досмұхамедовтың <сананы салт туғызады >, <ақсақалшылық – рудың ақылғөйі, басшысы > деген пікірлері терең ғылыми ой салады. Сонымен қатар, оның қазақ қоғамының саяси - әлеуметтік жағдайының өзгеруімен әлеуметтік мінезі де,

аламандығының мән-мағынасы да өзгеріп отырады деген ойы , адамның сана-сезімінің қалыптасуындағы әлеуметтік ортаның негізгі фактор екендігін естен шығармау қажеттігін көрсетіп, этнопсихология ғылымының әдіснамалық негізін құруда басшылыққа алуды талап етеді.

Ұлттық психологияның зерттелуінің барысының ғылыми-теориялық негізін құруда тағы бір естен шығармайтын туынды М.Жұмабаевтың еңбектері мен ой-пікірлері. Ақын адам тәрбиесін төртке бөледі: дене, жан, ақыл, сұлулық пен әдет-ғұрып, - дейді. Адамның денесі қандай мысқылдап өсіп, жетілетін болса, сезімі де, пікірі де сондай, бірте-бірте өсіп өркендемеқ.адам туа ұлтшыл, туа адамшыл бола бермейді, ұлтшылдық сезіміде әуелі үй ішінен , одан қала берсе туған ауыл, туған жерден бастап өрлейтіндігін түсіндіруінде жазушының адамның сана-сезімі этноәлеуметтенуіндегі отбасының ролін баса көтеріп отырғандығын байқаймыз. Сол сияқты тұрмыс-салт жырларында халқымыздың басты-басты психологиялық ерекшеліктері: қонақжайлылық, үлкенді сыйлау, инабаттылық мінездерінің пайда болу негізін салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарынан көрсетеді. Сонымен қатар, адам бойында ұлттық сана-сезімді қалыптастырудағы тарихи-жаңашылдық пікірі де байқалады.

“Ол қоғамдық әлеуметтік өмірдің әділет жолымен қайта құрылуына орай, жаңаша сипат алатындығын, оның жоғары деңгейдегі мінез-құлықпен ,адамгершілік, көңіл-күйлері, ұдайы қозғалыс, өзгерісте болатынын, қаламгер ақынның ұлттың, халықтың психологиялық мәнін, табиғатын терең танығандығын көреміз”, - деп талдайды өз зерттеуінде Мағжан көзқарасын ғалым Ш.Елеуқенов.

Психология ғылымының оның ішінде этнопсихология ғылымының Қазақстанда іргелі үлес алуы ХХ ғасырдың 80-90 жылдары болды. Бұл кезеңде елімізде ғылыми ізденістер қанат жайып, ғылыми зерттеу лабораториялары мен орталықтары ашыла бастады. Ғылымның тоқырау кезеңдерден аман өтуіне, оның ғылыми ретте дамуына дінгек болған ғалымдарымыз: Ә.Алдамұратов, Қ.Жарықбаев, Қ.Рақымбековтердің еңбектері өте зор. Соның ішінде, қазақ психологиясының даму тарихын дәріптеуде, жүйелеуде, кезінде есімдері елеусіз қалған ғұлама ғалымдардың еңбектерін жандандыруда психолог-педагог,

ғалым-зерттеуші Қ.Жарықбаевтың еңбегі ерекше деуге болады, олар мемлекетіміздегі психология ғылымының ғылыми-теориялық және ғылыми-әдіснамалық негізін анықтауда, ондағы ұлттық психологиялық зерттеулердің бағытын белгілеуде үлкен орын алады. Ғалым Қазақстандағы қазақ этносының психологиялық ерекшеліктерінің мәселелерін былайша көрсетеді:

• этнопсихологиялық зерттеулердің аймақаралық бағдарламаларын құру;

• баланың бір ұлттық және аралас ұлттық жанұядағы әлеуметтену процесін сипаттайтын, білім берудегі отбасының ролін көрсететін, сонымен қатар, әлеуметтік-психологиялық қасиеттерді белгілейтін ерекшеліктерді қарастыру міндетін қою;

• көп ұлтты ұжымдардың ұлтаралық қатынас ерекшеліктерін зерттеуге арналған этнопсихологиялық бағдарламалар құру;

• қақтығыстар мен қарама-қайшылықтардың пайда болу шарттарын анықтау мақсатымен зерттеулер жүргізу;

• балалықтың этнопсихологиялық жақтарын зерттеп, оқыту мен тәрбие берудің жаңа тұжырымдамаларын жасау;

• билингвизм, көптілдіктің қалыптасу мәселелерін қарастырып, қазақша-орысша, орысша-қазақша қостілдіктің этнопсихологиялық негіздерін көрсету;

• ана тілінің қалыптасу феноменін аңғартып, егей тілді меңгерудегі психологиялық ерекшеліктерді көрсету;

Қазақ психологиясының даму тарихын зерттеу тек кейінгі оншақты жылда ғана алынып, оның негізін қалауда елеулі үлес қосып жүрген Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым мен техника қайраткері, ғалым-психолог-педагог – Құбығұл Жарықбаев дей аламыз. Ғалымның еңбектері арқылы ұлттық психологияның ғылыми ретте даму жолын, соған орай қазақ халқының өзіндік-психологиялық ерекшеліктеріне ғылыми талдау жасап жүрміз.

Қ.Жарықбаев өз талдауларында «Құтты біліктің» тәлімдік маңызын, біз бұл еңбектің өзіндік сананың қалыптасуындағы ролін, яғни, тұлғалық бағыттылығының реттелуінде өте құнды жазба дей аламыз. Ендеше, «Құтты білію» адамның өзіндік сана компоненті болатын этностық жаңсақ нанымдардың көрінуі мен дамуын зерттеудегі құнды ғылыми-теориялық көзқарастарды белгілеуге мүмкіндік береді. Автор адамды моральдық жағынан

жетілуінің бірден-бір өлшемі деп, ақылдың көмегінсіз дүниеде ешбір нәрсе шешілмейді деп түйіндейді («Адамға оның ақылы ғана дос», «Парасат – қараңғыдағы шырақ»). Сол сияқты қазақ халқының бойында ерекше көрінетін парасаттылық, ақылдылық, терең ойлылық т.б. жағымды қасиеттердің негізін белгілейтін жаңсақ нанымдарды нақтылы көрсеткендігі анық байқалады. Сонымен қатар, автор адам бойындағы жағымсыз саналардың да нышанын байқататын жаңсақ нанымдарды да жақсы көрсетеді дей алмаймыз. Мәселен, ызақорлық, жанұшырушылық жағдайға түсуді – жаман қасиет ретінде көрсетеді. («Жанұшырушылық-топас адамның белгісі», «Ашу шақыру – ақылға нұсқан келтіреді», «Ақылдылық ашумен бірге жүрмейді»). Мұндай жағымсыз қасиеттер теріс жаңсақ нанымдардан туындайды.

Қазақстандағы психология ғылымының дамуында ерекше орын алатын жоғары оқу орны - ол еліміздің тұңғыш әрі көп уақыт бойы жалғыз университеті болып келген эл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. Осы университеттің қабырғасында алғаш рет психологиядан ұлттық кадрларды даярлау ісі қолға алынды. 1947 жылы университет ректоры әрі психология және педагогика кафедрасының меңгерушісі, ҚазССР ҒА академигі, психология ғылымдарының докторы Төлеген Тәжібаевтің үлкен ұйымдастырушылық жұмысының арқасында филология факультетінде психология мен логика бөлімі ашылды.

Сөйтіп, республикада ұлттық психологтардың шоғыры пайда болды. Қазақстандағы психологиялық және педагогикалық ғылымдардың жандануына ХХ ғ.40-жылдардың аяғында жүргізілген ғылыми-ұйымдастыру шаралары игі әсерін тигізді. Мәселен, 1948 жылы КСРО жоғары білім министрлігі жанындағы Бүкілодақтық аттестациялау комиссиясы республикада педагогика және психология ғылымдары бойынша диссертация қабылдауға рұқсат берді. Соған сәйкес 1949 жылы Қазақ мемлекеттік университетінде психология ғылымы бойынша аспирантура ашылып, ғылыми мамандар дайындауға нақты мүмкіндік туған еді. Қазақстанда тұңғыш рет психология саласындағы кандидаттық диссертация 1952 жылы ҚазМУ-дің ғылыми кеңесінде қорғалды.

Профессор С.М. Жақыпов Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінің құрметті еңбеккері, 2007 жылдың «Жоғары оқу

орының үздік оқытушысы» атағына ие, Қазақ психологтары қауымдастығының президенті. Қауымдастықтың негізгі мақсаты – психологияның қолданбалы аспектісін дамыту болып табылады. Оның редакциялық алқасында Қазақстанда алғашқы және әзірге жалғыз ғылыми-практикалық психологиялық журнал «НАПК Хабаршысы» басылып шығуда. Сонымен қатар, ҚазҰУ Хабаршысы психология және социология сериясының ғылыми редакторы. Профессор С.М. Жақыпов Қазақстан Республикасы Ұлттық жаратылыстану ғылымдар академиясының шынайы мүшесі. 2008-2010 жылдарға ғылыми жетістіктер бойынша тағайындалған стипендияның иегері.

2002 жылы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ этнопсихология және педагогикалық психология кафедрасының күшімен алғаш рет Қазақстан тарихында Д14А 02.32 психология бойынша докторлық диссертация қорғауға мамандандырылған диссертациялық кеңес құрылады.

Қазіргі кезде, XX ғасырдың соңында XXI ғасырдың бас кезінде көптеген этнопсихологиялық зерттеулер көзге түсе бастады: Қ. Жарықбаев - «Қазақ психологиясының тарихы», Н.Елікбаев - «Ұлттық психология», М.Малаева - «Ұлттық сана-сезім мәселесі».

Қайталау және бекітуге арналған сұрақтар:

1. Шетелдегі және Ресейдегі ғылыми зерттеулерде психологияның дербес сала ретінде пайда болуы қай кезеңге жатады?

2. Батыс ғылымындағы этнопсихологияның негізгі мектептерін атаңыз?

3. Отандық қоғамдық ғылымда қалыптасқан ұлттық психологияны зерттеудегі негізгі теориялық бағыттарды атаңыз?

4. XVIII-XIX ғ.ғ. этнопсихологиялық зерттеулер қандай ғалымдардың есімдерімен тығыз байланысты?

5. Халық психологиясының негізгі қағидалары?

6. Қазақстандағы этнопсихологиялық ойлардың даму тарихы туралы айтыңыз?

4. ҰЛТТЫҚ ПСИХОЛОГИЯ ЭТНОПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ФЕНОМЕН РЕТІНДЕ

4.1 Ұлт психологиясы – этнопсихологияның негізі ретінде

Ұлт психологиясы халқымыздың ғасыр бойы жинақталған, жүйеге түскен әдет-ғұрып, ұлттық дәстүр, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасатын адамгершілік, ақыл-ой, эстетикалық, еңбек, дене т.б. тәрбиеге байланысты нормалар мен принциптер, яғни ұлтымыздың мінез-құлқы, іс-әрекетінің ішкі астарларын сөз етеді.

Бүкіл халық ұстанатын тәлім-тәрбиелік нормаларды жан жүйесі тұрғысынан баяндау – ғылыми этнопсихологияның ілкі бастауы болып табылатын халықтық психологияның зерттеу нысаны болып табылады.

Мұнда ғасырлар бойы сұрыпталып жинақталып, жүйеге түскен ұлттық дәстүр, салт-сана, әдет-ғұрып, ұрпақтан-ұрпаққа біртіндеп жалғасатын адамгершілік, ақыл-ой, эстетикалық, еңбек, дене, т.б. тәрбие түрлеріне қатысты таптаурынды нормалар мен принциптер, яғни белгілі бір этностың, жалпы мінез-құлқы, іс-әрекетінің ішкі астарлары сөз болады. Халықтық психология – психика мен мінез-құлықтың қанға «сінген», тез өзгеріп, не жоғалып кетпейтін ұлттық бітісі, мезгіл мөлшерімен алғанда ұзақ дәуірдің жемісі. Халықтық психология – адамдардың қоғамдық және жеке тәжірибесінен, өмірдегі пайымдауларынан туындайтын қарапайым психологиялық білімдерінің жүйесі. Бұл – адам мінез-құлқының көптеген жақтарын қамтып, белгілі этностың өзіне тән психикасы жөнінде біршама мәнді мағлұматтар беретін ілім-білімдердің жүйесі. Әйтсе де, бұлар арнайы ғылыми жүйеге негізделмегендіктен, адам психологиясын ажыратуға жөнді жарай бермейді. Мұндай жағдайда біз тек ғылыми психологияның деректеріне ғана сүйенеміз. Халықтық психологияның теориялық мәселелерін зерттеу мен этнографиямен астарласа дамыған этнопсихология атты ғылым саласы пұғылданады. Этнопсихология зерттейтін проблемалар (этностереотип, этноцентризм, ұлттық тұрпат, халық рухы, ұлттық намыс, ұлттық сана, дәстүр, салт, т.б.) сан алуан. Біз төменде солардың бірі – «ұлттық мінезге» тоқталамыз.

Ұлттық мінез-құлық - өмір сүрудің нақты жағдай барысында және адамдардың үйреншікті жүріс-тұрыстан, өмір сүру типін, олардың еңбекке, басқа халықтарға, өз мәдениетіне қарым-қатынасын белгілейтін тарихи қалыптасқан мінезінің этносқа тән психологиялық қасиеттерін анықтайтын жиынтықтары.

Бұл - өте күрделі, әлде де толық зерттеліп, шешімін таппай келе жатқан мәселе. Осы жәйтті жақсы аңғарған Н. Назарбаев былай дейді: «Менің ойымша, қазақтардың қайталанбас этикалық, психологиялық әлемі әлі жете зерттелмей, зерделенбей жатқан тылсым дүние».

Ғасырлар бойы көшіп-қонып жүрген халық өзі өмір сүрген ортаның әлеуметтік-экономикалық жағдайларына, мәдениеті мен тарихына, табиғатына орайлас жас буынға тәлім-тәрбие берудің айрықша талап-тілектерін дүниеге әкелді.

Ұлттық сезімдер

Этнопсихология ғылымының негізгі элементтерінің бірі болып, ұлттық құндылықтың бейнесі болып табылады. Этностық танымның эмоциональды ортасын сезімдер, сезімдердің уайым құрылымы, эмоциялық қалыптары тудырады. Яғни бұл дегенің өзі этностық өзіндік танымдар тек өз ортасының біліктілігін ғана емес, сонымен қатар әр ұлттың өмірлік жағдай құбылыстарға байланысты өзіндік қызығушылық сезімдерінің бар екендігін дәлелдейді. Осы сәтте ұлттық сезімдердің қазіргі таңғы ұлттардан қарағанда ертерек пайда болғандығын ескеру қажет. Біз ұлттық танымды айту барысында ұлттық сезімдерді де ескеруіміз қажет. Сонымен ұлттық сезімдер өзге ұлттарға деген қатынастары, қызығушылықтары мен қажеттіліктерін танытатын эмоционалды қалып болып табылады.

Әр ұлттық жеке тараптары бойынша қарастыратын болсақ, олардың өзіндік спецификалық табиғаты мен ұлттық сезімдерін байқаймыз. Сезімде шынайылық спецификасы емес, оның субъективті қатынасы болуы қажет. Әр адамның өмір ағымына байланысты қалыптарға деген көзқарасы өзіндік ұлттық қызығушылығына байланысты қарайды. Бұл сезімдер жағымды және жағымсыз сезімдер де екі жақты қарастыруға болады. Жағымды (отанға, халыққа деген махаббат), жағымсыз (мәдениетке деген сенімсіздік).

Халық сезімдері ұлттық мінездермен тікелей байланысты, дегенмен ұлттық мінез өз мазмұнымен ерекшеленеді. Ұлттық мінездерге қайталанбас ерекше сезімдер жатады. Олар өздерінің ерекше халық өмірінің бейнесі, қылықтары, ойлау тәсілі, әр түрлі болып келеді. Кей жағдайда ұлттық салт дәстүрлер адам сезімдеріне кері әсерін тигізеді. Осы тұрғыда әр ұлт өз салтын берік ұстанып, халықты тәрбиелейді.

Қазақтардың эмоционалды сферасы қазақ психологиясында ұлттық сезімдер қажетті компонент құрылымдарын құрайды. Бұл рухани және материалдық құндылықтарға, тарихи құндылықтарға деген қатынасын көрсетеді. Ежелден көшпенділер үшін негізгі күй өзінің көңіліне деген қатынасы болып саналатын, ал қазіргі таңда бұл қалып өзіне сезім байлығын енгізіп, өмірдің әр ағымына, өзінің өзгелермен жүргенін сезінуіне шүкіршілік етуін көздейді. Адам бойындағы адамгершілік қасиеті жастардың ұлттық тәрбиесімен тікелей байланысты. Өз халқының тарихын оқу берілген сапаның барына, этностық сапаның біртұтас болуына негізделеді. Ал бір жағынан қарастыратын болсақ, этностық мінездің құндылығы этниканың өзара қатынасы нәтижесінде қалыптасады. Өзге де батыс елдері сияқты қазақ халқының өзіндік сезімдерін көпшілік алдында көрсетуге тыйым салынады. Балалық шақтан бастап бала бойына өз сезімін жасыру сезімі тәрбиеленеді. Бұл баланың жастайынан ата-ана, бауырлары мен туыстарының ортасында, олардың тікелей бақылауымен өмір сүргендігін көрсетеді. Қазақ халқының өзіндік ұстанымы кей жағдайда өмірлік қиыншылықтарда қиындық болатын көрсетеді.

Ұлттық сезімдердің кей жағдайда ұлттық талғамдармен көрінеді. Қазақ халқының ұлттық сезімі өзіндік сенімдермен ерекшеленеді. Мұсылманда шошқа етін жеуге тыйым салынады. Сонымен ұлттық талғамдар адамдардың өмірлік қажеттіліктерімен, халықтың өміріндегі рухани және материалдық ортасымен байланыстылығын көрсетеді. Сонымен олар тұлғаның рухани дамуына өз әсерін тигізеді.

Этностық өзіндік сезім. Этностық сана сезім бұл – этностық қоғамдастықты құрайтын адамдардың басқа емес, дәл сол қоғамдастыққа жататынын сезінуі. Этностық сана сезімнің мәні адамның өзін орыс, жапон, испан, қазақ және т.б. деп сезінуінде.

Ол өзінің ұлттық қоғамдастығының басқа өкілдерімен генетикалық байланысын сезінеді. Индивидтің этностық сана сезімі оның өзінің шығу тегі жайлы түсінігіне негізделген. Ол өзін нақты этностық топқа жататын ата тегінің алдыңғы ұрпақтардың қатары деп есептейтіндіктен дәл сол топтың мүшесі ретінде сезінеді. Қайсыбір этностық қоғамдастықтың мүшесі екенін сезінуі адамның толықтай ақылы мен еркіне тәуелді қайсыбір таза субъективті нәрсе ретінде қарастыруға болмайды. Ол қажет компонент ретінде этностық ерекшелік сезімін қамтиды. Ал адамның сезімдері оның ақыл-есінен тәуелсіз қалыптасады. Этностық ерекшелік сезімі адам өмірінің объективті жағдайларының ықпалынан қалыптасады да, пайда болғаннан кейін, оның санасымен еркінен тыс тіршілік етеді. Этностық топтардың арасындағы қарым-қатынас жағдайы адамның өзінің және басқа да этностық топтардың едәуір көбірек мүмкіндіктерін табыс етеді. Этностардың арасындағы түсіністіктің дамуына және коммуникативті дағдылардың қалыптасуына ықпал етеді. Моноэтностық жағдайдағы ауылдың өкіліне қарағанда көп ұлтты Алматыда өмір сүретін қазақ баласы өзінің этностық ерекшелігін тезірек сезінеді. Себебі этностардың арасындағы қарым-қатынастың жетіспеуі сол тектес қатынастарға деген ұқсастығын міндеттейді.

4.2 Психология тұрғысындағы ұлттық психика және құрылымы, қалыптасу факторлары

Ұлттық психика – адамдардың қоғамдық сананың (қоғамдық өмір) құрамы, оның негізгі компоненті – қоғамдық психология. Ол шынайы, адамдардың мінез-құлығы мен топтарынан көрінеді және сананың барлық формаларымен (саясат, құқық, мораль, дін, ғылым, өнер, философия) байланысты.

Этностық бірлік өкілдері әдетте мына белгісімен: тарихи дамуы, территориясы, тіл, мәдениеті, психикалық ділі бар адамдар жиынтығы болып түсіндіріледі.

Этностық психология – адамдардың ұлттық психикасын зерттейтін саласы.

Түрлі этностық бірлік өкілдері этностық психологияның ғылым ретіндегі объектісі болып табылады.

Адамның ұлттық психикасын қалыптастыратын факторлар: оның бар ерекшеліктерінің шығуы мен қызметтерін алдын ала келісіп алады. Нақты зерттейтін құбылыстар мен процестер этностық психологияның категорияларына жатады.

Ұлттық психологиялық құбылыстар ұлттық таптаурындарда және ұлттық ұстаным механизмдерінде байқалады.

Ұлттық психологиялық құбылыстардың нақты қасиеті – олардың заңдылықтарының арнайы көріністерінің бейнеленуі, оларға мыналар жатады:

1. барлық басқа психикалық құбылыстардың себептері болады (әрбір ұлттық бірлік өкілдері ойлайды, сезінеді, өзін-өзі ұстай алады, пікірлеседі, әрекеттеседі, өйткені өзінің этностық ортасы және ежелден дамыған ұлттық тәжірибесі бар);

2. көптүрлілігінің айкындығы (әрбір нақты қауымның психикалық күйі мен процестерінің ұлттық ерекшеліктері, өзара әрекеттестігі, өзара қарым-қатынастары ерекше сипатқа ие, оларға қабылдау, зерттеу және түсіну қиындық туғызады);

3. олардың ерекшеліктерін бір жүйеге келтіру мүмкін емес (өйткені түрлі этностық бірлік өкілдерінің психикалық көріністері айрықша);

4. басқа психикалық құбылыстармен салыстырғанда, тұрақтылығы мен кертартпалығы (консерватизім) басым.

Ұлттық психика мынадай құрылымдарға ие:

1) Ұлттық психиканың жүйелік-құрылымдық жақтарына мыналар жатады:

Ұлттық өзіндік сана – адамдардың белгілі ұлттық қауымға жатуы және қоғамдық қатынастар жүйесіндегі өз жағдайын ұғыну және жете түсіну;

Ұлттық мінез – этностық бірлік өкілдерінің тұрақты тарихи қалыптасқан психологиялық басты ерекшеліктерінің жиынтығы;

Ұлттық темперамент – мінез-құлықтың арнайы сипаттамасы;

Ұлттық қызығушылықтары мен бағдарлануы – этностық бірлік өкілдерінің тұтастығы мен бірлігін сақтауға қызмет ететін, ең алғашқы мотивациялық қоғамдық-психологиялық құбылыстардың көрінісі;

Ұлттық сезімдер мен көңіл-күйлері - өзінің этностық бірлігіне, олардың қызығушылықтарына, басқа халықтардың құндылықтарына адамдардың эмоциялық күшке ие қатынасы;

Ұлттық дәстүрлері мен әдеттері – нақты этностық бірлік өкілдерінің аға буынан жас буындарға беріліп отыратын, күнделікті өмірде мықты тұрақталған ережелер, нормалар, әрекет таптаурындары, қарым-қатынастары;

Ұлт психологиясының динамикалық жақтарының (ұлттық психологиялық ерекшеліктері) жүйелік-құрылымдылық жақтарынан айырмашылығы ұлттық-психологиялық құбылыстардың қызметтерін саналы түрде меңгеріп алуға және айқын шығаруға мүмкіндік береді.

2) Ұлттық психологияның *динамикалық жақтарының құрамына* мыналар енеді:

1. ұлттық психологиялық ерекшеліктердің мотивациясы этностық бірлік өкілдерінің іс-әрекетінің қозғаушы күштерін сипаттайды, олардың мақсаттары мен ерекшеліктерін көрсетеді;

2. интеллектуалдық-танымдық жағы ұлттық психика өкілдерінің ойлау және қабылдау ерекшеліктерін, олардың арнайы танымдық қасиеттерінің басқа халық өкілдерінен айырмашылықтарын анықтайды;

3. эмоционалдық-еріктік жағы іс-әрекет нәтижесінің көбінесе әртүрлі этностық бірлік өкілдерінің эмоциялық және себепші болуын көрсетеді;

4. коммуникативті мінез-құлық – нақты халық өкілдері қатынастарының арнайы ақпараттық және тұлғааралық өзара әрекеттердің өзара ерекшеліктерін қамтуы.

Нақты этностық бірлік өкілдерінің ұлттық психологиясы – көптеген факторлардың әсерінен ұзақ және арнайы дамудың нәтижесі.

Саяси-әлеуметтік және экономикалық дамудың әсерінен ұлттық психика мінездемесінің ерекшеліктері қалыптасады, себебі бұл ерекшеліктер қоғамдық және өндірістік қатынастарға тәуелді. Бұлардың ерекше көріністері әр мемлекеттегі этностық бірлік өкілдері санасының дамуына ерекше белгі қалдырады.

Этностық бірліктің тарихи дамуы – көптеген ғылымдардың пікірі бойынша, ұлттық психиканың көрінісі мен қызметі, оның ерекшеліктерінің туындауы сыртқы және ішкі атрибуттармен анықталады, оның өкілдерінің психикасының ерекшеліктері, өмір сапасының тасмалдануы заңды.

Этностық бірліктің жасы – адамдардың ұлттық психикасының ұзақ қалыптасу куәкері, оның даму келешегінің болашағы немесе деградациясы. Неғұрлым ол жас және көп болса, соғұрлым басты ерекшеліктерінің көріністері тұрақты немесе кертартпа.

Ұлтаралық қатынастардың сипаты және ондағы тарихи дәстүрлер ұлттық санаға және өзіндік санаға, басқа ұлтқа қатынасындағы сезім көріністерінің динамикасына әсер етеді.

Этностық бірліктің мәдени дамуы – адамдардың ұлттық психикасының негізгі сапалық мінездемесі олардың қоршаған әлемді арнайы эстетикалық, моральдық және адамгершілік тұрғыда қабылдауы басқа әлеуметтік өкіл топтарының қатысуына әсер етеді.

Этностық бірліктің тілі мен жазуы оның өкілдерінің ойлау ерекшеліктерін және дүниетанымының кеңдігін, түрлілігін, өз өмірінің ерекшеліктеріне көзқарасын анықтайды.

Ұлттық-психологиялық ерекшелік мазмұны

Ұлттық арақатынастағы ерекшелік – түрлі этностық бірлік өкілдерінің және топтарының қарым-қатынасы мен тұлғааралық қатынас.

Ұлттық-психологиялық ерекшеліктер мотивациясы нақты этностық бірлік өкілдерінің іс-әрекетінің бағыттылығына, мінез-құлық мотивациясының керінісіне және арнайы қызметіне себепші болады. Олар – мына қасиеттер: жұмысқа қабілеттілігі, іскерлігі, табандылығы, бағыныштылығы, ынта-дәрежесі, ынта-ықыласы және т.б. Бұл үшін, мысалы, жұмысқа қабілеттілік тек бір адамға ғана тән, ал табандылық бәрінде болады деп айтуға болады. Бірінші, екінші қасиеттер – адамгершілік қасиеттері, сондықтан бұл айтылған қасиеттер барлық адамдардың бойынан табылады, тек кейбір басты ерекшеліктерінің бірі айқын деңгейде көрінеді, яғни тек нақты тұлғалық бірлік өкілдерінің ерекшелігін атап өтуге болады. Мыс: орыстармен салыстырғанда украиндықтардың еңбекке қабілеттілігі көп мөлшерде көрінеді, әрдайым үлкен белсенділік пен табандылық серіктес болып отырады.

Ұлттық-психологиялық ақыл-ой, танымдық қабілеттері нақты этностық бірлік өкілдерінің айрықша ақыл-ой, танымдық белсенділігін анықтайды. Мұндай мінездің ерекше үйлесімдігі-

логикаға сүйену деңгейі мен абстрактілі ойлаудың тереңдігі, ойлау операциясының жылдамдығы, ойлау іс-әрекетін ұйымдастыру ерекшелігі, т.б. 1-жағынан, бұл сондай-ақ, қабылдау таңдамалылығы, белсенділігі, тұтастығы, тереңдігі, елестетудің оперативтілігі және толықтылығы, қиялдан айқындығы мен нақтылығы, 2-жағынан, ақыл-ой белсенділігінің түрлілігіне себепші болады және түрлі адамдар өкілдерінің танымдық ойлау әрекетінің синатын тудырады. Мыс, француздарда тума ақыл-ой шығармашылығы және математикалық ойлау операциясының жылдамдығы әлсіз, олар абстрактілі қорытындыларға жоқ және бас пайдасына көп көңіл бөледі. Кейбір Азия және Африка халықтарының ақыл-ойында тежелулер кездеседі.

Эмоционалдық-еріктік ұлттық-психологиялық ерекшеліктер нақты этностық бірлік өкілдерінің эмоционалдық және еріктік француздарда қозу және қызуқандылық басым, зерттеушілердің айтуынша, қытайлықтар, эстондықтар, ағылшындар тұрақтылық пен ерік процестерінің басымдығымен ерекшеленеді. Ал ұзаққа созылған ерік-жігер жапондықтарда, еврейлерде, түріктерде басымырақ.

Ұлттық-психологиялық коммуникативті мінез-құлық ерекшеліктері түрлі этностық бірлік өкілдерінің топтармен қатынасын және тұлғааралық қатынасты, ұлттық ерекшеліктерін сипаттайды.

4.3 Ұлттық мінез-құлықты қалыптастырудың өміршең мәселелері

Қазақ халқының ұлттық мінез-құлқын (психологиясын), алдымен Ресейдің отарлау саясаты, одан кейін Кеңес үкіметі кезіндегі жалғасын тауып қалай өзгертіп отырғанын талдай келе, сол құрсаудағы психология бұғауынан шығып ұлттық психологияны сақтап қалу мақсатында ой өрбіткенді жөн көрдік,

Қазақтың көне тарихына зейін қойып қараңыз, қазақ халқы ежелден парасатты, зерек, жан-жақты дамыған, өмірге тез бейімделетін, жасы үлкенді (бір жас үлкен болса да) «Ит көйлекті бұрын тоздырған» деп оны аға тұтып сыйлаған, ынтымағы жарасқан ел болғанын білесіз.

Сондықтанда шығар, сонша кең байтақ жер суды иеленіп отырған қазақ елінің арасында бірде-бір түрме салмаған, есігінде құлып болмаған екен. Бұл жағдайды терең зерттеген патшалық Ресей, қазақ халқын рухани аздырып, мәңгілік бұғауда ұстау үшін халықтың ұлттық қасиетін сақтайтын мінез-құлқынан ажыратуды жоспарлы түрде, кешенді зымиандық саясатпен жүргізіп отырған. Ол Кеңес үкіметі кезінде де тоқталмаған.

Біріншіден, қазақ халқы ұлт дәрежесіне көтерілмес үшін, оларды зердесіздікке ұрындыру мақсатында қазақтың оқуы болмаған, білімсіз, дарынсыз, өнерсіз көшпенді жұрт деген үгітті үздіксіз жүргізді. Оны жүзеге асыру үшін, қазақтар қолданып келген көне араб әліпбиін әуелі латын графикасына көшіріп, одан кейін кириллицамен ауыстырды. Нәтижеде сан ғасырлық тарихымыздан, ұрпаққа беретін өсиетінен тәлім-тәрбиелік, өмірлік мәні зор. Көптеген ғылыми-тәжірибелік кітаптарымыздан айырылып шыға келдік.

Мұндай қорлыққа шыдай алмайтын өжет халықты әбден есенгіретіп тастау үшін, оларды ашаршылыққа душар етіп, зиялыларын «халық жауы» қылып қырып тастағанын енді біліп отырмыз. Осылайша «жабайы», «білімсіз», «тарихы жоқ», «көшпенді, шұбырынды» болдықта қалдық емес пе?

Халықты халық етіп, ұлттық мінез-құлықты қалыптастыратын біздің ақсақалдарымызбен молдалар және халықтың ынтымағы, сөзге – мәнге тұру, мәрттік, туыстық-намыстық сезім еді. Бұндай ұлттық дәстүрлерді жою мақсатында отаршыл саясатпен – байды байға, кедейді байға, туысты туысқа азғырып жікке бөліп, айдап салып елдің берекесін қашырып отырды. Ұлттық әдет-ғұрып салт – дәстүрлерді елдің тұрмыс-тіршілігінен алыстатып қажет болған жерде қызында қазаққа берді. Өйткені анасы орыс болса бала, қыздары да сол ықпалда болатыны даусыз нәрсе. Өулеттік жақындықты білдіретін атаулармен жер су аттарына дейін өзгертуді түпкілікті мақсат етті.

«Әкені-папа», «Шешені (апаны)-мама» деп атап орыс дәстүрін елеусіз кіргіздіде, оны бір жола орнықтырды. Егер балаларымыз «әке», «шеше (апа) деп атаса, әке шешесі несі?» - деп шошитын күйге жеттік қой. Нәтижеде, үлкенді сыйлау сияқты керемет дәстүріміз жойылып, мейірімділік, имандылық

тозды. Әсіресе Сағжар Аспандияров ағамыз айтқандай ұлттық қасиетпен намыс өше бастады, яғни өзі қазақ бола тұрып, қазақты жек көріп менсінбейтін болып қалдық.

Халықтық ұлттық ерекшелігін аңғартатын белгілердің бірі оның бет бинесімен сыртқы келбеті екен. Оданда мақұрым ету мақсатында 1920 ж. қазақтың ұлттық киімдерін ескінің қалдығы деп кидірмеу туралы құжатта қабылданған. Сол сияқты тазалықты сақтау қажет деген сылтаумен мектепке келген қыздарын еңіретіп отырып бұрымынан шаптарын міндетті түрде қырыққан екен. Осындай іс-әрекеттердің нәтижесінде ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық киімдер құбыжық болып шыға келді де, аруларымыз тұлдаған аттай «жал құйрықсыз» жүдеу тартты.

Ауыл молдаларымен дін иелерін келемежге айналдыру арқылы көне оқу мен имандылықтан мақұрым болдық. Жан-жақты ойластырған осындай зымиан әрекеттер тоқтаусыз жүріп келді.

Қазақтың ұлттық бинесін мінез-құлқын сақтап, оны өз тілінде, әдет-ғұрпында тәрбиелеп баулитын ең үлкен тірек - әрбір елдің аналары (әйелдер). Зымиандық саясат – қазақ қыздарын қалай да орысша оқуға күш-жігерін жұмсап, тынымсыз үгіт насихат жүргізді. Себебі орысша оқып тәрбие алған қыз – ертенгі ана өзінің күйеуінде, балаларында орыс рухында тәрбиелейтіні түсінікті. Оның үстіне әйелдерді от басынан суытып, уақытының көбін өз шаңырағынан сыртта өткізетін етіп жоспарлау, балалардың қараусыз қалып, тәрбие жұмысының әлсіреуіне әкеліп соқты. Бұл бағыттағы зымиандық пиғылдар (әдейі жасасада, білмей жасасада) түгелдей іске асқанына бәріміз куәміз.

Кез келген халықтық көркейіп өсуі олардың салауаттылығына тікелей қатысты. Отаршылдық саясат қазақтарға арақ ішуді үйрету арқылы оларды болашағынан айыруды көздеді. Мұндай азғындаған халықты ешқандай күш-қару жұмсамай-ақ, сұғауда ұстап отыру қиынға соқпас еді.

Бұл жоспарға езіміздің де «жақсы көмек көрсеткендігіміз» сонша, бұл күндері той-тамашамыздың ешқайсысы да арақ-шарапсыз өтпейтін болды. Ең сорақысы сол – қазақтың сыйлы қонағына бас тартатын салты ескерілмей, оның орнына алакез арақтың шайтан азғырған шөлмегі келіп жатады...

Халқымыз сан жағынан да, сапа жағынан да өз дәрежесіне көтеріліп, есін жинап, гүлденіп-жайкалып еркін дамуы үшін осы айтылған келеісіз мінез-құлықты емдеп, зымияндық пиғылдағы саясатқа саналы түрде тойтарыс беру - әрбір намысы бар қазақтың ұл қыздарының перзенттік парызы.

Қазақ халқы ежелден зерделі болған дедік. Қыз алыспайтын рудын қалыптасуы, яғни жеті атаға дейін қыз алыспайтын көне салттың өзі көп нәрсені пайымдатады. Демек, бұл саясаттың қалыптасып қазірге дейін сақталуы қазақтардың тұқым қуалау заңын - жалпы текнаманы (генетиканы) зерттеп, мал шарушылығында және медицина текнамасын өз тіршілік-тұрмысында пайдаланғанын көрсетеді. Сондықтан тұқым қуалау заңының оқуы - текнама (генетика) ғылымы Г. Мендельден (чек ғалымы) бұрын қазақтарда болған деп айтуға да болады.

Тарихи дерекке қарағанда қазақ халқында жалпы білім беру жүйесі болған. Өйткені қазақ баласын тоғыз жасынан ауыл молдасына беріп, сауат ашатын. Алғашқы жылы олар «Әліпби», «Әбжәд», «Әдеп» және «Әркен» дейтін төрт пәнді игерген. «Әліпби» (қазір әліппе) - әріптерді тану. «Әбжәд» (қазіргі арифметика) - есеп сабағы. Бұл пәнде төрт амалдан басқа проценттеу, жобалау, жорамалдау тәсілдері және үй шаруашылығын жүргізу үшін қажетті есептеулер үйретілген. «Әдеп» сабағында өмірдегі, тұрмыстағы негізгі ережелер, қағидалар, адамгершіліктің негіздері, сый-құрмет, қарым-қатынас, т.б. дәрістер оқылатын. Ата-ананы, үлкендерді сыйлау, кішіге қамқорлық көрсету қайырымдылық, шапағат, мейірімділік туралы сабақ өткізілетін. Ал «Әркен» сабағы негізінен, әсемдік өнерін қамтыған. Бұл сабақта балалардың әсемдік талғамын қалыптастырып, сырт келбетін қалай ұстауын, сөйлеу мәдениетін, шешендік өнерді игеруін қадағалаған. Бұлармен қатар киім-кешек, ыдыс-аяқ, ер-тұрман секілді тұрмыстық бұйымдар мен шаруашылық құралдарының жасалу және қолданылуы үйретілген.

Келесі жылы оқудың келесі кезеңі басталады. Мұнда бірінші жылғы пәндер кеңейтіліп оқылады да, «Әбтиек» (Құранның қысқа сүрелерінің жинағы) сабағы беріледі. «Әбтиек»ті оқығанда араб тілі қоса үйретіледі. Бұдан соң «Құранға» түседі.

Оқудың үшінші көркем шығармалар, яғни әдебиет сабағы оқытылған. Сонымен қоса «Мүнәжжім» - «астрономия» ғылымы негіздерін (аспан шырақтарына қарап арасындағы сөз баланың баниғатқа тола бастағандығын ғана емес, тұрмыстық білімі бар екендігін де бейнелейтін. Ауыл молдасының алдын көрген балалар бұдан ары қарай тұрмысы көтеріліп, оқуға ынтасы болса медресе, жоғары оқуға түсетін болған.

Соңғы кездерде қазіргі қалыптасқан жалпы орта білім беру жүйесін түбегейлі өзгертіп, ұлттық мінез-құлқымызға, дәстүрімізге сай келетін жаңа оқу жүйесін жасау керектігі сөз бола бастады. Біз сөз етіп отырған көне оқу жүйесі жайындағы әңгіме осы орайда қызмет жасап жатқан ағайындарға ойтүрткі үшін айтылып отыр. Әлемдік ғылымның дамуына үлес қосқан Шығыс ғұламалары осы үлгіде тәлім-тәрбие алған жоқ па? Аристотельден кейінгі екінші ұстаз атанған ұлы бабамыз Әбунасыр әл-Фараби, кешегі өткен аталарымыз Ш. Уәлиханов, А. Құнанбаев, Ы. Алтынсарин, Х. Досмұхамедов, Санжар Аспандияровтың және т.б. да осындай тәлім-тәрбие алған дақиқ перзерттері еді ғой.

Қорыта айтқанда, бабаларымыз қазақ халқы өсіп-өніп дамуы үшін бабаларының ұлттық дәстүрге білім алуына, олардың салауатты хәм бауырмал болуына көп мән берген. Біз де осы үрдісті жалғастыра отырып, өмірге, тұрмысқа жақын тәлім-тәрбие мектебін қалыптастыруға ат салысайық демекпіз.

Қайталау және бекітуге арналған сұрақтар:

1. Ұлт психологиясы -- этнопсихологияның мәселесі
2. Психология тұрғысындағы ұлттық психиканы түсіндіру
3. Ұлттық мінез ұлттық психологияның анықтаушы құрылымдық элементі ретінде.
4. Ұлттық мінез-құлық, ұлттық сезімдер, этностық өзіндік сезім.
5. Ұлттық мінез-құлықты қалыптастырудың өміршең мәселелері
6. Ұлттық психика қандай құрылымдарға ие?
7. Ұлттық -- психологиялық қалыптасу факторлары
8. Ұлттық -- психологиялық ерекшелік мазмұны

5. ТҰЛҒАНЫ ЗЕРТТЕУДІҢ ЭТНОПСИХОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

5.1 Тұлғаның этностық сапаларын психологиялық талдау

Тәуелсіздік алған еліміздің келешек ұрпақты ұлттық, халықтық және этностық-мәдени тұрғыда тәрбиелеуі бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Бұл мәселенің шешімін табу үшін үздіксіз білім беру жүйесі айтарлықтай дәрежеде қайта каралып, оны жетілдіру жолдары іздестірілуде. Мұндағы алға қойылып отырған негізгі талаптар – Қазақстан білім беру жүйесінің бүкіләлемдік білім беру кеңістігіне толық енуінің алғашқы ұлттық даму стратегиясын жасап, моделін құру. Бұл талаптардың жүзеге асырылу бағытындағы жұмысты үздіксіз білім берудің сатыларының бірі – жалпы білім беретін орта мектептерде баланың білімге деген құштарлығын арттырудан, ұлтымызға тән қасиеттер бойына сіңген шәкірт тәрбиелеуден бастағанның маңызы өте зор.

Жаһандану дәуірінде этностық-мәдени ерекшелік мәселесі үлкен маңызға ие болуда. Адамзат қоғамы екі бағытта дами алады деп болжайды: мәдениеттің бір-бірімен араласуы немесе мәдениеттің бір-біріне қайшы келуі. Бірақ, екі көзқарас та тарихи дағдарысқа алып келуі ықтимал. Бұдан шығудың үшінші жолы бар, ол мәдениеттердің диалогы, мұндай жағдайда бірде-бір мәдениет өз ерекшелігін жоғалтпай, әлемдік қоғамға шығуына мүмкіндік алады. Міне, сондықтан да мәдениеттердің диалогына шығу проблемасы этностық-мәдени ерекшеліктің қалыптасуы арқылы шешіліп, этникалық қауымдастықтардың мәдени түрде өзара әрекеттесуіне әкеледі.

«Қазақстан Республикасындағы этникалық-мәдени білім беру» тұжырымдамасында (1996) атап көрсетілгендей, халықтың этностық-мәдени ерекшелігі өз тарихында, мәдениетінде болған оқиғаларды білу, қалыптасқан рухани құндылықтарға адалдық, ұлт қаһармандарын қастерлеу нәтижесінде құралады. Ол ұлттық азат және ерікті жасампаздық шығармашылығы процесінде қалыптасады. Этностық-мәдени ерекшелік жағдайына халықтың өзі тудырған әлеуметтік-мәдени жүйе арқылы қол жетеді. Бұл

жүйеге отбасы, мектепке дейінгі балалар мекемелері, оқу орындары, ұлттық мәдени орталықтар, бұқаралық ақпарат құралдары, көркем және ғылыми әдебиет, ғылыми-зерттеу және әкімшілік мекемелері, тағы басқалары жатады [3].

Бұл жағдайларда жалпы білім беретін орта мектептерде этно-мәдени білім берудің мәселесін педагогикалық тұрғыда зерттеу маңыздылығы арталы. Қоғамның қазіргі даму кезеңінде мектепке дейінгі ұйымдардың оқу-тәрбие үдерісінде балаларды жан-жақты дамыған жеке тұлға ретінде тәрбиелеуді жүзеге асырып, жалпы білім беретін орта мектептерде этно-мәдени білім беруге мүмкіндік беріп, халықтың рухани мәдениетін зерде мен ой слегінен өткізіп, оны қазіргі заман құндылықтарымен байланыстыра білуге машықтандырады.

Ғылыми әдебиеттерді талдау барысында этностық, этностық-мәдени мәселесі философия, саясаттану, тарих және этнографиялық салада (Э.З.Александренков В.И.Козлов, Б.Ф.Поршнев, және т.б.); этнопсихологияда (В.А.Вяткин, О.Х.Аймаганбетова, А.П.Оконешникова, Ю.В.Хотинец, Е.И.Шлягина және т.б.) көрінетіні айқындалды.

Қарастырылып отырған мәселенің педагогикалық аспектісін талдауға бірқатар этнопедагогикалық зерттеулер арналған (Г.Н.Волков, А.Э.Измайлов, Е.Л.Христова, Ж.Ж.Наурызбай, Р.Қ.Дүйсембінова және т.б.). Қазақстандық педагогика ғылымында этностық мәдениет бойынша этнопедагогикалық зерттеулер баршылық (И.Өршібеков, А.Х.Мұхамбаева, Г.Р.Бахтиярова, Р.М.Айтжанова және т.б.). Соңғы уақытта қазақ этнопедагогикасының мәселесі бойынша ғылыми жұмыстар саны жас педагогтардың зерттеулерімен көбеюде.

Жалпы білім беретін орта мектептерде этно-мәдени білім берудің ерекшеліктеріне байланысты бірнеше шетел және отандық ғылыми зерттеушілерді атап өтуге болады: Т.В.Черник, О.В.Леонова, М.Г.Евграфова, Е.А.Иванова, Е.Н.Кергилова, Т.Иманбеков, К.Сәйсембаев, Т.А.Левченко, Е.Ф.Вертякова, Л.Д.Вавилова, В.Д.Ботнар, О.Н.Юденко, С.Д.Кириенко, Б.Н.Галаева, Ж.С. Хасанова, Ж.М.Ақпарова, К.Т.Жанабаев, А.Ә.Капенова, Т.Төленова.

Көптеген зерттеулердің әдіснамалық бағдарына Ж.Ж.Наурызбайдың Қазақстан Республикасында этномәдени білім беру тұжырымдамасы алынды. Тұлға – индивидтің әлеуметтік мәнді қасиеттерінің жүйесі. Адам дайын қабілеттермен, қызығушылықтармен, мінезбен және т.б. туылмайды. Бұл қасиеттер нақты әлеуметтік жағдайларда адамның өмір сүру кезінде қалыптасады. Адамның тұлға ретінде қалыптасуы нақты бір қоғамдық жағдайларда туады.

Тұлға проблемасы бірқатар ғалымдардың – философия, социология, психология, педагогика т.б. ғылымдардың зерттеу объектісі. Мыс. Философия тұлғаны таным мен творчествоның, іс-әрекеттің субъектісі ретінде қарастырса, психология оны психикалық қасиеттер мен процестердің: мінез-құлық, темперамент, қабілет, т.б. тұрақты жиынтығы ретінде зерттейді. «Тұлға» дегеніміз кім? Бұл сұраққа жауап беру үшін «адам», «индивид», «тұлға» деген ұғымдардың арасындағы мазмұндық айырмашылықты біліп алуымыз керек. «Адам» - деген ұғым, адамзат баласының қасиеттерін сипаттайтын, жер бетіндегі басқа биологиялық организмдерден өзгеше қасиеттерін сипаттайтын жалпылама ұғым. «Индивид» адам тегінің нақты өкілі, жеке адам. Индивидуалдық – бұл әр адамның өзіне ғана тән жеке-дара қасиеттерінің жиынтығы, яғни бір адамның екінші адамнан айырмашылығы. Ал, «тұлға» дегеніміз, адамның тек табиғи – биологиялық қасиеті ғана емес, ол табиғаттан тысқары тұрған, тек қана қоғамда өмір сүріп, қоғаммен тығыз – байланыс, қатынастар негізінде қалыптасқан адамдардың мәні. Мұны адамның әлеуметтік сипатының бастамасы деп те атайды. Нақтылап айтсақ, тұлға дегеніміз, индивидтің табиғаттан тыс адами қасиеті, яғни оның әлеуметтік өмірінің мәнді жақтарын сипаттайтын сапасы.

Тұлғаның әлеуметтенуінің әлеуметтік-психологиялық факторлары жалпы түрде екі топқа бірігуі мүмкін:

2) әлеуметтенудің әлеуметтік-мәдени жағын көрсететін және оның тарихи, мәдени, ұлттық ерекшеліктері мәселелерін қарастыратын әлеуметтік топ;

3) белгілі бір деңгейде тұлғаның өмір жолының кезеңдерімен анықталатын жеке-тұлғалық топ.

В.Г. Крысько тұлғаның әлеуметтенуінің үш факторын (микрофактор, мезофактор, макрофактор), механизмдері мен құралдарын көрсетті.

Микрофактор – жанұя, микроәлеумет, тәрбие институттары, діни ұйымдар;

Мезофактор – этнос, аймақтық шарттар, елді мекен типі, жаппай қарым-қатынас құралдары;

Макрофактор – мемлекет, қоғам, ел, мәдениет.

Адамның тұлға болып қалыптасуы этностан тыс мүмкін емес, онда э-я пәніне «этнос және тұлға» мәселесі кірген маңызды.

Сонымен, Бороноев ұсынған контекстке мұндай түсінік, э-ның пәндік ауданы – этностық сананы оның барлық тарихи формаларында және тұлғаның бағаларын құрастыруға әсер ету жолдары болып табылады.

Бүгінгі таңда мектептің, жоғарғы оқу орындарының басты мақсаты, білімді, мәдениетті, шығармашыл, белсенді және адамзаттық құндылықтары толысқан тұлға қалыптастыру болып табылады.

Жеке тұлғаның қалыптасуы мен дамуы бастауыш сынып жасындағы балаларда қарқынды жүретіні белгілі. Өйткені барлық қабілет-қасиеттердің негізгі мектепке дейінгі кезеңде қаланып, кейінгі жаста терендей түсетіні психология, педагогика, психофизиология ғылымдарында теориялық және тәжірибелік тұрғыда дәлелденген.

5.2 Тұлғаның этноәлеуметтенуі және мәдениеттенуі

Тұлғаның автономдылығы әлеуметтік тәжірибиесі мен әлеуметтік байланыстар жүйесін өзектендіріп қана қоймайды, сонымен қатар жаңа индивидуалдық тәжірибиелердің құрылуына әкеледі. Әлеуметтік тұрпылану және тұлғалық автономдылық тенденциялары әлеуметтің қоғамдық өмірде адамның нышандарын, қабілеттерін рухани және субъективтік жағынан өндірілуін көрсетеді.

Әлеуметтену – үздіксіз үдеріс. Оның әр кезеңі анықталған тапсырмаларды шешу барысында бөлінеді. Әр өзіндік тапсырмалар адам бойында белгілі ережелер негізі – жаңсақ нанымдар қалыптасып отырады да, соңында адамның мінез-

құлық нәтижесін байқататын өзіндік сана құрылымын құрайды.

Сонымен, әлеуметтену адамның болмыстық ортада референтті және индиферентті өзін өзі дамытуынан көрінеді. Әлеуметтенудің кезеңдерін анықтау, оның еңбек іс әрекетінде жүретіндігінен басталатындығын көрсетуге мүмкіндік береді. Еңбек іс әрекетіне байланысты, әлеуметтенудің келесі кезеңдерін көрсетуге болады.

1) еңбекке дейінгі, яғни адамның еңбек іс-әрекеті басталғанға дейінгі өмір сүру аралығы

2) еңбектік, адамның есейгендігін көрсететін кезең. Еңбек уақытының демографиялық шекаралын бөліп көрсету қиынға соғады. Себебі, тұлға әлеуметтік бағытын, құндылықтарын еңбек ету барысында қалыптастырады.


3) еңбек етуден кейінгі уақыт, яғни еңбектік іс-әрекеттің тоқтатылған кезі. Бұл зейнеткерлік қарсаң, мүгедектік бойынша еңбектен қалуы

Әлеуметтену процесі адамның әртүрлі әлеуметтік рөлдерді атқарып, өзін әр қырынан көрсетуіне мүмкіндік береді. Осыған байланысты тұлғаның мәртебелік рөлдік қатынаста өзара әрекет етуі туралы мағлұмат алуға болады

Тұлғаның этноәлеуметтену процесін Тежфел мен Тернердің әлеуметтік біртектілену теориясымен түсіндіруге болады. Олар адамның өз пікірін анықтаудың екі жолын көрсетеді: бірі өз жетекшілері арқылы, екіншісі өзінен өзі нақтылы топқа жатқызуы арқылы: Менің істеген әрекеттерім өзіме ұнап, өз жетістіктеріме негізделіп, солар арқылы өзіме өзім ұнауым негізгі мақсатым болуы. Әрине, бұл жағдайда өзім өз жетістігімнің қызуымен жүремін.

Әрине, бұл кезде адам өзін белгілі әлеуметтік ортада біртектіленуін сезінуі қажет. Яғни, әлеуметтік ортада өз орнымды табуға тырысуым керек. Соған орай, өзіндік бағам өз пікіріме негізделген қажеттіліктердің қанағаттануы деген жаңсақ нанымдар пайда болмақ.

Таптаурындану мен жаңсақ нанымдар әлеуметтік қабылдауға байланысты болғандықтан жаңсақ нанымдардың пайда болу негізі де сонда дей аламыз. Ендеше, этностық жаңсақ нанымдар тұлғаның этноәлеуметтенуінен туындайды.



Сурет 2- Тұлғаның этностық әлеуметтену факторы

Тұлға өзінің этноәлеуметтену барысында өз халқына тән мінез бітістерін, мінез-құлық таптауырындарын, эмоцияналдық мотивациялық ерекшеліктерін, талғамын, басқа да тұлғалық қасиеттерін өз бойына сіңіреді. Осыған орай ұлттық тұлғаның этностық әлеуметтену процестері қоғамдағы тарихи-әлеуметтік, саяси-экономикалық жағдайларға байланысты, этноәдени құндылықтардың, қарым-қатынастың сонымен қатар танымдық іс-әрекеттердің тұлға санасына әсе етуі негізінде жүзеге асады.

Сонымен, қазіргі кезде ұлттық тұлғаны қалыптастыру оның әлеуметтену және мәдениеттану жүйелерімен сабақтастырыла қаралуда. Себебі, оның мінез құлқы, келбеті өмірлік бағыт

бағдары жоғарыда көрсетілген құндылықтыр негізінде қалыптасады.

Бұл суреттен ұлттық тұлғаны қалыптастырудағы негізгі факторлар тарихи-әлеуметтік, саяси-экономикалық жағдайлар, тұлғаның күнделікті кездестіретін, біріккен іс-әрекетке түсетін әлеуметтік ортасы, этномәдени құндылықтар және қарым қатынастар мен танымдық іс-әрекеттер екендігін көреміз.

Мәдениет ұлттық сана сезімнің бір біріне деген қатынасы белгілі-бір халықтың ұлттық сана сезімімен оның ұлттық мәдениетінде ең кең және нақты көрінеді. Ал осы мәдениетті меңгеру арқылы жанның және этностық қауымдастықтың жаңа ұрпақтарының ұлттық сана сезімі қалыптасады.

Тек қана рухани мәдениетке ұлттық сана сезімнің бүкіл жақтары көрінеді, басқаша айтқанда халық тарихының бірлігі, туған жер, туған тіл, яғни, халықтың негізгі ерекшеліктері туралы түсінік.

Кейбір зерттеушілердің айтуынша ұлттық сана сезімге мәдени қауымдастықтарға саналы түрде қатынасы да кіреді.

XXғасырдың II ші жартысында мәдениет психиканың ұлтаралық ерекшеліктерді қалыптастырудың негізгі факторы екендігі барлықтарға мәлім. Мәдениеттің көптеген қызметтерінің ішінде оның адамдардың мінез-құлқын анықтайтын реттеушілік қызметі, Ю.М. Лотман «қоғам үшін индивидтің барлық қылықтары орын алады».- деген.

Сонымен мәдениет әлеуметтік мінез-құлыққа әсер етіп, тұлғаның социопсихологиялық мінез құлықын негіздейді. Бұл мінез құлық осы мәдениеттің типтік бағдарламаларын анықтап және осы қауымдастыққа тән жағдайлардағы мінез-құлқын реттей отырып, индивидті өзіндік дара шешімдерді қабылдаудан босатады. /Асмолов/

Мәдениеттің типтік бағдарламалары салт-дәстүрлерде, әдет ғұрыптарда және басқа рухани құндылықтарда өз көрінісін табады. Әр мәдениеттің салт-дәстүрі ұлттық сана сезімді қалыптастыру механизмдері болып табылатын бір-бірімен тығыз байланысатын элементтерден, әдет-ғұрыптардан, құндылықтардан, нормалардан, пікірлерден, наным-сенімдерден тұратын тұтас күрделі жүйе болып табылады. Ол әлеуметтену процесінде жүзеге асады.

Жеке адамдық немесе даралық адамның әлеуметтілігі, әлеуметтік дамуы және нәтижелі саналы іс- әрекетке дайындығы деп анықталады. Тұлғаның мазмұнын осылай түсінуге, оның қалыптасуына қоғамның барлық әлеуметтік қатынастар жүйелері және әлеуметтік өндірістік бүкіл түрлері үлкен әсер етеді. Әрбір индивид өзінің дамуында екі жақты детерминацияға ұшырайды: мәдени объективті және мәдени психологиялық.

Мәдени- объективті детерминацияның ішіне заттық, орта, ұлттық мәдениеттің объективтіленген элементтері және табиғи ландшафттық жағдайлар жатады.

Мәдени-психологиялық детерминация дегеніміз – ұлттық сана сезімнің элементтері, әлеуметтік тарихи ес. Бұл жерде әлеуметтіліктің негізгі бөлігі тарихи бөлімге және тәжірибеге, ұлттық сана сезімнің нормативті элементтеріне көп назар аудару керек.

Тұлғаның рухани бейнесін қалыптасуында объективті мәдени «тіл» факторы үлкен орын алады. Жеке адамның тілдік этностық байланысты өте күрделі. XXғасыр басында В.Гумбольдт әлемді көрудің ерекше көріністің, ішкі тілдік факторлар мен халық рухы арасындағы үзілмес байланысының бар болуы туралы ой айтқан. Сонымен, тіл адамның әлеуметтенуінің Іші формасы.

Көптеген этнопсихологиялық мектептер мәдениетпен жеке даралық қасиеттердің арасындағы байланысты зерттеуге бағытталған. Америка мәдениеттанушысы М.Херсковиц былай деген: « Мәдениет – адамның қолдан жасаған ортаның бір бөлігі, табиғи еместің барлығы -мәдениет»

Тұлға әлеуметтенудің қандай да болмасын мәселелерін қарастырғанда олардың барлығы баланың өз халқының мәдениетіне кіруімен – инкультурациямен байланысты. М.Херсковицтың әлеуметтену және инкультурация ұғымдарын ерекшелегенде инкультурацияны индивидтің адамзат қоғамына интеграция, әлеуметтік рольдерді атқаруға қажет тәжірибиені жинау деп түсіндіріледі. Инкультурацияның нәтижесінде мәдениетті, тілді, салттарды, құндылықтарды т.с.с жақсы меңгерген адам.

Херсковиц инкультурацияның топтық деңгейде мәдениеттің дамуын, белсенді қызмет етуін қамтамасыз ететін екі деңгейін қарастырады:

Балалық шақ – бұл деңгейде мәдениеттің құндылықтарын, нормаларын, тілді меңгеру өтеді. Бала инкультурация процесінің пассивті элементі емес, оның құралы болады.

Қазіргі кезде этнопсихологияда «мәдени трансмиссияға кіруі аяқталмайды. Бірақ осы деңгейде инкультурация мәдениеттің жеке фрагменттері жаңалықтар, жаңа идеялармен байланысты. Бұл деңгейдің негізгі ерекшелігі - индивидтің мәдениет арқылы берілетінін қабылдау және қабылдамау, пікір талас пен шығармашылықтың мүмкіндігі» термині қолданылады, ол дегеніміз инкультурация жөнге әлеуметтену процестерінен тұратын механизм, оның көмегімен этностық топ, өзінің жаңа мүшелеріне, ұрпақтарына мұра ретінде береді. Осыған орай трансмиссияның үш түрін көрсетуге болады:

Вертикалды трансмиссия - мәдени құндылықтар, сенімдер, дағдылар ата-аналардан балаларға беріледі.

Горизонтальды трансмиссия - бала туғаннан бастап есейгеніне дейін өз құрдастарымен қатынас жасағанда әлеуметтік тәжірибе мен мәдениетті, салт-дәстүрлерді меңгереді.

Тікелей емес трансмиссия - индивид әлеуметтену институттарында (мектептерде, вуздарда) және оның ата-аналары мен үлкендері практикасында оқиды.

Сонымен тұлғаның қалыптасуына мәдени - психологиялық әсері рухани бейненің этностық құндылықтарының белсенді меңгеруімен байланысты. Бұрынғы замандардан бастап соғыстар мен стихиялық қайшылықтар, бағыты іздеу және қызығушылық адамдарды жер бетінде көшіп, қонуға ықпай етеді. Олардың көпшілігі - оралмандар -туған жерлерін тастап кетеді. Визитерлер (дипломагтар, миссионерлер, студенттер) ұзақ уақыт бойында бөтен мемлекетке өмір сүреді. Туристер, ғылыми конференциялардың мүшелері т.с.с. үйреншікті емес жағдайда қысқа уақыт бойы тұрады.

Зерттеушілер әр-түрлі мәдениеттер мен этностар мүшелерінің жағымды өзара қатынас жасаудың көптеген факторларын қарастырды:

-территория, ол бір немесе бір ғана топтың өзінікі болуы мүмкін;

-өзара әрекеттің ұзақтылығы (көп уақыт, аз уақыт, күнделікті);

-мақсат (өзара іс-әрекет ету, оқу, бос уақытты өткізу);

-қоғамның өміріне кіру типі (бақылаудан белсенді қатынаска дейін);

-контактылардың жиілігі мен тереңдігі;

-статустар мен құқықтардың біркелкілігі;

-сандық қатынасы /көп және аз/;

-ерекшелік көрсеткіштері /тіл, дін, нәсіл/.

Мәдениаралық бийімділікті зерттеу үлкен маңызға ие, оның көмегімен адам жаңа мәдени ортаға бейімделеді, бұл осы процесің нәтижесі болып табылады. Бейімділіктің өмір сүрудің толықтығы мен қанағаттанарлық сезші арқылы көршетш ішкі жағын және жаңа топтың әлеуметтік мәдени өміріне қатысу арқылы көрінетін сыртқы жағын ажыратуға болады.

Мәдениаралық мәселесіне деген қызығушылық XX ғ. басында пайда болды. Р.Редфильд, Р.Линтон және М.Херсковиц деген ғалымдар *аккультурация* мәселесін де зерттеген және оған топтың басқа топ мәдениетімен ұзақ уақыт тікелей қатынас нәтижесі ретінде бір немесе екі топ партнер л ер інің мәдениетінің өзгеруінде көрінеді деп атаған

50жж.психологияда мынадай мәселелерге: соғыстан кейінгі мигранттардың, олардың патологиялық феномендеріне (невротикалық және психосоматикалық бұзылыстар, ауытқыған және мен қылығыстық жүріс -тұрыс т.с.с) деген қызығушылық пайда болды.

Жаңа мәдени ортаға бейімделу процесіне әсер ететін факторлар:

Даралық ерекшеліктер - демографиялық және жеке адамдық (балалар және жас адамдар тез бейімделеді, әйел адамдар, қарт адамдар қиын бейімделеді).

Өмірлік тәжірибенің жағдайлары (командировкалар, көшіп-қону).

Бейімділікке әсер ететін топтық факторлары ретінде өзара әсер ететін мәдениеттердің мінездемелерін айтуға болады:

• Мәдениеттер арасындағы ұқсастықтар немесе айырмашылықтар;

• Оралмандар мен визитерлердің мәдениеттерінің ерекшеліктері;

• Жаңа мемлекеттің ерекшеліктері;

С.Боннер мәдениаралық қатынастың топқа деген салдарының торт жалпы категорияларын көрсеткен:

Геноцид - яғни қарсы топты жоққа шығару.

Ассимиляция - доминанттық топтың салт - дәстүрлерін, наным-сенімдерін, нормаларын өз еркімен немесе өз еркінсіз қабылдау, осы топтың ішіне толығымен бейімделу.

Сегрегация - топтардың ерекше дамуына бағытталу

Интеграция - топтардың өзіндік мәдени біркелжілігін сақтап қалу, олардың қосылу немесе бірлікті өмір сүру жағдайында.

Дж. Берри осыған ұқсас өз концепциясын ұсынды. Оның айтуынша индривидтерде және топтарда *аккультурацияның* төрт стратегиясы бар:

интеграция - топтар өз мәдениетін сақтап қалады, бір уақытта өз арасында тығыз байланыстар пайда болады

ассимиляция - топтар өз мәдениетін жоғалтса да, өз мәдениетімен байланысын жоғалтпайды

Сепаратизм – топтар өз мәдениетін сақтап қалады, басқа топтармен байланысқа түспейді.

Маргинализация – топ және оның мүшелері өзінің мәдениетін жоғалтады, басқа мәдениетпен тығыз байланыс құрамайды.

Нәтижелі бейімдеу үшін мәдениаралық өзара қатынасқа дайындық қажет. Ол үшін индивидті дайындаудың бірнеше тәсілдері бар. Олар үш аспектіден тұрады:

-оқыту тәсілі бойынша дидактикалық немесе эмпирикалық;

-оқытудың мазмұны бойынша жалпы мәдени немесе мәденипекиялық;

-жалпы нәтижелеріне жету сферасына байланысты когнитивтік, эмоцияналдық немесе мінез құлық

Бағыттау мақсаты – адамды жаңа отамен тез таныстыру, оның негізгі нормалары мен құндылықтары, сенім нанымдар.

Инструктаждың максаты мүмкін болтын мәселелерге кең көзбен қарауды немесе жаңа ортаға бейімделудің кейбір аспектілеріне назар аударуды қамтамасыз ету.

Басқа топтардың мүшелерімен практикалық тікелей өзара әрекеттенуді тренинг қамтамасыз етеді.

5.3 Ұлттық тәлім-тәрбие беру арқылы балалардың этностық өзіндік санасын, ұлттық тұлға ретінде қалыптасуын нығайту

Қазақстан Республикасындағы мектепке дейінгі педагогика-психология ғылымында да тұлғаның түрлі сапаларын тәрбиелеу үшін оқыту әдісі ретінде ұлттық дәстүрлерді пайдаланудың мүмкіндіктері белсенді түрде зерттеліп, балалардың тілінің дамуы мен көркемдік талғамының, еңбек дағдыларының т.б. қалыптасуы қадағаланып, қазақ тілді мектепке дейінгі мекемелердің тәжірибесінде балалардың бойында *ұлттық психологияны* қалыптастыру бағытында тәрбие үрдісіне баса назар аударылып келеді.

Қазақ балабақшалары мен мектептерінде балаларды ұлттық тәлім-тәрбие бағытында оқытуға жаңа мазмұн беру керек, сонда олардың бойында *ұлттық сана-сезімнің* оянуына мүмкіндік туады. Қазақ балаларын оқытуға жаңа мазмұн беру дегеніміз не? Бұл балалардың ақыл-ойы мен сезімін, қоршаған өмір мен құбылыстарды бақылап-сездіретін дамытуға ықпал ететін әдіс-тәсілдерді іздестіре білу. Осы әдіс-тәсілдердер оның санасы мен сезіміне жол тауыш, *ұлттық тұлға* ретінде қалыптасуын нығайтуы қажет.

Ғалымдар, педагогтар, психологтар (және ата-аналар) қалыптасқан жағдайды ескере отырып, бұларсыз балаларға ұлттық тәрбие берудің тиімділігі мүмкін болмайтын басты әдіснамалық мәселелерді анық елестетулері керек. Бірінші мәселе, мектеп жасына дейінгі балаларға ұлттық тәлім-тәрбие берудің психологиялық аспектілерін анықтау болып табылады; екінші – баяндаудың, жаттатудан бас тартып, балалардың *этностық өзіндік санасының* оянуы мен қалыптасуына негізделген тәрбиелік ықпалды белгілеу; үшінші – ұлттық тәрбиенің әдіснамалық мәселесі – үрдісінде 6–7 жастағы

балалардың этностық өзіндік санасын қалыптастыруда педагогтің алдындағы практикалық міндеттерді түсінуі.

Ұлттық тәлім-тәрбиенің психологиялық аспектісі ұлттық психология болып табылады. *Ұлттық психология* көп жақты, көп қырлы, түрлі реңкті, тікелей және қарсы әрекеттердің, өзара ықпалдардың, түрлі күштердің, процестер мен оқиғалардың шексіз қиысуларының жемісі.

Ғылыми әдебиеттерде ұлттық психологияның құрылымын ұлттық мінез, ұлттық сезім, ұлттық өзіндік сана құратыны бекітілген. Ұлттық сана пайда болмаған жағдайда ұлттық сезім де, ұлттық мінез де қалыптаспайды деп есептейміз. Біздің бұл көзқарасымыз Н.Елікбаевтың «...белгілі бір ұлт өкілі емес адам жоқ. Соған сәйкес ол ұлттық психологиясын алдымен өз ұлтын сезінуден, оған жауапкершілікпен қараудан бастауы тиіс» деген қорытындысына және ресейлік бірқатар ғалымдардың тұжырымдарына негізделеді.

Этностық өзіндік сананы қалыптастыруда тәрбиеші-педагогтың әдіснамалық мәдениеті мақсатының келесі бағыттарын белгілейміз:

1) әрбір ұлт адамзат мұрасының бөлшегі, сондықтан ол жалпыадамзаттық сипат пен құндылықтарды жеке алып жүруші;

2) барлық балалар бір-бірінен тілімен, дінімен, этностық тегімен, салт-дiстүрлерімен ажыратылатын халықтардан тұратын үлкен бір дүниенің бөлшегі;

3) бір-бірімен байланысты барлық елдер мен жеке ұлттар, айырмашылықтарына қарамай, бірін-бірі сыйлап, өзі өмір сүріп отырған ортақ дүние жетілдіруге өз үлесін қосуға міндетті;

4) ұлттық өзіндік сана мен абыройды меңгерген, жалпыадамзаттық қауымдастықтың бір элементі ретіндегі ұлттық мәдениетті сақтап, оны көбейтуге ұмтылатын жан-жақты дамыған тұлға негізін қалау.

Этностық өзіндік сана – психологиядағы ең күрделі әрі маңызды мәселелердің бірі. Оның пайда болуының психологиялық жағдайларын анықтау мен дамуындағы ұнамсыз ауытқулардың басты себебін табу бала тұлғасын дұрыс қалыптастыру үшін ерекше маңызды.

Бала санасының ұлттық рухта қалыптасып, оларда ұлттық мәдениет пен рухани құндылықтар туралы тұтас ұғым түзілуіне

түркі әлеміне ортақ ежелгі әдеби мұраларда (VI-VIII ғғ. – Орхон-Енисей жазба ескерткіштері, Қорқыт ата, әл-Фараби), түркі гүламаларының (XI-XIV ғғ. – Ж.Баласағұни, М.Қашқари, А.Жүйнеки, Қ. Иассауи т.б.) психологиялық идеяларында, қазақ ақын-жырауының (XV-XIX ғғ. – Асанқайғы, Қ.Жалайри, М.Дулати, Шалкиіз, Жиебет, Ақтамберді, Бұхар, Шал ақын, Дулат, Махамбет т.б.) этнопсихологиялық ой-пікірлерінде ерекше мән беріледі. XIX ғ. екінші жартысы мен XX ғ. бірінші жартысындағы қазақ ағартушы-ғалымдары мен қоғам қайраткерлері, психолог және педагог ғалымдары (Ш.Уалиханов, А.Құнанбаев, Ы.Алтынсарин, А.Байтұрсынов, Х.Досмұхамедов, М.Дулатов, Н.Құлжанова, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, Т.Тәжібаев т.б.) тұлғаның қалануын оның ұлттық өзіндік санасының қалыптасуымен бірлікте іске асыруды көздеп, онда баланың жас ерекшеліктерін ескеруге және оқыту мен тәрбиелеудегі әдіс – тәсілдерге үлкен көңіл бөлген. Олар ұлттық өзіндік сананың қалыптасуына бастауыш мектепте тәрбиелеу мен оқытуға ерекше рөл береді.

Философиялық, психологиялық, социологиялық т.б. ғылыми әдебиеттерді теориялық талдау мен өзіміздің эксперименттік зерттеулерімізге сүйене отырып, мектепке дейінгі 6-7 жастағы баланың өмір тәжірибесінің көлеміне қарай оның этностық өзіндік санасының пайда болуында:

1) *өз халқының рухани және материалдық салт-дәстүрлері туралы білім көлемінің болуын* (ұлттық тұрмыстық заттар мен бұйымдардың атаулары мен қызметін, туған елі мен жерінің табиғатын, ата кәсібін, мәдени дәстүрлерін білуі, өзге мәдениетпен салыстырғанда оның өзіндік ерекшелігін танып, ажыратуы);

2) *оларға деген оң қатынасын* (өз халқының мәдени мұрасын өзіне жақын қабылдауы, одан әсер алып, мақтаныш тұтуы, туған ел мен жеріне, оның табиғатына деген сүйіспеншілік сезімінің көрініс беруі);

3) *этностық дүниетанымның қалыптасуы* (өзінің және өзгелердің этностық әлеуметтік Менін түсіну; қарым-қатынаста өзінің ұлттық мәдениетін, әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрін басшылыққа алу; өзге ұлт мәдениетіне толеранттық (гөзімділік) қатынаста болу) басты өлшемдер мен көрсеткіштер деп санаймыз.

Этностық өзіндік сананы қалыптастыру күрделі әрі көпқырлы үрдіс. Дегенмен бұл үрдісте оны қалыптастырудың негізгі кескінін, моделін құрайтын, өзара байланысты, басты үш құрамдас бөлігін көрсетуге болады:

Этномәдени сәйкестену. Мектеп жасына дейінгі балаларда этностық өзіндік сананың пайда болуы «ұлт», «ұлттық» ұғымдарын меңгеруден, ұлттық материалдық және рухани мәдениет құндылықтары мен оларды этнобіріктіру және этнобөлу белгілерін түсіну арқылы, өзін және өзгелерді нақты бір ұлттық мәдениетпен сәйкестендіруден бастау алды.

Этномәдени бағыттылық. Этностық білімдерінің негізінде 6–7 жаста балада өзіне, өзге адамдарға, қоршаған дүниеге, мәдениет құндылықтарына ерекше (жартылай ұғынылмаған және ұғынылған) қатынасы – эмоциялық–бағалау сезімі пайда болып, этностық автотаптаурындар қалыптасады.

Ұлттық–мәдениетке сәйкес түсініп, әрекет ету. Баланың этностық–танымдық, эмоциялық–мотивациялық және сезімдік сферасының дамуы оның өз шамасына лайық дүниені түйсінуі мен этностық дүниетанымын қалыптастырады. Сонымен қатар, мектепке дейінгі жастың соңында өзін әрекет субъектісі ретінде саналы ұғынаты бала, ұлттық тәлім–тәрбие арқылы белгілі бір ұлттық мінез–құлық нормалары мен ережелерін орындаушы субъект ретінде де түсіне алады. Екінші кезекте ол өзін этносаралық қарым–қатынас субъектісі (әлеуметтік субъект) ретінде де саналы ұғына бастайды. Өзінің осы этностық әлеуметтік Менін түсіну және осының негізінде пайда болатын ішкі бағдары этностық дүниетанымға сәйкес қажеттіліктер мен ұмтылыстарды тудырады.

Ұлттық тәлім–тәрбие беру арқылы 6–7 жастағы балалардың этностық өзіндік санасын қалыптастыру әдістемесі өзара байланысты үш сатыдан тұрады.

I–сатыда шындықтың ұлттық саласына эмоциялық–мотивациялық қатынасты құру арқылы ұлттық мәдениетпен сәйкестену механизмі іске асырылады. Осының арқасында:

а) балалардың «ұлт», «ұлтқа қатыстылық» туралы түсініктері қалыптасады;

б) іс–әрекет пен мінез–құлықтың адамгершілік–моральдық нормалар мен ережелерге сәйкес келуін қамтамасыз ететін ұлттық дәстүрлердің мәні мен мазмұны ашылады.

2-сатыда ұлттық мәдениетке эмоциялық-бағалау сезімін қалыптастыру арқылы белгілі бір мәдениет өкілі ретіндегі өзінің бірегейлігіне, өзіндік құндылығына оң қатынасы өндіріледі.

а) өзінің ұлттық мәдениеті мен құндылықтарын қабылдауы мен жағымды әсер алуы, мақтан тұтуы мен сүйіспеншілік сезімі оянады;

б) өзге ұлт мәдениетіне толеранттық сезімі тәрбиеленеді.

3-сатыда таңдаудың еркіндігі жандайында ұлттық салт-дәстүр тұрғысынан әрекет етуге ішкі қажеттілігі қалыптастырылады. Осының нәтижесінде:

а) балада жаңы ұлттық құндылықтарға бағытталудың адекватты мотивтерінің және екінші сатыда пайда болған жаңа құрылымдар: өз ұлтының құндылықтарын өзіне жақын қабылдау, жағымды әсер алу, сүйіспеншілік сезімдерінің негізінде үлгішілдік және ұлтаралық қарым-қатынастарда нақты ұлт өкілі ретінде әрекет ету қажеттілігі қалыптасады.

б) ұлттық қатынастарға дұрыс бағыттана алу қабілеті рефлексияны – қамтамассыз ету арқылы «ұлт», «ұлттық» бұл кеңістіктен және уақыттан тыс өмір сүретін абстрактылы адамдар емес, ұлттық мәдениетті (эмоциялық ассоциациялар тілді және тілдік шығармашылықты, дағдылар мен әдеттерді еңбек іс-әрекеті мен көркемдік кәсіп, балаларды тәрбиелеу дәстүрлері) нағыз алып жүрушілер екендігі туралы дүниетанымы (этностық дүниетанымы) дамиды. Осының негізінде олардың өзіндік санасында аса маңызды бағдар – өзімен тепе-тең ретінде адамның адамға қатынасы қалыптасып, балалар оң ұлтаралық қатынасқа бағытталады.

Қазақ отбасында рухани құндылықтар. Қазақ отбасының негізгі ұлттық құндылықтарына:

1) бала тәрбиесіне байланысты дәстүрлер;

2) ересектер мен кішілердің отбасындағы белгіленген оры мен өзара қарым-қатынаста оны басшылыққа алу жатады. Отбасы өмірінің осындай тәртібі, өзара қарым-қатынасы, қалыптасқан құндылықтар жүйесі мен қажеттіліктері көп жағдайда адамның дүниетанымын, сенімі мен мінезін, соған сай жасайтын іс-әрекеттерін қалыптастырады.

Отбасы дәстүрлер мен рухани құндылықтарлы қолдау балалардың өзінің этностық тобымен сәйкестену мен оны оң,

жағымды қабылдауын тереңдетіп, ұлтшілдік және ұлттаралық қарым-қатынастарда дұрыс бағдарлану іскерлігін өндіреді. Ұлттық рухани құндылықтар балалар мен олардың ата-аналарын осы құндылықтарды бөлісетін өзге туған-туыстарымен байланыстырады. Отбасының психологиялық жәйі оңды болу үшін кішілердің ересектерге қатынасы төтенше маңызды. Барлық уақытта өмір тәжірибесінен ақыл түйген адамдар ұрпақтарына ересектерді сыйлау, сүю, қамқорлық жасау сияқты рухани өсиет қалдырған. Осы орайда балалар тек әке-шешесімен ғана емес, ең алдымен, ата-әжелерімен жылы, тығыз байланыста болуды үйреніп, оларда көптеген ұрпақтар арқылы жалғасып келе жатқан біртұтас отбасылық сезім пайда болуы керек. Қазақ отбасындағы қарым-қатынас мәдениетінің арқауы да нақ осы болса керек.

5.4 Ұлттық психология тұрғысынан танымдық процестерді талдау

«Әлеумет тұрмысы», «жазбалы мағлұмат», «халықтың ащы тәжірибесі», «әлеумет көзі», «жасампаз символика», «дүние теңізі», «киіз туырлықты қазақ» және т.б. осы сынды ұғымдар тізбегін, халықтық пәлсапа, ұлттық сана тіркестерін жанына медеу еткен ғалым шаруашылықтың «заман талқысымен» өзгеретінін, ал «салт-сананың өз заңымен» жүретініне дәлел ретінде ежелден сақталып келе жатқан үдерістерге, «көшпеліліктің дүние қарасының теңізіне құрылған философиясына» назар аудару. «Қазақ өмірін, қазақ тұрмысын», оларды «таныстыратын әңгімелер» мен «пәндерді», «сүгіреттерді» жоғары бағалаған ғалым тіл танымдық деректердің маңызына ерекше тоқталды, оларды өз елінің болсын, жат елдің болсын «мәдениеті, әдебиетімен танысу» амалы, «жер жүзіне тиісті нәрселерді» білу құралы деп таныды.

Ф.Соссюрдің “тіл - қоғамдық құбылыс” деген көзқарасын қолдай отырып, тілші “тіл қоғам қатынастары жүйесінде ғана адам мен адам арасында ғана жарыққа шығады”, - деп атап көрсетті. Әр тілдік ұғымның кезеңдік даму ерекшеліктерін талдай келе, Қ.Жұбанов ой туралы, оның тіл білімінде зерттелуі жайлы бірнеше пікірлер келтірді. Атап өтсек, тілші еңбектерінде «осы

күнгі «жан», «рух» мәселелерінің бүгінгідей психика, психология тұрғысында емес, мистика, спиритизм нысаны ретінде ғана сөз болғаны аталды. Формалистер “ой” десе-ақ зірк ете қалатын болды. Формалистер “Сөйлемде ой болса болар, бірақ сөзде болмайды”- дейді. Мағынаны мүлде жауып қоятындарын осы ғалымдардың басқалары ультра-формалист деп атайды” деген тұжырымдардың тым біржақты сипат алғандығын дәлелдеу арқылы тілші «психологиялық қиялдау», «тану, ойлау, ат қою», «ойды сөзсіз ым арқылы жеткізу», «түрлі қасиеттерді біліп үйрену» секілді мәселелерге мән берді. Ғалым тілдік механизмдердің бір бөлшегі ретінде алынатын сөзді де, сөйлемді де ой жемісі ретінде, жеке ұғымдарды біріктіретін жиынтық есебінде түсіндірген дұрыс деп есептеді. “Сөздің құрылысы мағынаға сәйкес өзгереді. Бір мағынаның өзі әр жерде әр қырынан танылады. Сөйлем (суждение (мысль) - осының сыртқы түрі (көрінісі). Әр сөз өз алдына жеке ұғым (представление)...” дей келе, осындағы «ұғым» сөзін автор заттың не болмаса құбылыстың «неше түрлі қасиеттерін біліп үйрену», сол арқылы «...үйренуіміздің жинағын ұғым (представление)» деп қабылдау қажеттігін дәйектеді. Айталық, “Киіз үйдің түндігінен жарық түседі, терезе де жарық түсіреді. Сондықтан Алтай елінде терезені түндік дейді” деген ұғым сипаттамасы халық қабылдауында орныққан баламалы танымның негізін құрайды. Мұндай “ұлттың немесе халықтың “ұжымдық санасындағы ассоциациялар” арқылы тілші кез келген сөздің этноментальді ерекшелігін айқындады. Ұғымды қалыптастыратын белгілі бір орталар мен этникалық қауымдастықтар болатынын ескерсек, адам санасында туындайтын алуан түрлі сөздер мен сөз тіркестері де, бір жағынан, «үйрену арқылы» этнопсихологиялық танымнан нәр алса, екінші жағынан, әртүрлі жағдайларға тәуелденіп, белгілі бір эмоционалды-экспрессивті бояуларға немесе “көңіл райын” сипаттайтын ерекшеліктерге ие болады. Ғалым адам болмысының жаны, көңіл-күйі, олардың берілу амалдары туралы маңызды ой қорытындыларын “Көңіл одағайлары” деген бөлімінде түйіндеп берді.

Ой мен таным негіздері қатар жүретін өлшемдер болғандықтан, ғалымның инфра- және экстралингвистикалық факторларды байланыстырған, шығыс елдерінің танымдық

пәлсапасын саралаған тілдік деректеріне де ерекше мән беру қажет.

Автордың “Қазақ музыкасындағы күй жанрының пайда болуы жәйлі” (тіл мен тарих деректері) деп аталатын мақаласы эстетикалық таным мен халықтық дәстүр ұғымдарын сабақтастыруға негізделген. Мұнда ғалым өзінің зерттеу, баяндау принциптерін келесі үлгіде түсіндірді: “Күйдің пайда болу тарихын зерттеу үшін, біздің ойымызша, мынадай материалдарды пайдалануымыз керек:

Бірінші: біздің музыкамыз жайында түрлі мәдениетті елдердің жазып қалдырған тарихи деректері;

екінші: халықтың музыкаға байланысты тарихи идеологиясы;

үшінші: сол идеологияның бірі болған тіл материалдары. Тіл материалы дейтініміз – түрліше музыка терминдері, бұлар мен басқа сөздердің мағынасының арасындағы байланыстар;

төртінші: ең маңыздысы – музыканың өз материалдары;

бесінші: осы жоғарыда айтылған материалдарды топтағаннан кейін, қазақтың халық музыка шығармаларын басқа жұрттың шығармаларымен салыстырып, солармен арасындағы байланысын, бір-біріне жасаған ықпалын, бірі мен бірінің араласып айкасқанын тексеру” яғни әр халықтың мәдениеті, өнері сол этностың танымымен, тілімен, тарихымен тұтастықта дамитынына ғалым ерекше зер салды. Тек әуенге негізделетін күйдің де астарында ортаның пәлсапасы, мінез-құлқы көрініс табады деген ғалым ойларының желісі терең логикалық қорытындылармен дәйектеліп ұсынылды.

“Халықтың музыкамен байланысты салт-санасын, идеологиясын зерттеген уақытта алдымен ескеріп өтетін нәрсеміз – сол музыканың өзінің шыққан ортасы” немесе “Әбдіқадыр әр елдің музыкасы сол елдің өзінің мінез-құлқына лайық болатынын айта келіп, жауынгер түрік музыкасы жауынгерлік рух беретін түрде болатынын айтады” секілді тұжырымдар адамның өсіп-өнген ортада қалыптасатынын және оның ой мен сезім елегінен туған дүниелері сол әлемнің құндылықтарынан сусындайтынын дәлелдеуге мүмкіндік береді.

Музыка этникалық танымның құралы ғана емес, ол сол халықтың психологиясын, бар болмыс-бітімін әлемге таныстырушы символдық құрал болып табылары сөзсіз.

Қ.Жұбанов күй негізін құрайтын сюжеттердің де наным-сенімнен, тылсым күштердің құдіретінен нәр ала пайда болатындығын ескертті: “Қазақтың өзінің түрлі күйлері, әндері жайындағы сөздерін алып қараған уақытта да музыкаға артықша ірі баға бергендігін, табиғаттан тыс күштерге ие қылып қойғанын көреміз...”

Табиғаттан сыртқы бір ірі күштер мен адамның астарласуына керек болған магиялық бір бөлшек екенін көреміз”. Өнер атаулының магиялық құдіретін дәл жеткізу мақсатында ғалым күй мен көк сөздерінің өзара мағыналас табиғатын ұштастыра зерделеді, сол арқылы “аспан, көк” ұғымдарының асқақтығын, оған мифологиялық қабылдаудың тигізер әсерін, шығыс халықтарының философиялық ойлауын сұрыптауға тырысып, автор...“күй “деген сөздің арғы тегі “көкпен” байланысты болғанын біз баста айтып едік. Бидеше күйдің де көкпен, аспанмен байланысты болғанын көреміз. Көк пен су екеуі де бір кезде бір ұғым болған. Бірі – жоғары аспан, бірі – төменгі аспан болып саналған. Алғашқы адам ұғымында екеуі де космос. Бізде барлық табиғат адамнан сыртқы күш болып саналған. Музыканың алғашқы шығатын жері адамның сыртқы табиғатпен арпалысуы, сонымен байланысуы, астарласып, арпалысуы болса, мына сөздің өзінің аспан мағынасында болушылығы осы пікірді тағы да дәлелдеп өтеді”,–деп атап көрсетті.

Қ.Жұбанов “түрліше музыка терминдерін” жалпы пәлсапалық танымның нысаны ретінде талдай отырып, тілдік бірліктердің мағыналық табиғатын космоимдік, тотемдік сенім элементтерінен өрбіте түсіндірді. Тіл сияқты музыка да халықтық ойлаудың, ұлттық-мәдени өркендеудің айрықша белгісі деп саналады. Екеуі де адамның ерекше жаратылысы мен қабілетін сабақтастыратын құралдар болып табылатындықтан, олардың танымдық бастауын қоршаған әлемдік бейне, орныққан символдық көрсеткіштер, аксиологиялық ұғымдар мен образдар құрайды.

“Музыка тіл сияқты әр ұлттың, әр халықтың тарихи мәдениет жөніндегі өзгешеліктеріне қарай өзгеше болады. Сондықтан әр ұлттың, әр халықтың өз музыкасы болады, өз музыкасы өзіне жакынырақ, ұғымдырақ болады” деген пікірдің өзегін де адамның көру, есту, қабылдау, есте сақтау әрекеттері

дәйектейді. Таным әлемнің тілдік бейнесін адам мен табиғат ұғымдарының байланысы арқылы уәждеуге көмектеседі, сол себепті “Бейнемен сөйлейтін” музыка тілінің этнотанымдық ерекшелігіне терең мән берген Қ.Жұбановтың аталмыш мақаласы, шын мәнінде, қазақ халқының бар болмыс-табиғатын, этнопсихологиялық әлемін, танымдық пәлсапасын тереңнен пайымдай түсінуге мүмкіндік беретін даралықтың тұғыры іспеттес.

Үшінші бөлімнің аты – “Мұра-хаттар”. Бас тақырыптан кейін кітап шығарушылар тарапынан шартты түрде ұсынылған тағы бір атау – “Түркі әдебиеттер тілінің танымы”. Пәлсапа ғылымдарының докторы А.Т. Тайжанов аталмыш зерттеуді: „Бұл рухани мұра - тек әдеби тіл танымы туралы еңбек емес, жалпы дүниетанымдық, этномәдениеттік бағыттағы туынды”, - деп жоғары бағалады.

Ол „...халқымыздың әрісі мен берісін, диалектикалық тұрғыдан ұштастыра талдаған кәрнекті ғалым-профессор Қ.Жұбанов тіл болмысын қоғам болмысымен, оның әдет-ғұрпымен, салт-санасымен қоса қарастыру арқылы қазақ топырағында қалыптасқан ғақиятты ой кешу үрдістерін жалғастырған ірі тұлғалар мен іргелі дәстүрлер туралы этномәдениеттік таным жолын ұстана отырып, терең шығармалар берген”, - деп атап көрсетті.

Қ.Жұбанов Қожа Ахмет Иассауи шығармаларының идеялық мазмұнына тоқталып, халық танымы, пәлсапасы, тарихы туралы маңызды тұжырымдар жасады.

Тілші Қожа Ахмет Иассауидің тегіне, есімінің шығу төркініне зер салды, сөйтіп, тілдік амалдардың формалық және мазмұндық ерекшеліктерін байланыстырудың жаңа үлгісін танытты. Мысалы, автор “Иассауи” сөзінің мәнін түсіндіру кезінде “ясса” немесе “ясси” соңына жалғанған “и” жұрнағының қызметіне, яғни “парсы изафетінің” функционалдық меншіктеу ерекшелігіне көңіл бөлді, ал “қожа” сөзінің мағынасын халықтық қабылдау тұрғысынан пайымдады. “Міне, осы “Қожа Ахмет Яссауи” деген атаудағы “қожа” деген сөз осы нәсілдік текті (сүйекті) білдіру үшін қолданылатын айқындауыш. Ол кездерде “қожа” деген атақ қауымдар арасында беделді, мақтаншты лауазым болып келген сияқты...” немесе “Тарих

кітаптарының айтуына қарағанда Орта Азияға ислам дінінің тарала бастауы VII-VIII ғасырларда болса керек... Алғашқы кезде жергілікті халықтар дін үйретуші қожаларды жай адам деп те ойламайды. Оларды керемет иесі, құдаймен тілдес адамдар деп те есептейді. Күні кешеге дейін жаңа туған балалардың атын “қожа” атымен байланыстырып: “Қожамберді”, “Қожағұл”... тағысын-тағылар деп қоюларының мәнісі де осы еді” деген ғалым топшылаулары соған дәлел.

Тарихи деректерге сүйене жасалған бұл тұжырымдамалар негізінде тілші қазақ елінің көнеден келе жатқан діни-философиялық дүниетанымын баяндады, А.Йассауи трактаттарын да сол терең қабылдаудың үлгісі деп таныды. Тіл мен тарих, халық пен таным ұғымдарын тығыз сабақтастырған Қ.Жұбанов “Қожа Ахмет Яссауидың 95-толғауы туралы” деген бөлімшесін қазақ халқының өткенімен, салт-дәстүрімен яки ғалымның өз сөзімен айтсақ, “Қазақстан халқының бір бөлігінің тарихымен” байланыстырды. Ақын шығармасында баяндалған қара қытайлардың жаулап алу әрекеттері, Шыңғыс ханның шапқыншылығы сол кездегі халықтың тыныс-тіршілігін, жай-күйін сипаттаумен ұласқан. Ғалым ақын шығармаларының тілі мен стилін талдауда тың пікірлер айтумен қатар, қазіргі қазақ тіл білімінде өзектеліп жүрген психологиялық, әлеуметтік, танымдық идеялардың тілдік құралдармен сабақтаса байланысуын өзгеше дәлелдеп берді. Тілші сөз өнерінің кез келген туындысын, әсіресе, ескі шығармаларды “өз кезінде қоғамның өмір-тіршілігін көрсететін жақсы құрал” ретінде бағалай білудің қажеттігін ескертті.

„Когнитивтік лингвистикада тіл арқылы адамды, адам арқылы тілді тануға бағытталса, Қ. Жұбановта мұның бір жағы субстанцияның миға әсері, сыртқы дүниенің танымдық бейне жасауға ықпалы жағын беруі басым болған... Тілдің танымдық қасиетін, қиюын тауып, қиыстыра зерделеген Қ.Жұбанов еңбектерінен когнитивті лингвистиканың қай жағы да табылатынына көз жеткізу қиын емес”,- деп зерттеуші Ж.Кемерова атап көрсеткендей, Қ.Жұбанов қабылдауындағы тіл ғылымының танымдық негіздері „тірі тіл арқылы көрініс табатын адамзаттың тарихи қорымен” әрі оның дамуын дәйектейтін „факторлар мен жалпы тілдік заңдылықтардың”

әсерімен тығыз байланыста қарастырылды, сол себепті ғалым тілдік өзгерістерді „экономика мен қоғамдық қатынастарда байқалатын өзгерістермен” сабақтастыру қажет деп есептеді. Тілдік материалды тарихи тұрғыдан зерттеу оның „өткенін білумен” шектелмей, „қазіргі жағдайын түсіну үшін, сөйтіп, оған саналы түрде әсер ету” үшін керек болатындығын негізге алған Қ.Жұбанов лексикалық сөздер мен тіркестерді уақыт өте қалыптасатын белгілі бір „дүниетанымның” жемісі ретінде бағалау керектігіне өзгеше мән берді. „Өз ерекшелігіне орай кез келген тілде көнерген сөздер (архаизмдер) орын алады. Олар қазіргі заманның ойлау үлгісіне сәйкес келмей, адамдардың өткен дәуірдегі көзқарастарынан хабар беретіндей болады. Айталық, қазақ тілінде қолданылатын күн көру, күнелту – „өмір сүру” сынды тіркестер сөзбе сөз аударғанда „күнді көру, өзімен бірге күнді алып жүру, күнді қасында ұстау” (автор қаламынан туған орысша нұсқасында „...в казахском словоупотреблении выражения кун кору, кунелту – «прожить жизнь», подлинно означающие «видеть (кору) день (кун) или солнце», «нести с собой день-солнце», «иметь при себе солнце» делінген) мағыналарын білдірсе де, бүгінгі күні қазақтар оны тек „өмір сүру” деп қолданып, „күн”, „көру”, „алып жүру” сияқты сөздермен байланыстырмайды. Дегенмен бұл тіркестер көне дәуірдің дүниетанымдық негізін құрай отырып, қоршаған әлем құбылыстарын қабылдаудың тек анимистік қана емес, космикалық әрі микрокосмикалық кезеңдері арқылы түсіндірілетін болған”,- деп тұжырымдаған ғалым сөз мағынасының „...уақыт пен кеңістікке тәуелді және, ең бастысы, адамзат қоғамының әр кезеңіне катысты қалыптасқан дүниені қабылдап түсінуге (миропонимание) байланысты заттар мен құбылыстарға әр түрлі мән-мағыналар беру” арқылы дамидығын ескертті. Қ.Жұбанов тілдік дерек пен оның қабылдануын айғақтайтын тарихи-танымдық ұстанымдарды өзектей отырып, „лингвистикалық фактілер тілдік ғұмырдың (языковая жизнь) өзге салаларымен тығыз қатынаста зерттелу керек, бұл орайда тілдің қоғам дамуымен, оның экономикасымен, әлеуметтік құрылымымен және дүниетанымымен байланысын анықтаған дұрыс” деген қорытынды жасады.

Адам танымының сатылы дамуын түсіндіруге танышқан С.Аманжолов қабылдау, тану нормаларының ойлау жүйесіндегі, тілдегі көрінісін лингвистикалық факторлармен сабақтастыра баяндады. Тілші затқа, кісіге яки жер-суға қойылатын аттардың себеп-салдарын анықтау кезінде немесе сөз мағынасы мен мазмұнын сипаттау барысында адамдардың бойындағы танымдық функциялардың іске қосылатынын дәл сұрыптады. "...жаңа заттың аты семантиканың үш заңы бойынша аталады: функциясына қарай, ұқсастығына қарай, бүтіннің бөлішегі есебінде" деген тұжырымнан кейін С.Аманжолов "Семасиологияның мәселелерін" сана арқылы қабылдау, ойлау жүйесі негізінде тану, алуан түрлі ассоциативті белгілерге сүйене отырып қолдану ұстанымдарына сәйкес талдап көрсетті.

Қабылдау – бұл философияда да, физиологияда да әрі нейроғылымдарда да кеңінен қарастырылатын, психология мен когнитивтік ғылымның басты ұғымдарын құрайтын, барша информацияларды (хабарларды), әртүрлі объектілерді, процестерді адамдардың сезім мүшелерінен өткізетін не шынайы белгілерін, сапаларын айқындайтын мүмкіндіктері, ал ассоциация дегеніміз – екі түрлі ұғымдарды немесе құбылыстарды бір-бірімен байланыстыру екендігін ескерер болсақ, ғалым келтірген кісі аттарының жасалу үлгілері мен заңдылықтары сол когнитивтік модельдердің, концептуалды жүйелердің принциптеріне негізделгеніне көз жеткізу қиынға соқпайды. Тілші назарына іліккен әр мысал адамның қабылдау срекшелігінен және ұлттық-мәдени, физио-элеуметтік тәжірибесінен бастау ала түсіндірілген, ал адам санасында туындаған әр ой қалыпты жағдайдан асып, образды пайымдауға сүйене берілген.

"Жоғарыда келтірген жер мен су аттарын алсақ та, кісі аттарын алсақ та олардың жасалуында белгілі заңдылық барын байқаймыз. Мұндағы кісі атының өзі тоғыз жол яки тоғыз мақсатқа тірелетін көрінеді. Тоғыз жол дегендеріміздің бірі – адамзаттың жақсы өмір сүргісі келуіне байланысты. Бұл мақсатқа жету үшін ата-ана өз баласына ең жақсы, ең белгілі, атақты адамның атын қояды. Солай етсе, оның баласы да атақты болатындай көрінеді. Мысалы, ислам дінін қабылдаған жұрт үшін қадірлі, атақты адам сол діннің бастықтары, я сол дін үшін

күрескендер болып көрінеді. Сондықтан мұсылман діндегілердің аты бірде таза Мұхамед, Ғали, Омар, Осман, Ахмет, Садық...болып келеді, бірде солардың басқа сөзбен қосындысы болып келеді (Мұхамедсадық, Сапарғали, Қожахмет, т.б.)» деген талдаулардың астарында да сол этникалық әлемнің дерекнамалық негізі мен ұлттық құндылықтары көрініс тапқан.

Халықтық танымның ең үздік көрсеткішін, шын мәнінде, адамдардың есімдері, олардың қойылу тарихы құрайды. Сәбиге атты сол әулеттегі үлкен не болмаса аса беделді адамдарға қойдырудың себебі де этникалық салт-дәстүрдің, әдет-ғұрыптың айғағы екенін дәл байқаған ғалым қазақ есімдерінің түптерінін, уәжділігін жан-жақты зерттеп, семалық талдауларына арқау еткен. «Тоғыз жолдың үшіншісі – баланың мінез-құлқы жақсы болуын тілеуден туатын аттар. Мысалы, жібектей болсын десе, қыздың атын Жібек қояды. Жомарт болсын десе, баласына “Жомарт”я “Мырза” деген атты қояды...», - деп келген ономастикалық бірліктерді С. Аманжолов әрі танымның, әрі психологиялық қабылдаудың нысаны деп қарастырды.

Тілек-арманнан бастау алған әрбір ат сол халықтың тарихын, этностық даму ерекшелігін сипаттаумен қатар, жеке адамдардың субъективті-индивидуалды сезімдерін, құндылықтарды бағалау ерекшеліктерін, қабылдау-тану өрістерін және өмірлік тәжірибелерін сұрыптауға мүмкіндік бергіндіктен.

«Әлемнің бейнесі – бұл ойлау әрекетінің нәтижесі және шарты. Тіл бойына табиғи, климаттық, мәдени және өзге де адам өмірінің шарттарын білдірер өзгешеліктерді сіңіру арқылы дамидынығыдан, ат қою жүйесінің өзі әлемнің шексіз болмысын бейнелеуден туындайды...» деген Э.Д.Сүлейменованың тұжырымына сүйенер болсақ, адамзат тіршілігінің ажырамас бөлігін құрайтын ат қою процесінің негізінде де танымдық әрекеттің басты ұстанымдары жүзеге асатыны дау тудырмайды.

Тілдік қатынастағы мұндай ішкі ассоциациялар мен интерпретациялар табиғатын зерделеген ғалым Э.Каминская “...тіл иесінің ассоциативті-вербалды жүйесіндегі сөзді ұқсата қолдану әрекеті адамның ішкі лексиконындағы атүсті немесе терең айқындалатын арнайы мәтінге, оның жеке субъективті

сезіну ерекшелігіне әрі өзінің жеке және әлеуметтік тәжірибесіне сүйенген дайындығына, микросоциумның ықпалымен қалыптасатын мәдени нормаларына және тұлғаның эмоционалды-бағалағыштық қалыптары арқылы қабылданатын хабарлар базасына байланысты болады», - деп тұжырымдады, яғни адамның ішкі әлемі оның ойлау, сезіну, бақылау, қабылдау, тану және т.б. әрекеттеріне қатысты айқындала отырып, дуалистік дамудың көрсеткішін құрайды: бір жағынан, ол жеке субъективті психологиялық, антропоцентристік ерекшеліктен тұрса, екінші жағынан, әлеуметтік-қоғамдық факторлардың сабақтасқан бірлігімен түсіндірілетін белгілер жиынтығы деп танылады. «...сөз, сөйлем ойдың көрінісі, суреті болғандықтан, сөздер, сөйлемдер адамның ой-санасының тарихын, ізін, жолын көрсететін деректер» деген тұжырым негізінде ғалым тілдің сағылы дамуын танымның сатылы қалыптасуымен сабақтастыра отырып, тың лингвистикалық бағытты өзектеумен қатар, адамның ой-санасының космикалық кезеңнен қазірге жеткен өзгешелігін сұрыптауға, оның білім мен тәжірибелік жолын зерделеуге әрі «сана көріністерін» айқындауға мүмкіндік берді.

Қазіргі уақытта өзіміз қолданып жүрген ғылыми пайымдарға қарағанда әлемде 2300-ден астам ұлттар мен ұлыстар, этнографиялық топтар, сонымен бірге төрт мыңнан аса ұлттық тілдер, түрлі диалекттер өмір сүруде. Осының барлығы тарих пен табиғат тауқыметінің нәтижесі. Әрбір тарихи кезең өз өрнегімен сипатталып, халық тағдырына тиісті ықпал етеді. Сондықтан әрбір ұлттың өмірінде, мәдениеті мен рухани-психологиялық келбетінде өткен жолдың іздері анық байқалып, ұлттық қадір-қасиет, дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар ұрпақтан ұрпаққа жалғасып, біздің заманымызға жетіп отырғаны мәлім.

Ұлттық психология оның құрамдас бөліктері, ұлттық дағды, ұлттық дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар тарихи жағынан алғанда саяхатшылар, саяси күдікті ретінде елде болғандар және т.б. жазбаларында кездеседі. Дегенмен, қазақ халқының ұлттық психологиясы мен менталитетінің табиғаты жайлы кейінгі кезде ғана Н. Жанділдин, М.Сужиков, Қанағат Жүкеш, Н.В.Романова, Р. Сәбитов және т.б. еңбектерінен тиісті пікірлер тарады.

Ұлттық психология ерекшеліктерін түсіндірудің методологиялық негіздерінің бірі - оның табиғатын, жалпы

адамзаттық, таптық-әлеуметтік және ұлттық арақатынасын ажырата білуде. Халықтардың психологиясы ұлттың рухани бейнесінің маңызды жағының бірі. Ұлттардың рухани бейнесінің екі жағы бар: идеологиялық және психологиялық. Оның идеологиялық жағына әдебиет, өнер, ғылым, философия, дін т.б. жатқызамыз. Әрине, рухани бейненің бұл жақтары өзара шартты байланыста болады. Ұлттардың психологиялық ерекшеліктері адам санасында халықтардың табиғи-материалдық жағдайының нақты көріністерімен қалыптасады. Ол өзінің түп тамырымен халықтар тарихының терең түкпірінен орын алып, оның пайда болған мезгілінен бастап дамуда.

Ұлттық психология мен ұлттық менталитет адамдардың біріккен өмірі мен күресінде, әлеуметтік, табиғи-географиялық, материалдық, мәдени жағдайының шарттарына лайық қалыптасады. Соның әсерінен ұлттың бойында мінез-құлықтың, сезімнің, талғам ерекшеліктерінің бірдей элементтері, дәстүрлер мен әдет-ғұрыптары пайда болды.

Ұлттық психологияның қалыптасуына мына факторлар әсер етеді. Белгілі бір әлеуметтік жағдайлар мен өзара қатынастар, еңбектің сипаты егіншілік, мал өсіру, балық аулау т.б. белгілі бір халықтың ұзақ мекендеген географиялық ортасы; халықтың тарихи жолы, былайша айтқанда, халық «тағдыры» маңызды тарихи оқиғалар, мәселен, азаттық күреспен байланысты ортақ қуаныш, ортақ қайғы, күйзеліс т.б.; адамдар арасындағы әрине түрлі ұлттардың әлеуметтік-психологиялық қарым-қатынастары мен өзара әрекеті.

Осы көрсетілген факторлар халықтардың өмірінде түрлі реңкті психологиялық өзгешеліктердің пайда болуына ықпал жасайды. Соған сәйкес зерттеушілерден қатан, адал ниетпен талап қоя білуді әрі материалдарды сұрыптап талдауды қажет етіп, мәселеге ғылыми тұрғыдан қарауды, сөйтіп оның, осы даму жағынан қарағанда, қазір қандай күйге айналғанын байқауды қажет етеді.

Сонымен ұлттық психологияның ерекшеліктері тарихи негізі бар әлеуметтік процес болып шықты. Оның қалыптасуы әрбір халықтың ұзақ өмірмен біте сіңіскен жан-жақты факторлардың нәтижесінде туады. Сайып келгенде өнегелі қасиеттермен бірге қарама-қайшы психологиялық дағдылар да болады. Бұл

айырмашылықтардың топтық негізі - міндетті құбылыс. Әрбір халықтың өмір сүрген географиялық ортасы, айналысқан шаруашылық дәстүрі мен бейімделген дағдысы бір-бірінен оқшау тұрады. Онымен қоса түрлі халықтардың араластық-құраластық жағдайларын да ескеруіміз міндетті нәрсе.

Ұлттардың психологиясын туа біткен өзгермейтін құбылыс деп қарауға болмайды. Қоғамдық дамуға, әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге байланысты дамып, белгілі қасиеттер де жаңаланып отырады. Ұлттық мінез-құлықты кейбір жағдайда зерттеушілер оны адамдардың темпераментімен шатастырды. И.И. Павловтың іліміне сәйкес темпераменттің /сангвиндік, флегматтық, холериктік және меланхоликтік/ типтері адамдардың жоғары нерв жүйесінің жұмысына байланысты болатыны белгілі. Ал, ұлттық мінез-құлық тарихи жағдайлардың, объективті процестердің себептерімен әрі тәрбиенің ықпалымен қалыптасады. Жекес адамның мінез-құлқының ұлттық өзгешелігі темпераментке қарағанда жылжымалы. Өмір жағдайының өзгеруі жекес адамның мінезінде қалыптасқан ұлттық келбетті сапалы өзгертіп жіберуге қабілетті. Ал, егер ол нерв жүйесі тұрпатының өзгеруіне байланысты болса, олардың ересек адам темпераментін түбірінен өзгерте қояы беймәлім. Көптеген зерттеушілер кейбір халықтардың өзіне тән темпераменттерін атап көрсеткен болатын.

Қайталау және бекітуге арналған сұрақтар

1. Тұлғаны зерттеудің этнопсихологиялық негізгі мәселелері
2. Тұлғаның әлеуметтенуінің әлеуметтік-психологиялық факторлары
3. Ұлттық тәлім-тәрбие беру арқылы балалардың этностық өзіндік санасын, ұлттық тұлға ретінде қалыптасуын нығайту қажет
4. Этностық дүниетанымның қалыптасуы.

6. ҰЛТТЫҚ САНА-СЕЗІМ, ҰЛТТЫҚ БАҒЫТ, ТАПТУЫРЫНДАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ЭТНОСТЫҚ ЖАҢСАҚ НАНЫМДАРМЕН ӨЗАРА БАЙЛАНЫСЫ

6.1 Ұлттық сана-сезім туралы жалпы түсінік

Тұлға өзінің элеуметтік ортасында белгілі әдет дағдыларды, мінез-құлық таптаурындарын арнаулы ережелер негізінде өз санасында қалыптастырады.

А.О.Бороноевтың айтуынша, сана-сезім құрылымын екі тұрғыдан елестетуге болады: бірі- оның басқа адамдар ортасындағы егемендігін байқататын, өзіндік анықталумен байланысты көзқарастарды, идеаларды (ірі); екіншісі «Туған жер» ұғымымен байланысты ұлттық құндылықтарды аңғаруы, адамгершілік-психологиялық бағалауымен байланысты анықталады. Ендеше тұлғаның сана-сезім құрылымын нақтылы белгілеудің, оның пайда болу генезисін анықтаудың ұлт мәселелерін зерттеуде маңызы зор.

Сана-сезім мәселелерінің генезисін анықтаудың концептуалдық негізін Аристотель, Плотон және Августиндердің еңбектерінен бастаймыз. Ал, кейінде теориялық тереңірек қарастыруды Декарт және неміс классиктерінің теориялық бағдарларынан көруге болады.

Ұлттық сана-сезімнің мән-мағынасын ашуда көп жылдар бойы оны тек индивидтің өзін қандай да бір ұлттық қауымдастыққа жататындығын аңғару деп қарастырылып келеді. Бұл көзқарасты ұстанғандар этнографтар, социологтар болды.

Ұлттық сана- сезімді кең мағынада түсінуді кеңес ғалымдарының ішінен С.Т. Калтахчаяның еңбегінен көруге болады. Ұлттық сана- сезім ұлт өкілінің іс- әрекетінен жүріс- тұрысынан т.б. сыртқы тікелей анықталатын белгілерінен көруге болатын ұлттық- психологиялық құбылыс.

Ұлттық сана-сезімнің құрамына: ұлттық таптаурындар, ұлттық бағыт, және этностық жаңсақ нанымдар және танымдық іс- әрекеттер кіреді. Қазіргі этнопсихологияда ұлт мәселесін зерттеуде оның ең бастапқы қалыптасу негізі болатын этностық нанымдардың пайда болу, даму генезисін анықтау ең өзекті мәселе болып табылады.

Этностардың психологиялық ерекшеліктері халықтардың табиғи материалдық жағдайлары көрінісімен адам санасында қалыптасады. Ол өзінің түп тамырымен халықтар тарихының терең түкпірінен орын алып, оның пайда болған негізінен бастап дамиды. Халықтардың психологиялық ерекшеліктері-жалпы ұлттық категория. Этностық психология - қоғамдық әрі жалпы адамзаттық психологияның бірі. Ол үнемі өзгеріп отырады. Қоғам дамуының белгілі кезеңдерінде, әлеуметтік - экономикалық және жаңа мазмұн қабылдайды. Нақты этнопсихологиялық белгілерді анықтау барысындағы зеттеу еңбектерінің қиындығын байқаған Ю.В. Бромлей : « Әрекеттер мен қылықтардың жиі әрі жылдам қайталанып алмастырылуы басқа ұлттардағы сол жағдайларды салыстыруда қиындық көрсетеді, ал бұның көмегінсіз этностық ерекшеліктерді анықтау тіпті де қиын екендігі көпшілікке мәлім. Сонымен

қатар әр ұлттың өзіне тән психикалық кескін- келбеті тез арада емес, кейінірек әр түрлі уақытта көрініс береді- деген.

«Ұлттық сана- сезім» ұғымын түсінуде альтернативті (балама) көзқарастар өте көп. Себебі ұлттық сана сезім мәселелерін философия, этнология, тарих, мәдениеттану, социология, педагогика, т.б. ғылымдар қарастырып, оның теориялық әдіснамалық негіздерін анықтайды.

80 -жылдары ұлттық сана тақырыбы тоқырауға шырады. Бірақ біз бдан бұл тақырыпты күн тәртібінен түсіп қалды деуге болмайды. Себебі 80- жылдардың аяқ кезінде ұлт мәселесі, оның ішінде ұлттық сананың қоғамдық қатынастағы рөлі көптеген еңбектерде сөз болып келеді. Мәселен, С.Т. Калтахчаяның ұлттық сананы жан-жақты қарастыру қажеттігін көрсетуі. Сол сияқты Ю.А. Аргюняннің, Ю.В. Бромлейдің, Б.Г. Грушиннің, А.Ф. Даждамирдың, Л.М. Дробижеваның, А.К. Калмырзаевтың, А.И. Крупновтың, М.Г. Стефаненконың, К.Н. Хабибуллиннің т.б. еңбектерін атауға болады. Бұл еңбектердің барлығы да ұлттық сананы ұлт құрылымындағы ерекше феномен деп қарауды, оның қалыптасу механизімін анықтауды ұсынады. Сонымен қатар , бұлардың еңбектері этнопсихологиядағы теориялық- аналитикалық көзқарастарды да дүниеге әкеледі.

Осы көрсетілген талдаулардың ішінде ұлттық сана –сезімді тұлғаның даму деңгейін көрсететін компонент ретінде жан-

жақты көрсеткен және оның ұлттық тұлғаның қалыптасуындағы күрделі сапа аңғартқан — Л.П. Чагай. Ол ұлттық сана-сезім құрылымы элементтерін төменлегінше анықтайды:

1. Ұлттық сабақтастық (ұлттаралық қатынастардан алынған және менгерілген тарихи және тұлғалық әлеуметтік тәжірбиелер, аумақтық, саяси, тілдік, мәдени т.б. жағдайлардан қоғамның пайда болуы туралы түсінік)

2. Ұлттық сана- сезім, ұлттық біртектілік; өз халқының тарихы мен мәдениеті туралы білімі; өз халқы мен басқа халықтарға ұлттық өзіндік баға беру, оған деген тартылыс деңгейі мен бағыты; ұлттаралық қатынастағы өзінің әлеуметтік ролі мен мәртебесін түсіну; этностық таптаурындары.

3. Ұлттық өзіндік қатынас: ұлттық құндылық бағдар; қажеттіліктер және ұлттық- мәдени қызығушылықтардың қызметі мен даму; этностық принциптерді, ережелерді, тыйымдар мен адамгершілік нормаларды тану.

4. Ұлттаралық салыстыру: ұлттық сезім (ұлттық намыс, ұлттық абырой т.б); ұлттық ерікті түртікілердің көрінуі (эмоционалдық, рационалдық т.б) ұлттық және интернационалдық нағым- сенімдер.

5. Ұлттық өзін- өзі реттеу: идеялық- психологиялық механизмдерді өзіндік бақылау және итернационалдық жауапкершілікті бақылау.

6. Тұлғаның ұлттық негіздегі мүмкіндіктері мен рухани күшін қолдана алу дәрежесі: тұлғаның бүкіл өмір сүруіндегі ұлттық жетістіктерге жетудің объективті формалары, сол сияқты оның нақтылы жолдары мен әрекет етуге дайындығы, кез келген бағытта ұлттаралық қатынас пен ұлттың даму жолында өзін дұрыс пайдалануы және мір сүру мақсаты мен мағынасын түсінуі.

Сонымен, мамандар ұлттық сана құрамы өте күрделі феномен деген ортақ пікірге келеді. Сондықтан ұлттық сана-сезімнің қалыптасу процесін әлеуметтік- психологиялық көзқарас негізінде зерттеу қажет. Себебі, әлеуметтік- психологиялық көзқарастар қоғамдық, біздің жағдайымызға, ұлттық психологиялық мәселелерді жан -жақты, қоғамның өмір сүру жүйелері тұрғысынан қарастыруға мүмкіндік береді. Әлеуметтану және психология ғылымдары ғалымдардың (П.Сорокиннің, А.К. Уледовтың) пікірлеріне сүйенетін болсақ

әлеуметтік- психологиялық көзқарас қоғам мүшелерінің өзара әрекетінің негізгі формаларын зерттеу қажеттілігін көрсетеді. Ендеше, ұлттық өзіндік сана құрылымы мен мәнін анықтауда әлеуметтік- психологиялық көзқарас негізгі ғылыми принцип (үстаным) болмақ.

Ұлттық сана сезімді әлеуметтік- психологиялық зерттеу пәні ретінде қарастыратын болсақ, оның бір жағынан әлеуметтік категория, екінші жағынан - әлеуметтік -психологиялық құбылыс екендігін ескеруіміз керек. Ұлттық өзіндік сана ұлт өкілдерінің қоғаммен әлеуметтік жағдайларды байланысу арқылы қалыптасады. Яғни, ұлттық сана сезім белгілі бір әрекеттердің, нормалардың негізінде пайда болып, дамып, жетіліп және әртүрлі қоғамдық қатынастардың алмасуына байланысты өзгеріп отырады. Сондықтан ұлттық сана- сезім мәселелерін қарастыруда оның ішкі мазмұнын құрайтын құрамдас бөліктерін зерттеуден бастаймыз.

Ұлттық сана -сезім құрамына: ұлттық өзіндік біртектілену, өзіндік қабылдау және өзіндік қатынас, этнодифференциалдық және этнонығайтушы белгілер жайлы түсініктер, этностық таптаурындар мен бағыттар, жаңсақ нанымдар кіреді. Әрине, өзіндік сана адамның өмірге деген көзқарасына негізделгендіктен, адамның ойлау, қабылдау, сезіну, эмоция және т.б. психикалық құбылыстардың нәтижесі болмақ. Ендеше, өзіндік сана - оның талғамын, бағыт бағдарын, қызығушылығын, сезімін, намысын, тілін белгілейтін көрсеткіш. Сөйте отырып, санағы барған ақпараттар негізінде жаңсақ анымдар туғызады.

Бұл тұрғыда, А.Р.Лурияның «этностық сана сезім тек сананың саналы талдау нәтижесінен пайда болатын құбылыс емес, ол ерекше адамның саналы талдау нәтижесінен пайда болатын құбылыс емес, ол ерекше адамның саналы мазмұнын белгілейтін шындықты белгілеуге нақтылы бағытталған жаңа психологиялық жүйе және осылай бола тұра ол адамға өзінше әрекет етуге мүмкіндік беретін, өзіне, өзгеге деген көзқарасын көрсететін ерекше құбылыс» деуіне назар аударамыз.

Адамның ұлттық сана сезімнің даму деңгейі оның өз ұлтына қатынасынан, ішкі бағытынан және өмір жолында қалыптасқан жаңсақ нанымдарына байланысты. Ұлттық сана сезімнің бұл құрылымдардың қалыптасу, даму жолы адамның этностық

элеуметтену процесінде жүзеге асады. Себебе, жоғарыда көрсетілген құбылыстар ұлттық тұлғаның белгілі элеуметтену ортасына байланысты дамиды және қоғамдық қатынастардың өзгеруіне тәуелді.

Ұлттардың сана - сезімдерінің қалыптасуында рухани - мәдени шығармалар, ұлттық рухани мұралар үлкен роль атқарады. Ондай шығармаларда халықтардың тарихына үңіле отырып, ондай шығармаларды өз халықтарының тарихына үңіле отырып, ондай шығармаларды өздері дүниеге келтіреді. Сол тарихи көркем шығармалар өз халықтарының тарихи процестердегі орны мен ролін анықтайды, сөйте отырып, халық шығармаларына көңіл аудару арқылы патриоттық тәрбиеге баулу мақсатын алға қояды.

Этностық сана- сезім- ұлттық ерекшеліктерді сақтап қалаудың бірден бір көзі. Тарихи даму барсында этностың тілі, жалпы территориясы, салт - дәстүрлері жойылмау керек. Себебі олар осы ұлттық өзіндік сананың қалыптасуындағы негізгі факторлар болып есептеледі. Осылар арқылы ұлттық сана - сезімді қалыптастыру мақсатымен адам өзін қоршаған ортасы арқылы өз санасында алдымен жаңсақ нанымдарды қалыптастыруын кіргізеді. Ұлт өкілі өз ұлттының жаңысыды, жағымсыз таптаурындарын тани отырып, белгілі ұлттық бағыт алады. Ал, ұлттық бағыт дегеніміз сол тың өмір тіршілігін салт-санасын, дәстүрі мен рухани құндылықтарын тануға өзін іштей дайындау. Ол дайындықтар белгілі танымдық деңгейді тудыратын жаңсақ нанымдар мен сенімдер болмақ.

6.2 Ұлттық бағыт пен таптуырындар және олардың этностық жаңсақ нанымдары

Тұлғаның бағыты оның бағыттылығының, құндылық бағыттарының жаңсақ нанымдарының өзгерістерге ұшырап, реттелуіне байланысты өзгертіп отырады.

Ал, ұлттық- психологиялық ерекшеліктер бағыт және таптуырын механизмдер арқылы көрінеді. Ұлттық психологиялық ерекшеліктердің көрінуі екі жақты, яғни олар санадан тыс және саналы әрекеттер ортасында, адам еркіне байланысты емес.

Ұлттық бағыт туралы бірінші рет анықтама берген Л.М. Дробижева «Ұлттық бағыт- дегеніміз анық ұлт өкілінің өзіне тән әрекетке, ұлтаралық байланыстарда дайын болу мінез- құлқы». Ал, А.Гаджиев бағытты структуралық ұлттық психология компонентіне енгізді.

Қазіргі негізгі түсінікте ұлттық бағытты, біріншіден, анықталмаған ішкі дайындық жағдайы ретінде түсіну керек. Ұлттық бағыт тарихи даму арқылы қалыптасады.

Екіншіден, негізгі ұлттық бағыт фиксациясын ұлттық таптауының құрылуынан іздестіру керек. Ұлттық таптауының құрылуы - әлеуметтік шындыққа жауап реакциясы, әр реакция немесе әр жағдай қоршаған орта шындығымен анықталып қана қоймайды, ол осы фактормен де белгіленеді. Адам өзіне қарым - қатынасты әсер еткізеді, ол қажет пе, қажет емес пе, қызықтыра ма, қызықтырмай ма деген бағытпен қызықтырады немесе итермелейі». Сөйтіп, адам миында, әр ұлт өкілінде процестер сәйкестігі қалыптасады.

Үшіншіден, ұлттық бағыт, басқа бағыт түрі секілді іс әрекет процесі арқылы қалыптасады, бірақ олардың ерекшелігі - сәйкес жағдай іс- әрекеті ретінде көрсетіле отырып, спецификалық әлеуметтік мөлшер (норма), жүріс- тұрыс көрінісі ретінде көрінеді.

Сонымен, ұлттық бағытты функциялану процесіне жатқызу керек, өйткені ұлттық бағыт ролі реттелу психикасы жағдайының іс-әрекетіне сабақтасады. Ұлттық бағыт психиканың негізгі қызмет ету нормасы ретінде әр ұлт арқылы көрсетіледі. Онда ұлттық психикалық ерекшеліктер көрсетіле отырып, ұлттық психиканың көріну формасын, сонымен қатар ұлттық ішкі мазмұнын құрастырады.

Бағыт мәселесі Д.Н. Узнадзе мектебінде арнайы ерекше феномен ретінде зерттеліп, бірнеше анықтамалар беріледі: « Бағыт дегеніміз- бір субъектінің динамикалық жағдайы, әрдайым дайын болуы, субъектінің бағытталуы нақты қойған мінез құлық әрекет ағымын осы объектіге қатынасын қамтамсыз етеді»; « Бағыт дегеніміз спецификалық жағдай, бір белгіленген бағыт бірнеше ұқсас объектікті жағдайлардың негізі болады. Бағыт қажеттілік пен жағдай негізінде пайда болды. Қажеттілік белгілі организмде өзектіледі, жағдай осы

қажеттілікті қанағаттандырады. Бағыт алғашқы, жалпы жеткілік емес жағдайды құрайды. Бұл локальды емес процесс, оған иррадиация және генерализация жағдайлары тән. Бұған қарамастан әртүрлі көзқараспен сипатталады.

Тұлғаның бағыттылығы адам бойында кездесетін қарама қайшылықтары алдын- ала білдіреді. Яғни тұлғаның әлеуметтік психологиялық өмірінің қалыптасуына әсер ететін күрделі жағдай, күрделі объект болып есептеледі. Сол себепен тұлға бағыттылығын бір нақтылыққа жатқызуға болады. Оны біз бағыт ретінде қарастырамыз.

Батыс психологиясында әлеуметтік бағытты «аттитюд» деген атаумен қарастырады. Ал, әлеуметтік бағытты тұлғамен байланыстырып қарастырғанда басқа «set» терминімен белгілейді.

Бұл тұрғыдан оның зерттеу тарихыын П.Н. Шихирев үшке бөлдеді:

1918 жылдан бастап екінші дүние соғысына дейін ;

40-50жж., яғни бұл сала дамуының тығырыққа тығылуы;

50-ші жылдан бастап қазіргі кезеңге дейін « жана» идеял пайда болды.[105].

Аттитюдтің пайда болуы басқа көзқарастардың пайда болуын және қарама -қайшылықтарды туғызады.1935 ж. Г.Оллпорт аттитюд түсінігінің он жеті түрін анықтайды. Осы он жеті түрінен аттитюд зерттеулерінде негізгілері ғана алынды, аттитюд бәрінің түсінігі бойынша:

- Сананың белгілі жағдайы мен жүйке жүйесінің жағдайы;
- Әрекетке айқындықты айқындау;
- Ұйымдастырылған
- Алдында қалыптасқан тәжірибе бойынша;
- Іс-әрекет бағытының әсер етуі.

Сондықтан да аттитюдтің алдындағы тәжірибе іс-әрекетке сілтеме берудің себебін анықтайды.

Танымның әр актісі, қарым-қатынаста және еңбекте негізі болатын «бағыт» дегеніміз субъектінің бағытталуы, динамикалық дайын болу жағдайы, белгілі іс- әрекетке тенденциясы. Индивидтің белгілі қажеттілігін қанағаттандыру қабілеті. Бағыт ырықсыз және субъектінің өзімен танылмайды. Бірақ ол объектіге қатынасы анықтайды және оның қабылдау тәсілі.

Индивид өзін қызықтыратын бөлшегін ғана көреді, басқа бөлімін аңғармайды. Бағыт жүйесінде ол адамның өзіне белгісіз.

Адамның бағыт жүйесінің қалыптасуы оның өмір тәжірибиесі көңіл күйі негізінде жинақталып өзіне аңғарылмай, белгілі әлеуметтік орта арқылы дамиды, ендеше ұлттық бағыт ұлт өкілінің санасында жансақ нанымдар ретінде қалыптасуы оның әлеуметтену процесінде – оқуда, ойында т.б. әрекетте – жүзеге асады.

Белгілі бір тапқа, мамандыққа, ұлтқа жататын адаммен кездесе отырып біз олардың алдын – ала белгілі мінез құлықты күтеміз. Мысалы, жастық шаққа романтизм тән, сондықтан жастармен кездескенде олардан алдын – ала қонақ жайлық күтеміз. Бұндай жалпылама түсінікті психологияда таптаурын деп атаймыз.

Таптаурындар – өзіндік сананың бөлінбес құрамдас бөлігі. Бірде бір адам өмірінде кездесетін ситуацияларға өз бетінше шығармашылық түрде көңіл аудармайды. Индивидтің барлық өмірлік тәжірибесінде, оқу процесінде және басқа адамдармен қарым-қатынасында татаурын сенімдері қалыптасады.

Ол индивидке өмірде бағытталуына көмектеседі және белгілі түрде мінез – құлық бағыттайды. Таптаурын жалған немесе айқын болуы мүмкін. Сол себепті жағымды және жағымсыз эмоциялар туындауы мүмкін. Оның негізгі мәні – оның белгілі әлеуметтік топқа, белгілі құбылысқа қатынасын көрсетуі.

Бағыт тұлғаның өз бетінше шешім қабылдауда, өзімен-өзі белгілі мәселеге келуінде бұрынғы қалыптасқан жансақ нанымдардан бас тартуында үлкен рөл атқарады.

Тодд Нельсон өзінің аталмыш еңбегінде, жансақ нанымдарды 60-70ші ж. Объектіні әлеуметтік топты бағалау деп көрсетеді. «Бірақ ол негізінен бағыт болды. Сол себепті, ккп жағдайда оны танымдық, аффектілік және мінез құлықтық тәрғйдан қарастырып келдік.»,- дейді. Себебі ғылымның түсіндіруінше, жаңсақ нанымдар адамның бағалауындағы аффективті және соған байланысты туындаған мінез-құлқы. Ал тағы ол осы автордың айтуынша, танымдық-әлеуметтік жағдайларда бағыттың, яғни «жаңсақ нанымдардың әлсіреуі» мүмкін.

Ұлттық өткен өмір тарихымен қазіргі болмысымен танысу-теориялық міндет емес, саяси нық уйлесу, бірігуі қажет. Ұлт өкілдерінің танымдық бағытының өрістеуі ұлттық құндылықтарды дұрыс бағалауы, ұлт мәдениетінің жетілуіне себін тигізеді.

Бұрынғы кеңестік және шет ел психологиясында тұлғаның жаңсақ нанымдарының қалыптасуын зерттеу негізгі мәселелер ретінде қаралмайды. Кеңестік психологияда жаңсақ нанымдар психологиялық бағыт компоненті немесе этностық бағыт компоненті және жүріс – тұрыс таптаурындары негізінде болып, көптеген әдіснамалық және теориялық зерттеулер негізінде орналасады.

Нанымдар субъектісінің жағдайы, ол жеке адамның рухани ісімен тығыз байланыста болады, идеяларды бейнелейтін объект туралы белгілі бір ақпарат хабарының негізінде пайда болады. Басқа сезімдермен қатар наным сезімімен қосарласы, адам қызметінің түрткі ұйытқысы, мақсаты пайда болады және бағдары болып табылады.

Философия мен психология тарихында наным теориясы 3 түрге бөлінеді: көбінесе сезім ретінде қарастырылатын *эмоциялық наным* « Ю.М. Джеймс», интеллекттің феномені ретінде түсіндірілетін *интеллектуалдық наным* «Г.Геккель», «Дж. Мимо тб», ерік атрибуты деп танылатын *еріктік наным*. Ол жеке қоғамдық сананың қажетті, әлеуметтегі адамдар іс-әрекетінің маңызды кезеңі болып табылады. Наным объектілері, таиғи және әлеуметтік кмір шындығының фактілері, құбылыстары және даму тенденциялары субъектіге сезімдік жағынан берілмеген және мүмкіндік түрінде ғана көрінеді. Бұл орайда наным объектісі шын мәнінде бар бейнелі эмоция деп саналады. Индивид әлеуметтік және тұтас алғанда қоғамдық нанымдар субъектісі бола алады.

Нанымдар объектіні ғана емес, сонымен қатар, негізінен алғанда, оған субъектінің қоғамдық болмысын, оның қажеттері мен мүдделерін де көрсетеді. Нанымдар- ерекше психологиялық феномен. Онының ішінде, діни нанымдар ерекше жағдай болып табылады, себебі оларды қоғамының өмір сүруінің өзіне тән жағдайлар туғызады. Теологиялық діни

нанымдар адам жанынан ажырамайтын қасиет немесе Құдай берген рахат деп біледі. Бұл күйінде наным парасатқа білім негізін ретінде қосылады.

Ғалым Т. Рысқалиев нанымды былай сипаттайды: «наным-дүниеге көз-қарастың құрамдас бір бөлігі. Наным – дүниені, өмірді адамдар қарым-қатынасын танып, талдап және ой елегінен өткізіп игеруден тұратын тұжырым түй. Нынмсыз дүниеге көз-қарас жүрекке жетпеген, санаға сінбеген, көңілге қонбаған, абстрактылы түсінік болып қалады. Нанымға айналған білім – түсінік адамды ешқашан немқұрайлы қалдырмай, іс қимылға бастайды, адамның тұлғалық ұстанымына айналады. Сондай-ақ оған ие болған адам өзгеріп көзін ашады, бойындағы қабілеттерді оятып, жігерлендіреді, өмірдегі келеңсіз құбылыстарға қарсы тұрғызады. Наным адамға сыртқы күшпен, үгіт насихатпен танылмайды. Оған адам ойлап, толғанып өз еркімен жетеді. Адам өз нанымынан оп-оңай бас тартпайды, керісінше оны табандылықпен қорғайды».

Ысқалиевтің бұл пікірі де нанымның танымдық іс әрекет барысын қалыптасып, шынығатындығын сипаттайды, ал біздің талдауға салып, зерттеу нысанасы етіп отырған феноменмен осы нанымның алдыңғы көрінісі, яғни адамның санасына келіп түскен, әлі адам санасында толық аңқалмаған, аңғарылмаған ақпараттардың ой елегінен өтіп, белгілі тұжырымдарға жетіп, сол құбылысты танудағы сана сезімнің алғашқы көрінісі, сондықтан да біз бұл феноменді « жаңсақ наным» деп көрсетеміз. Ол, әрине, алдымен адамның белгілі бір әрекетке деген бағыт, бағдарын реттейді де тұлғаның ұлттық өзіндік психологиялық ерекшеліктерін қалыптастыруға түрткі болады.

Жаңсақ нанымдар бұл топқа немесе оның жеке мүшелеріне жағымсыз бағыт, ол таптауырын сезімдерімен сипатталады, бағыт ішкі процесстерден шығады. Жаңсақ нанымдар дегеніміз ақыл және саналы сезімге дейін болатын бағыт тұрақты және рационалды сенім әсеріне түсіп, жеңіл түрде өзгермейтін құбылыс. Белгілі американ социологы Робин М.Уильямс бұл анықтаманы толықтырады, жансақ нанымдар- белгілі мәдениет номаларына сай құндылықтарға қайшы келетін бағыт. Г. Оллпорттың айтуы бойынша, жансақ нанымдар бағыт пайда

болғанда ғана туындайды. Сол себепті жансақ нанымдар діни ұғымдармен байланысты.

Этностық жансақ нанымдардың шешуші кілті – қоғамдық сананың құрылымында және қоғамның тарихында. Алғашқы қауымдық құрылыста адасдар өз руы мен тайпа арасында ғана қарым-қатынас жасаған. Басқа тайпа адамдарымен кездескенде оларды бөтен дұшпандық күш, жат адам деп қабылдаған.

Тайпалар арасындағы байланыстың кеңейуі, айырбастың пайда болуы адамдардың өзі туралы елестерді күшейтті. Өзінің этностық тобын өзге топтармен салыстыра анықтады. Топтық сана сезім тайпаның бірлігін қалыптастырды. Өзін белгілі топқа жатқызу сезімі – бастапқы кезден-ақ басқа топ арасында өзін жоғары сезіну мазмұнында болды. Бұл идея барлық салт-дәстүрде, халық эпостарында, аңыздарда көрінеді.

Осы тұрғыдан этностық жансақ нанымдаржы ұлт өкілінің тұлғалық бағыт-бағыдарының, бағыттылығының негізгі реттеушісі, яғни ұлттық өзіндік сананы қалыптастырушы компонент деп көрсетуге де болады:

Біз төмендегі суреттен этностық жансақ нанымдар ұлттық өзіндік сананың компоненті ретінде бағыттылық жүйесіндегі ішкі психикалық өзгермелі компонент екендігін көреміз

Сонымен, этностық жансақ нанымдар негізі болатындығын және өте әлсіз, анықталмаған, негізі шамалы құбылыс екендігін теориялық негіздейміз. Соған байланыста тұлғаның эмоционалдық-мотивациялық мінез-құлқының қалыптасуында нақтылы бағалаушылық, реттеушілік рөл атқаратындығын аңғардық.

Жансақ нанымдар әртүрлі элеуметтік жағдайларға байланысты адамның санасында елеулі орын алып, өзіндік санасының қалыптасуында бастапқы көзі болмақ. Яғни, ұлттық өзіндік сана мен бағыты тұлғаның қоғамдағы іс-әрекетінен, көзқарасынан, қылықтарынан байқалатын адамның өзін элеуметтік ортада нақтылауы, сезінуі, анықталуы, аңғаруы және соған орай қоғамның негізгі ережелерін өз бойында меңгеруге бағытталған жансақ нанымдары немесе элеуметтендірілуі дей аламыз.

6.3 Психология ғылымындағы этномәдениет мәселелері

XX ғасырдың 60-70 жылдарынан бастап әлемдік масштабта халықтардың өмір салтын сақтауға ұмтылу, ерекше тұрмыстық мәдениеттің мәнін көрсету, этностық идентификация мәселесіне байланысты үдерістер қатты белең алды. Бүгінгі күні этностық қайта өрлеу жаңа замандағы адамзат дамуының басты факторы болып отыр. Адамдардың өзі түпкі шығу тектеріне көңіл болуі әртүрлі формаларда көрінеді- көне ескі салт дәстүрлерді респимациялау, кәсіби мәдениетті фольклоризациялау, өзінің ұлттық мемлекетін құру.

Қазіргі уақытта Қазақстанда мәдениетке, тілге, ұлтқа ұлттық мінез-құлыққа көп көңіл аударылып жатыр. Этнопсихология элементтерінің халықтар өмірінде және олардың басқа ұлттармен қарым-қатынасында маңызы зор. Оны бүгінгі тарихтан, ұлттар мен халықтардың мәдени даму кезеңдерінен, олардың өзара қатынасынан байқауға болады. Шын мәнінде, халық идеалдары, қызығуы, құндылықтары, түсініктері, сезімдері этностық қауымды біріктіреді. Олардың тарихи үрдістің субъектілері деп қарауға болады. Мәдени дамуға және этномәдени қауыммен қарым-қатынасқа өз ықпалын тигізетінін де осы реттен еске аламыз. Этнопсихология өзінің даму жолында көптеген қиындықтарға кездесті. Ол басқа ғылымдардың арасынан да орын таппай, өткен ғасырдың алғашқы он жылдығында да белгілі орынға ие бола алмады. Ғылым болмай, жәй пән ғана ретінде, этнография мен тіл білімдеріне жақын орналасқаны жайлы мәлімет Е.А. Будилованың еңбегінде жазылған. Ертеде рухан психологиялық аймақтағы этностық айырмашылық мәселесі және оның күнделікті тұрмысқа, халықтар мәдениетіне, жалпы оның іс-әрекетіне әсері көптеген ғалымдарды қызықтырған.

Белгілі жазушы, ғалым М. Әуезов этнопсихология, ұлттық мінез туралы тұжырымдарында әр халықтың, не ұлттың өзіне тән мінез-құлқы, темпераменті, талғам-түсінігі, әдет-ғұрып, салт-санасы болатындығын, қоғамдық сананың осынау ұлттық бояуларға қанық болуы қажеттілігі айтылған ғасырлар бойы дамып, қалыптасқан ортақ рухани тіршіліктері (фольклор, тіл, дін, өнер, дәстүр, салт, әдет-ғұрып т.б) ұлт психологиясының

ерекшеліктерін танып білдіретін басты өлшемдер дейді. Өлең жырды бірден, табан астында жанынан шығарып айту, суырып салма қабілеттілік, қиыннан қиыстырулар, тіл байлығы, сөз қабілетіне табыну халқымыздың ұлттық психологиясының басты ерекшеліктерінің бірі.

Біздің еліміздегі этнопсихологиялық мәселелер туралы зерттеулерді екі негізгі бағытта қарастыруға болады. Жұмыстардың бірінші тобын көптеген ұрпақтардың шығармашылық даналығының негізі болатынын халықтың психологиялық тәжірибесін зерттеу құрайды. Осы тәжірибені ғылыми тұрғыда зерттеудегі маңызды қадам ретінде Ш. Уалиханов, Ж. Аймауытов, Т. Тәжібаев және т.б. ғалымдарлы еңбектерін атауға болады. Бүгінгі таңда осы дәстүрді психологиялық тұрғыдан Қ.Б. Жарықбаев, С.М. Жакыпов, С.Қ. Бердібаева т.б. ғалымдардың еңбектерін атауға болады.

Қазақстан Ұлттық энциклопедиясында Ұлт – ортақ тілі, қалыптасқан мәдениетті біріктіруші, салт-дәстүрлері мен діні бар адамдардың әлеуметтік бірлестігі. Сонымен бірге көптеген ұлттардың ортақ аумағы, ортақ экономикасы, сол ұлт өкілдерін біріктіретін мемлекеті болады. Ұлттың қалыптасуына адамдардың бірлігінің бастауы болатын ортақ этногенетикалық тек те маңызды рөл атқарады. Осындай талап тұрғысынан қарастырғанда «ұлт» және «этнос» ұғымдары бір-біріне өте жақын, екіншісі біріншісінің туып, қалыптасуына негіз болады. Этностан айырмашылығы ұлттар этностық белгілерге қоса саяси, экономикалық және әлеуметтік белгілерге ие болады. Дегенмен, әлі де философтар мен саяси-әлеуметтанушылардың ой-пікірде «ұлт», «этнос» категориялары туралы бір арнаға тоғысқан түсінік қалыптаспаған.

Кез-келген халық немесе ұлт өзінің тек экономикалық, әлеуметтік, даму дәрежесімен ғана емес, сонымен қатар өмір сүру салтымен, тұрмысымен, тіл дәстүрімен, өзінің мәдени байлықтарымен, психологиясымен, мінез-құлық қалыптастыру мәселесінің негізгі бастауы халықтық педагогика Қазақстан қоғамының жаһанданушы әлемдік қоғамдастық талаптарына тез бейімделіп, жаңа сапалық дамуы арқылы озық дамыған елдердің қатарына кешікпей келіп қосылуы адамдарға қойылатын талапты түбірімен өзгертті. Қоғамның әлеуметтік әлеуеті, міне, ендігі

жердегі шешуші күш – осы. Әрине, бұғанға дейінде адамдарсыз ешқандай қоғамдық мәселе шешілмеген, ешқандай жаңалық ашылып өмірге пайдаланылмаған.

Әр ұлттың тілі мен дінінен басқа өзіне тән этностық ішкі құрылымы түріндегі иммунитеті болады, бұл құрылым мемлекеттік әкімшілік – аумақтық бөліністің ең төменгі сатысын қалыптастырады. Аталмыш бөлініс негізінен отырық сипатты халықтарда кеңістік-материалдық ресурс бойынша, ал көшпелі қоғамда адам ресурсы бойынша жүзеге асады. көшпелі қазақ (қазіргі қазақ үшін ауыл болғанымен) үшін өзінің жеті аталы руы мемлекеттік құрылымның негізгі мәйегі еді. Тіпті, қазақ руына қосылмайтын қожалық және төлеңгіттік институттардың өзі де белгілі бір дәрежедегі сословиелік мемлекеттік құрылымның рулық көрінісі болатын.

Қазақ құрылымының бұл төменгі деңгейінің беріктігі сонда, қазақ ұды да, суды да руымен ішетін. Бұл құрылымның бір өзі көшпелі ортада қазіргі жергілікті мемлекеттік басқару мен жергілікті өзін өзі басқару (дұрысы - меңгеру) аталатын институттарды айырбастап келген.

Кез-келген қазақтың қазақтығы оның белгілі бір рулық етенелікке тиістілігімен өлшенетін. Тіпті, қазаққа кірген басқа кірме жұрттардың өзі де өзіне сай «аспан алып», руын жасақтайтын. Алайда, қазақтың рухани иммунитетін жоюға бағытталған кеңестік идеологияның қазақтың сүйегінен өткені сондай, қазір бұл турасындағы әңгіме ұлттық антиақырып деңгейіне жетті, яғни қозғауға болмайтындай самоцензура қалыптасқан. Ал, біз тарихтың мұрағатына айналған рулық бөліністі аңсамасақ та, қайта қалпына келтірмесек те, қазақ үшін жаһандану алапатына этностық деңгейде қарсы тұрарлық қауқарды қанша жасырсақ та, жеті аталық туыстық қарым-қатынастан ұлттық иммунитеттің ұшығын көреміз. Бұл туыстық шетелге шашыраған қазақтардың өмірі арқылы сынақтан өткен бүгінгі ең тиімді этностық құрылым болып отыр.

Белгілі философ Ғабитов Т.Х. «Әрбір ұлттық мәдениет бос кеңістікте емес, адамдандырылған қоршаған ортада әрекет етеді. Мәдени кеңістік оқшау, мәңгіге берілген енші емес. Ол тарихи ағынның өрісі болып табылады» деген болатын. Қазақ мәдениеті еуразиялық Ұлы дала көшпелілерінің мұрагері болып табылады.

XV ғасырдың 60-шы жылдары қалыптаса бастаған ішкі танудың логикасы. Қазақ мәдениеті тұтас түрік өркениетінің ыдырауы нәтижесінде қалыптасты. Тірі пассионарлық, ұлттық күшті тұтас түрік мәдениетінің шеңберін бұзып өтті. Оның көлеңкесі бар, тұтас көшпенділік түрік өркениетінің ыдырауы, оның маңайындағы империяның бас көтеруіне әкелді. Жаңа бас көтерген империялар түбінде түрік империяның бодандыққа аяды. Ұлттық мәдениет табиғи ортамен байланысты.

Кез келген ұлттық мәдениеттің негізінде белгілі бір табиғи ареал жатыр. Ол оқшау жатады. Қазақ мәдениеті бұрынғы Еуразиялық Ұлы Көшпенділер даласының мұрагері болып табылады. Ұлттық мәдениет кез келген тірі жан сияқты жану, даму, өсу, өшу кезеңдерінен өтеді.

Н. Данилевский әр халықтың (этностын) 3 кезеңі бар дейді:

1. Этнографиялық (қор жинау) – 1000 жылға дейін созылады (ұлттық менталитеттің қалыптасуы);
2. Мемлекеттік – 300-350 жылдарға созылады (міндетті түрде ұлттық өркениет гүлдену үшін мемлекет қажет);
3. Өркениеттік (осы кезеңде ұлттық мәдениет әлемдік мәдениетке қосылып, өз жемісін береді).

Мәдениет адамзат әрекетінің нәтижесі болып табылғандықтан, адамдар жиынтығысыз тіршілік ете алмайды. Бұл жиынтық, тұтастық мәдениет субъектісі және оның жаратушысы, сонымен қатар мәдениет тасымалдаушысы болып табылады.

Әрбір ұлт өз мәдениетін қалыптастырып, оны сақтауының басты мақсаты – халықаралық аренада өз құқығын жүзеге асыру. Ұлт мәдени шынайлық ретінде өзін әртүрлі сфераларда – дәстүр, ерік-жігерінің бағыттылығы, құндылық бағыттылығы, тіл, жазба үлгілері, поэзия, дін және т.б. көрсетеді. Бұл әр ұлттың ең басты міндеті және сол үшін қызмет етуі қажет, яғни, өзін ерте заманнан атадан балаға, ұрпақтан ұрпаққа мұра, мирас болып келе жатқан сүйекке сіңген ұлттылықты жоғалтып алмау және қадірін аяқ астына тастамау. Сонымен қатар, ұлт өз өмір сүру ареалында мемлекетті құрып, оның егемендігін сақтауы қажет.

Өзіндік ерекшелікті сақтау және оны нық етіп бекіту ұлттың ішкі күштерінің белсенділігіне және ұлттық ішкі энергияларды сыртқа шығаруға да байланысты.

Тұтастықтың, жиынтықтың мәдениеті жеке тұлғалар мәдениетінен құралған нәтиже болып табылмайды және ол жеке тұлғалық қасиеттен жоғары; ол адамда тұтастығының құндылықтар жиынтығы, шығармашылық нәтижелер және мінез-құлық стандарты болып табылады. Мәдениет – бір адам баласын адамдар тұтастығының бір мүшесі ретінде қалыптастыратын жалғыз күш. Ұлттық ерекшеліктерді сақтау мәдениеті Өлемнің көптеген халықтарымен өзара қатынаста байи түседі. Жеке тұлғаның еркіндігі, әлеуметтік бірігудің жоғары деңгейлігі, әлеуметтік теңдік және т.б. – бұлардың барлығы қандай да болмасын аз санды халықтың өмірге деген қабілеттілігін қамтамасыз ететін және ұлттық талшыныстар мен мақсаттарды жүзеге асыратын негізгі құндылықтар. Өмірлік маңызы бар жағдайларда адам баласына қоғам принциптеріне сәйкес келетін дұрыс шешім табуға көмектеседі.

Этностық өзіндік сананың құрылымы, этностық эдентификация, өз «менің» бастан кешіруі, әсерленуі, өзіндік қатынасты белсендіру, этнорухани мәдениетке, ұлттық тілге, халық салпына, дініне, әдет-ғұрпына, мәдениетіне деген психологиялы орнықтылық сияқты белгілермен анықталады.

Этнофакторлардың мәнді өсуі этностық өзіндік сананы күшейтеді. Этностық өзіндік сана индивидуалды қасиет-тердің әртүрлі деңгейдегі эрархиялық байланысын детерминациялайды қасиеттердің және интеграцияланған индивидуалдықтың дамуының жүйелі ұйымдастырушысы функцияларының орындайды, әрі реттейді. Этностың басты объективті тасушысы болып табылатын «ұлттық мәдениеттің» әлсіреуі барысында өтетін этностық өзіндік сананың күшеюін «этникалық парадокс» деп айтуға болады Бұл парадокстың болу себебі ұлттық өзіндік сананың компенсациялаушы функциясымен байланысты, соны күшейту және бекіту, этностық өзіндік сананың объективті негізі – халықтың, этностың, ұлттың өзіндік қайталанбас мәдениеттің әлсіреуінде пайда болатын негативті әсерлерді теңестіреді.

Этносаралық бейбітшілік пен татулық – бүгінгі қазақстан қоғамында күн тәртібінде тұрған маңызды мәселелердің бірі. Ол еліміздің дамуының жаңа кезеңінде ерекше мәнге ие болып отырған сұранысы және талабы.

Мәселенің қойылуы Қазақстан Республикасының Президенті Н.А. Назарбаевтың Қазақстан Халқы Ассамблеясының XV сессиясында қоғамымыздағы қазіргі калыптасқан саяси, әлеуметтік-экономикалық жағдайды және достық пен өзара түсіністікті сақтау және нығайту туралы берген ұсыныстары мен тапсырмасына сай. Мұнда Елбасы еліміздегі этносаралық және конфессияаралық қатынастардың теориясы мен практикасының өзекті мәселелерін, және осыған орай олардың болашаққа арналған нақты міндеттерді тұжырымдады.

Әрине, еліміздегі бүгінгі саяси-әлеуметтік ахуалды сақтаудың, Қазақстан халқының бірлігін одан да әрі нығайта берудің қаншалықты маңызды екені баршамызға аян. Осыған орай Қазақстанның бұл саладағы әр қашанда ескерілуге тиісті түйінді мәселелер маңыз алары сөзсіз:

- Қазақстанның тәуелсіз және біртұтас дамуының бірден-бір кепілі оныунитарлы мемлекетін жан-жақты дамытып нығайту;

- Қазақстан мемлекетінің негіз құраушысы, тарихи тірегі болып табылатын

қазақ халқының мүдделері мен объективтік жағдайын мойындап жүзеге асыру;

- Қазақстан халықтары мен ұлыстарының ұлттық мәдениеті, дәстүрлері мен тілдерін дамыту, олардың рухани бірлігін нығайту:

- Қазақстанды мекендейтін ұлттар мен ұлыстардың, олардың ішінде әсіресе

ұлттық азшылық деп саналатындардың саяси және құқықтық қорғалуын қамтамасыз ету:

- елдегі саяси тұрақтылықты, ұлтаралық бейбітшілік пен келісімді нығайта беру;

ТМД елдерінде, сондай ақ Қытайда, Монғолияда, Түркияда және басқа да мемлекеттерде тұратын қандастарға қолдау көрсету, олардың Қазақстанмен байланыстарын нығайтуға жәрдемесу.

Мемлекеттік ұлттық саясатты нәтижелі жүзеге асыруда дәлелді жанғырту-шылық жолды таңдап, қоғамдық бірлік пен бітімгершілік бастамасының негізін нығайтып өрістете берудің маңызы зор. Сондықтан да әлемдік дағдарыс және оның зардаптарын еңсеру жағдайында бүгінгі Қазақстанда мемлекеттің

ұлттық бірлік саясатын-бүкіл қазақстандықтардың ұлт және діни наным-сенімінен тәуелсіз бір-біріне өзара құрметі мен теңдігін жүзеге асыру, қоғамдық келісім иен этносаралық қатынастарды үйлесімділеуді нығайту аса зор маңыз алып отыр.

А.Я.Гуревич өзінің мазмұны жағынан өзгеріп отырғанымен, тарихтың кез келген дәуірінде адамға тән негізгі концептуалды және сезімдік категорияларды әмбебапты деп санайтындығын бөле жара атап көрсетеді. Бұл әртүрлі тарихи дәуірлердегі мәдениет пен қоғам өмірін түсіну үшін мұндай категорияларды зерттеудің бірінші кезекті маңыздылығын көрсетеді.

С.Н.Артоновский «Әр халықтың мәдениеті өзіне тән ерекшелігімен дараланып көзге шалынады. Алайда басқа халықтардың әсерінен таза, дара ұлттық мәдениет тіпті де кездеспейді. Ұлттар мен халықтардың материалдықжәне рухани байланысы, қарым – қатынасы арқылы олар бір – бірін мәдени байлығы жағынан толықтырады.

Әртүрлі ұлтпен халықтарда кездеспейтін, қайталанбайтын таза ұлттық салт- дәстүр ешбір елде болмақ емес. Бір ұлтта бар салт-дәстүрлер, ұлттық ою өрнек, тағам, спорттық ойын түрлері екінші бір ұлтта да белгілі ұқсастықпен және өзіндік ерекшелігімен көрініс береді.

Этномәдени білім беру стратегиясы - өз тарихын, мәдениетіне тиісті сфера арқылы берілуіне негізделген, ұлттық этномәдени ұқсастығын жүзеге асыруға бағытталған. Сонымен бірге, белгілі мемлекетте тұратын барлық этностардың мемлекеттік интеграциясы маңызды болып табылады. Ал бұл жағдай білім беру жүйесі арқылы тиімді жүзеге асырылады.

Этномәдени білім беру – ана тіліне, мәдениетіне қатыстырып және әлеуметтік мәдениетті қабылдау арқылы этномәдени ұқсастығын сақтауға бағытталған. Сонымен бірге ол трансляциялық, дамытушылық, дифференциялық және интеракциялық функцияларын атқарады.

Этномәдени білім беру негізгі тапсырмаларының бірі – ол өз мәдениетін ғана біліп қоймай, сонымен бірге тұтас дүниеге көзқарасы қалыптасқан мәдени тұлғаны тәрбиелеу болып табылады. Яғни, этномәдениеттілікті есепке алу барысында жеке тұлғалардың талап-тілектеріне сай сөздерді қолдану әрекеті іске асырылады.

Қайталау және бекітуге арналған сұрақтар

1. Сана – сезімнің құраушы қандай компоненттер?
2. Жаңсақ нанымдар мен этностық жаңсақ нанымдар дегеніміз қандай феномен?
3. Ұлттық бағыт, таптаурындар мен нанымдар арасында қандай байланыс?

7. ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫҢ ЭТНОПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

7.1 Қарым-қатынас – этнопсихологиялық феномен ретінде

Қарым-қатынас психологиясы адамдардың өзара қарым-қатынас заңдылықтарын зерттейтін ғылым. Адам арасындағы қатынастардың түрі келесідей: жеке және қызметтік, дара және топтық, тең құқықты және тәуелді, қарама-қарсылықты және дайындамайлы

Қарым-қатынас психологиясының негізгі бағыт-бағдары:

1. «Мен» - «Басқа» жүйесіндегі арақатынас. Қарым-қатынас барысында найда болатын тұлға аралық қатынастарды танып білу, адамдардың бірін-бірі тану мен түсіну механизмін зерттеу, олардың ортақ қызметін ұйымдастыру тәсілін анықтау, бір адамның екінші адамға ықпал етуінің жолдары мен мүмкіндіктерін айқындау.

2. «Топ» - «Мен» жүйесіндегі арақатынас. Өртүрлі әлеуметтік жағдайлардың адамның мінез-құлқы мен тұлғалық ерекшеліктеріне ықпалын зерттеу. Адамның әлеуметтік ұстанымдары, әлеуметтік көзқарастары, топ және қоғам адамның тұлғасын қандай жолдармен қалыптастырады және өзгертеді? Әлеуметтену – даму барысында әлеуметтік құндылықтарды, нормаларды әр адамның өз бойына сіңіру үрдісі.

3. «Мен» - «Топ». Жеке адамның әлеуметтік жағдайларға, қоршаған ортаға жасаған белсенді ықпалы. Өрбір адам - өз өмірінің, өз әлеуметтік байланыстарының қожасы, басқа адамдармен қарым-қатынастағы рөлдері мен орындарының жасаушысы ретінде қарастырылады.

Сонымен, қарым-қатынас психологиясының негізгі мәселесі – адами қарым-қатынастың тұлғааралық және топаралық формаларын танып-білу, ортақтасудың пайда болуы мен қызмет етуін және жеке тұлғаның қарым-қатынас барысында әлеуметтік-психологиялық қасиеттерінің қалыптасуын зерттеу.

Қарым-қатынас психологиясы адамдармен топтардың әлеуметтік мінез-құлықтарының заңдылықтарын зерттейтін ғылым. Қарым-қатынас психологиясы – мінез-құлыққа

элеуметтік ықпал етудің тиімді тәсілдері мен технологияларының жиынтығы.

Қарым-қатынас психологиясының маңызы зор. Адам өмірін қарым-қатынассыз, арақатынассыз, топшілік және топаралық қатынассыз елестетудің өзі қиын.

Әлеуметтік перцепция туралы түсінік

Тұлғааралық қарым-қатынастың пайда болуы мен нәтижелі дамуы отан қатысушылардың өзін-өзі және өзара түсінісуіне байланысты. Адамдар бірін-бірі қалай, қай деңгейде қабылдайды, түсінеді, сезімдері мен қасиеттерін қалай бейнелейді, өзге арқылы өзін қалай таниды, ортақтасу барысы да, арақатынастары да соған байланысты. Сонымен, бір адамды екінші адамның қабылдауы ортақтасудың міндетті құрамдас бөлігі ретінде шартты түрде ортақтасудың перцепциялық жағы болып аталады. Әлеуметтік перцепция – қарым-қатынас үрдісінде бірін-бірі өзін-өзі тану мен түсіну.

Бақылаушы бақыланушыны көргенде сыртқы физикалық сипаттарын қабылдайды. Ең алдымен сыртқы түрін (дене мен киім пішімін) және тәртібін (қимыл-қозғалысын) бағалайды. Сыртқы сипаттамасына қарай ішкі қасиеттері туралы да тұжырым жасайды. Бақылаушы өзі берген бағаға орай бақыланушыға белгілі көзқараста болады, оған деген ішкі эмоциялық қатынасын (ұнайды – ұнамайды) орнықтырады. Бақылаушы бақыланушының сыртқы түріне қарай оның психологиялық қасиеттерін таразылап, одан не күтуге болатынын алдын-ала болжап, ол адамға қатысты өз іс-әрекетін белгілейді.

Әлеуметтік перцепция құрылымы – адамның сыртқы келбетін қабылдау арқылы оның тұлғалық психологиялық ерекшеліктерін бағалау, талдау және оған орай өз эмоциялық қатынасын анықтау, соның негізінде бақыланушының іс-әрекетін болжау. Назар алатын жәйт: сыртқы бейнесіне қарап біз бақыланушының ішкі дүниесін «оқып», түсінгендей боламыз, оған байланысты өзіміздің сезімдеріміз арқылы іс-әрекетімізді анықтаймыз. Жалпы айтқанда, элеуметтік перцепция барысында өзгеге эмоциялық баға беріледі, оның әрекеттерінің себептерін түсінуге тырысымыз, тәртібін алдын-ала жоспарлаймыз, өз тәртібіміздің бағытын белгілейміз. Мысалы, кімге сынақты қалай тапсыруға болатынын, кімге пара беруге болатынын, кімге дауыс көтеруге болатынын алдын-ала сеземіз.

Әлеуметтік перцепцияның қызметтері:

- өз-өзін тану;
- ортақтасу серігін тану;
- түсінісу негізінде өзара іс-әрекет ұйымдастыру;
- эмоциялық қатынас орнату.

Әлеуметтік перцепцияның барысын зерттегенде екі аспекті көзге түседі. Бірінші перцепцияның барысын субъектісінің психологиялық және әлеуметтік ерекшеліктерімен байланысты болса, екінші тұлғааралық бейнелеу механизмін талдаумен байланысты.

Адамдар бірін-бірі қабылдағанда, бағалағанда олардың жасына, жынысына, ұлтына, мамандығына, жеке мінездемесіне орай өзгешеліктер байқалады. Мысалы, жасына қарай. Балалар алдымен адамның бет қимылдарына қарап бағалайды. Ересектермен салыстырғанда, балалар көбінесе сыртқы белгілерге (киім, көзәйнек, шап) бейімделген. Әлеуметтік статусына орай назарға алынатын жайттар: мұғалім мен шәкірттер бір-бірінің әртүрлі қасиеттеріне мән береді. Ұстаздар, ең алдымен, оқушының тәртібіне көңіл аударса, студенттер мен шәкірттер олардың әділдігін, білімдарлығын бағалайды.

Қабылдаудың субъектісінің ішкі психологиялық және әлеуметтік ұстанымдары басқа адамды қабылдау барысында, әсіресе, бейтаныс адам туралы алғашқы әсер қалыптасқанда, өзіне тән белгілі әлеуметтік перцепцияның схемасына орнықтырады. Мысалы, бай адам үшін 100 теңге аз болса, кедей үшін ол маңызды ақша болады. Аласа бойлы бастықты адамдар биік бойлы деп санаса, дәл сондай бойлы қатардағы қызметкерді қысқа бойлыларға жатқызады.

Қарым-қатынас психологиясы қабылдау объектісінің де психологиялық қасиеттерін зерттейді. Бақыланушының қай жақтары ортақтасу серігі үшін аса маңызды? Бақыланушының қандай жақтары бақылаушы үшін көп ақпарат береді? Ортақтасу серігін бағалағанда, адамдар ең алдымен неге назар аударады? «Анасына қарап қызын ал» мақалы әлеуметтік перцепцияның бір көрнісі. Анасының психологиялық қасиеттерін қызына да тән деп санаймыз, ал шындығында, олай бола бермейді.

Бақыланушының маңызды жақтарына мимикасы (бет қимылы), сезімдерін айқындайтын қол қимылы (киім, шашы),

дауысы мен сөзінің өзгешеліктері жатады. Осының бәрі ортақтасудың бейсөз тәсілдеріне жатады.

Бейсөз тәсілдері ұлттық және ұлтаралық сипатта болуы мүмкін. Мысалы, басын не шашын сипалап тұру – сенімсіздікті, дайын еместікті білдіреді. Саусақтардың ұштарын қосу – ұялу, бағыну белгілері.

Белгілі ұлттық-мәдени ортада өскен бала әртүрлі сезімдерді айқындайтын (экспрессиялық) тәсілдерді бойына сіңіреді.

Қарым-қатынас барысында өзін-өзі, өзгені білу және тану механизмдеріне идентификация, Эмпатия, аттракция, рефлексия жатады.

Сәйкестену - өзгенің орнына өзін қойып, оның ішкі дүниесін түсіну, өзгені тану тәсілі, өзін өзгеге ұқсату. Идентификациялану барысында өзгенің құндылықтары, мінез-құлықтары, әдеттері өз бойына сіңіріледі. Идентификация, әсіресе, жасөспірімдерге тән құбылыс. Өздері идеал, кумир ретінде таңдаған кісі (олардың ойы бойынша) не істесе, бұлар да өз іс-әрекетін соған ұқсатуға тырысады. «Оның орнында болсам, мен не істер едім?» сұрағына жауап іздейді. Кішкентай қыз ойнағанда өзін амасына теңестіреді, анасы қалай сөйлесе, сондай дауыс ырғағымен бұл да қуыршағымен сөйлеседі. «Болмасаң да ұқсап бақ» деген мақал соның дәлелі болар.

Эмпатия – эмоциялық түсіну, өзгенің ішкі жағдайын өз сезімдері арқылы қабылдап білу. Эмпатияның негізінде жатқан жәйт - өзгенің ішінде не болып жатқанын, ол не сезіп тұрғанын, дүниені қалай бағалайтынын дұрыс елестетіп білу. Эмпатиясы жоғары дамыған адамның айырмашылығы – бір оқиғаны әр адам әртүрлі қабылдайтынын, солай қабылдауға мүмкіндігі, құқығы бар екенін мойындауында. Эмпатия, ортақтасу серігімен эмпатиялық қарым-қатынас құру – педагогтардың, психологтардың, әлеуметтік қызметкерлердің маңызды кәсіби қасиетінің бірі. Эмпатиялық қабілеттерді дамыту адами ортақтасумен тікелей шұғылданатын мамандардың басты міндеті болып табылады. Бұндай қабілеттер психологиялық машықтар арқылы шынығады.

Аттракция - өзгені танып білудің ерекше түрі, ол өзгеге қатысты тұрақты жылы сезім қалыптастыруға негізделген. Ортақтасу серігін жақсы түсінуге, оған қарай достық не

сүйіспеншілік сезімдеріне негізделген қарым-қатынас себепкер болуы даусыз.

Әлеуметтік рефлексия – қарым-қатынас барысында өзін-өзі тану механизмі. Ортақтасу серігі мені танып-білу туралы білім, өзге адам мені қалай қабылдайтынын («сен мені қалай білетініңді мен білемін») елестету қабілеті әлеуметтік рефлексия деп аталады. Басқа адамдармен неғұрлым байланыстары көп болса, басқалар туралы елес мол болса, өзіне басқалар қалай қарайтынын талдай алса, соғұрлым адам өзін терең танып біледі. Өзгелерге өзін аша білу - өзіндік танудың шарты. Ортақтасу барысында басқаларға өзіміздің ішкі дүниемізді айқара ашқан кезде өзіміз де өз жанымыздың байлығына сүңгіміз. Сондықтан, «өзіңді білу үшін өзгеге ашыл» ережесін пайдалануға болады.

Тұлғалық атрибуция - әр оқиғаның себепшісін, әр жағдайда нақты кінәлі адамды іздеп табатындардың тәсілі. Мысалы, балгерлер «жанында бір сары кісі жүр екен, содан сақтан» дейді. Кеңес өкіметі «халық жауларын» іздеп құртуды көздеген. Мұғалім бүкіл сыныптың олқылығын старостыға жүктеп қоюға дайын тұрады.

Жағдайлық атрибуция – нақты адамды емес, жағдайды кінәлайтындардың тәсілі. Мысалы, «газ жоқ болғандықтан, тамақ піскен жоқ»,

Стимулдық атрибуция – адамның өзін, заттың өзін кінәлайтындардың тәсілі. Күзе құлап сынды – күзе өзі кінәлі. Әйелін күйсеуі ұрса - әйелдің өзі кінәлі. Мысалы, жетістіктердің себептері деп адам өзін санаса, ұтылыстың, жеңілістің себепін жағдайға сілтей салады. Емтиханды жақсы тапсырса – ізі «кінәлі», ал тапсыра алмаса – не мұғалім, не жаман жағдай «кінәлі».

Кей кезде психологиялық проекция жала жабу мен қарсы келумен көрінеді. Топаралық деңгейде екі негізгі атрибутивті процесс жүреді.

1- каузальды атрибуция, яғни басқа адамның мотиві мен қимыл әрекетінің қабылдау себептерінің процесінде адамның интерпретациясын көрсетеді.

Каузальды атрибуция зерттеулері көрсеткендей:

- адамдар бірін-бірі тануда іштей бақыланып алынған мәліметтермен тоқталмай, сонымен қатар, олардың мінез-құлық себептерін анықтауға тырысады.

-бақылау процесінде алынған ақпарат негізінде басқа адамдар жайлы жақсы нәтижелер алу үшін жеткіліксіз болғандықтан, бақылаушы олардың мінез-құлқы жайлы мүмкін болатын себептерді алады және оларға қосымша жазып береді.

-Бұндай себепті интерпритация бақылаушының өзінің әрекетіне және қылықтарына оның басқа адамдармен қарым-қатынасына әсер етеді.

Қорыта келгенде, атрибуцияларды назарға алу ортақтасудың тиімді болуына септігін тигізеді.

7.2 Этнопсихологиялық қатынас аспектілері

Қазіргі заманда қарым-қатынас әлеуметтік-психологиялық феномен деңгейінде қарастырылады, адамдар арасындағы күрделі детерминизм (детерминизм – адамның еркі мен мінезінің өзара байланыстылығының себептерін, себептестігінің заңдылығын зерттейтін ілім) және қалыптасудың жан-жақты процесі және адамдар арасындағы байланыстың дамуы, ақпарат алмасуды енгізетін, сондай-ақ қарым-қатынас стратегиясын тудыратын, өзгені қабылдау мен түсінетін процесс.

Қарым-қатынас вербальды және вербальды емес құралдардың, әртүрлі сигналдық белгілерді пайдалану арқылы іске асады.

Вербальды қарым-қатынас тек адамға ғана тән және тілде түрлі белгілер жүйесін қолдану, фонетикалық белгілерді пайдалану ретінде туындайды. Сондықтан вербальды қарым-қатынас тілді үйрену арқылы іске асады. Бұл сөйлеу қарым-қатынасының мәдени дамуына, өз оның дәл жеткізуге, ойын түсінікті тілмен жеткізуге, уақытылы әріптестің реакциясына әсер етуге, оның көзін бір нәрсеге жеткізуге әсер етеді.

Мәдени тілдік қарым-қатынас тілдің барлық құралдары мен мүмкіндіктерін тиімді пайдалану болып табылады. Ол лексикалық, грамматикалық, фонетикалық мәдениеттен тұрады. Сондықтан вербальды қарым-қатынас – бұл ойды сөзбен және сөйлеммен жеткізу, барабар сөздерді талдау, олардан сөйлем құрастыру, сөйлесу, әріптесті тыңдау, оның ойын анықтау және т.б.

А.А. Потебня өзінің «Ой және тіл», «Тіл және қажеттілік» еңбектерінде тіл әр халықтың өмір сүруін дәлелдейтін құрал деп көрсеткен. Сонымен қатар халық өз тілінде сөйлей білуі қарастырылады. Ол әлемдік тілдердің екі түрлі қасиетін көрсетті: «дыбыстық бөлінуін және барлық тілдер символдық белгілерден тұрады. А.А. Потебня тілді дайын ойды білдіретін құрал ретінде емес, оның алғашқы туындауының элементтері ретінде қарастырады. Сонымен тілді әр халық өзінің ұлттық ерекшеліктеріне қарай қалыптастырады. Потебняның ойынша тілін жоғалтқан халықтың өзі де жойылып кетеді.

Тіл – халықтың тарихи дамуының нәтижесі, оның ұлттық мінсізінің қалыптасуы, оның ұлттық ерекшелігі, ойлау деңгейі, логикасы.

Этнопсихологияда тіл мен ауа райының арасындағы тығыз байланыс бар деген көзқарас қарастырылады. Бұл көзқарасқа сай, күн дауысты дыбыстарды тудырады, ал солтүстік дауыссыз дыбыстарды (мұздар мен мұздықтар сияқты) тудырады делінген. Дауысты дыбыстар мен дауыссыз дыбыстар арасындағы тепе-теңдікті біркелкі климат тудырады.

Үлкен айырмашылықтар әр түрлі халықтарда қарым-қатынастың ерекшелігіне байланысты болады. Кейбір елдерде көбіне мән ойдың айтылуына беріледі, қалай айтылғанына байланысты. Сондықтан бұл жерде ақпарат алмасудың когнетивтік стилі қолданылған. Ең біріншіден ойдың жүрдектігі, ұғымды дәл қолдану, айтылған ойдың қонымдылығы көрсетіледі. Мұндай мәдениетті төменгі контекст деп айтуға болады. Кейбір елдерде, назар көбіне сөйлесу контекстіне бөлінеді, қандай интонациямен және қарым-қатынасты жасырын оймен жеткізуге бөлінеді. Бұл жерде вербальды қарым-қатынас ең алдымен сыпайы сөйлесуге, сөйлеудің нақты оймен жеткізілімеуін қарастырады. Көбіне «мүмкін», «бәлкім» және т.б. сөздер қолданылады. Мұндай елдер жоғары контекстік мәдениетті көрсетеді.

Мысалы, жапондықтарға сыйластықты сақтауға сөйлем соңында етістіктің келуі көмектеседі.

Орыс мәдениетін зерттеуде оның тілінің жоғары контекстін екені айқындалды. Басқа тілдерге қарағанда белгісіздік аймағы бұл тілде көптеп кездеседі. Орыс тілінде белгісіздік есімдіктері

көп қолданылады: «что-нибудь, что-то, как-бы, некто және т.б.» Т. Стефаненко қазіргі таңда орыс тілінде арам шөптей «как-бы» сөзі қолданысқа енгенін атап көрсетеді. Бұл сөз лингвистика алаңында бекер қолданысқа енген жоқ, өйткені Ресей қазіргі таңда әлеуметтік тұрақсыздық жағдайын бастан кешіруде. Орыс тіліне тән тағы бір ерекшелік оның жоғарғы эмоционалдығында. А.В. Выпечкина көрсеткендей, эмоционалдық сөздер «көп жағдайда сөйлеушінің минуттық, көңіл-күйінен және ерекше қарым-қатынастан, яғни сол кезеңдегі көңілін білдіреді.

Қазақ тілінде жоғарғы контекстік мәдениетке жатқызуға болады, бұл жерде ең алдымен назар хабарламаның контекстіне аударылады, не айтылғанына емес, қалай айтылғанына бағаланады. Хабарламаның формасы маңызды болып табылады. Қазақ тілінің ерекшелігі – оның ерекше бейнелілігінде, көп мағыналылығында. Қазақ халқында ертеде сұлу және бейнелі сөйлеу мен ән айтқан, акын – импровизаторлар тегін құрметпен мақтауға ие болмаған. Үлкен тойларда акындар айтысқа қатысып өздерінің шешендік өнерлерін көрсетіп, ойлау стилін, өздерінің сезімдерін жеткізген. Айтыс ұлттық әлемді қабылдау және әлемді тану болып табылған.

Вербальды қарым-қатынастың ең маңызды мінездемесі тура немесе жанама қатынас стилі, адамның ішкі сезімін білдіреді. Қазақ тілінде қарым-қатынастың жанама стилі көп қолданылады. Мысалы, қазақ мақалы «Қызым, саған айтам, келінім сен тыңда».

Отбасында үйлесімділікті сақтау үшін, бір-бірінің арасындағы қарым-қатынасты қиындатпау үшін, келіннің қателіктерін, қызына айту арқылы түзетіп отыруға тырысады. Бұл айтуға үш кезең негізге алынады: келіннің мінез-құлқын сынмен қабылдау, бұл сынды сөзбен жеткізу, іс-әрекет. Олар өз нәтижесі бойынша парадоксалды болып келеді: келіннің теріс қылықтарын ойлау, бұл ойларды келіннің көңіліне тигізбей қызына айту. Қазақ әйелдері келінді тәрбиелей отырып қызын да тәрбиелеген.

Н.Лебедеваның айтуынша тікелей емес стиль әлеуметтік қарым-қатынасты ғана емес, әлеуметтік әрекетті сақтайды.

Қазақ тілінде «көк» сөзі екі мағынаны білдіреді – көк және жасыл. Аспан-«көк», ал «көк» - бұл жасыл түсті; көк шөпті де білдіреді. Көк аспан – шексіздіктің символы, жасыл шөп – бұл адамның жасы – шектеудің белгісі. Бұл бір сөздің амбиваленттік

мағынасын білдіреді. Ж. Каракузова көрсеткендей «Амбиваленттік тек түр-түспен анықталмайды, көк-жоғарыны, жасыл – төменді ғана көрсетпейді, көшпелі халық бұл түстерді бір-бірімен байланыстырады. Бұл мысал мифологияны еске түсіреді, «аспан» мен «жер» бір-біріне алшақ болған деген ұғымды келтіреді.

Екі жақты немесе амбиваленттік мағынаның психологиялық ойлауымен, психологиялық мінез-құлқын көруге болады.

Сол себептен вербальды қарым-қатынас тек қарым-қатынас функциясын ғана білдірмейді. Бұл қоршаған ортамен қарым-қатынасқа түсудің бір түрі; сонымен бірге сөйлесу арқылы сезімнің барлық эмоциясы білінеді; адамдардың арасындағы халықтың мәдениеті; даму, ойлау сатысын және т.б. білуге болады. Бұл адамның қоршаған ортамен этнопсихологиясын білдіреді.

Вербальды этностық қарым-қатынас ауызша емес коммуникативтік құралдарға сүйенеді; сондықтан психологияда келесі түрлер мен формаларды бөліп көрсетуге болады.

-оптика-кинетикалық – бұл басқа адамның қозғалысын көзбен қабылдау (тест, мимика, пантамимика, көзбен қарым-қатынас жасау)

-паралингвистикалық, ритмика-интонациялық сөйлеу (дауыс ырғағы, диапазоны, тембрі, екпіннің күші);

-адамның экстралингвистикалық, физиологиялық қарым-қатынас (үзіліс, күлкі, жылау, сөйлеу темпі, жөтел);

-кеңістік-уақыттық қарым-қатынас элементтері (дистанция, уақыт);

-әріптеспен динамикалық қарым-қатынас жасау (қол қысу, қол соғу, құшақтасу, сүйісу т.б.)

-ольфакторлық, иіспен байланысты.

Сөйлеу каналдары арқылы таза ақпарат берілсе, вербальдық емес жолдармен әріптеске қарым-қатынастың қимылдық бағалауы бойынша вербальдық қарым-қатынас жүйесі негізгі массаның басшысы және әріптестің тура бейнесін бере алады. Вербальды емес байланыс құралдары зерттеуші А.Мейерабин 93 % ақпарат вербальдық емес қатынас каналдары арқылы беріледі десе, оның 55 %- мимика, жест арқылы, 38 %- тембр, дауыс ырғағы арқылы беріледі делінген.

Вербальды емес қатынас 700000 мимикалық жетістік, кейіптік қимылдардан тұрады деп көрсеткен.

И.Альтман және М.Говейн вервальды емес коммуникациялық екі стильді бөліп көрсетеді; жеке бағыттың стиль, жеке мәдени және жалпы-бағыттық, ұжымдық мәдениетке тән.

Қарама-қарсы әрекеттерге сай адамдар 4 негізгі вервальды емес қарым-қатынасты қарастырады:

1. Жеке – ашық стиль, вервальды емес әрекетке тән, жекешелікті көрсетеді. Бұл стильге экспрессивті вервальды емес стиль жатады.

2. Жеке-тұйық стиль, бұған пассивті тесттер жатады.

3. Жалпы – ашық стиль топтық норманы белгілейді.

4. Жалпы – тұйық стиль топтық норманы қарым-қатынас негізінде жұмсақтық пен ара қашықтықты сақтайды.

Оптика-кинетикалық байланыс құралдарына адамның көзбен көруі, тест арқылы сөйлесуі жатады, мимика – адамның бетінің бұйышық етеді арқылы ішкі жан-дүниесін білдіруі, пантомимика – сөйлеу кезіндегі адамның тұрысындағы кейпі, көзбен жасау-әріптеспен көз арқылы қатынас жасауы. Тілдік қатынас болмаған жағдайда оптика-кинетикалық құралдар негізгі қатынас құралдарына жатады. Сондықтан ақылгөйлердің айтуынша тест дене қозғалысы емес, жан қозғалысы.

Г.Триандис мынадай тарихи мысал келтіреді, 1991 ж. Ирактың сыртқы істер министрі Азиз бен АҚШ-тың мемлекеттік секретары Бейкердің кезінде олар белгілі бір келісімге келуге тырысады. Бейкер егер Ирак Кувейттен кетпесе АҚШ Иракқа қарсы әскери күшін жұмсайды деп ашық және айқын айтқан. Хусейннің ағасы Бейкердің қимылы емес, сөзіне ғана көңіл бөлген. Сондықтан ол ағасын американдықтар шабуыл жасамайды деп тыныштандырған. Олар тек қорқытады деген. Алты күннен кейін «Буря в пустыне» операциясы басталады. Сол себептен бұл қателіктің кесірінен Ирак мыңдаған адамдарын жоғалтты.

Этностық қарым-қатынас кезінде вервальды ғана емес, вервальды емес әрекеттер де бастапқы болып табылады. Этностық қарым-қатынас кезінде қандай да бір жест әр елде әр түрлі түсінікке ие. Сол себептен түсініксіз жағдайлар туып жатады.

В.Сухаревтің айтуынша, біздің шақыру жестіміз жапондықтарда қоштасуды білдіреді. Сұқ саусақты сілтеу американдықтарда қайыр сұрауды білдіреді. Сондықтан американдықтар жапон портъелерін түсінбей қонақ үйлерде үнемі шағым түсіреді.

Егер сіз Голландияда саусағыңызды самайыңызға қойып, қандайда бір ақмақтықтың белгісін білдірсеңіз, олар әлде біреудің ақылмен айтқан ойына тәнті болдыңыз деп түсінеді. Африканың кейбір елдерінде күлкі – бұл таңқалудың немесе мидың ауысуының белгісі.

АҚШ-та үлкен бас бармақпен «нөл» белгісін көрсету барлығы «жақсы», «Керемет», «ОК» дегенді білдіреді.

Америка президенті Никсон Бразилияда болған кезде осы жесті көрсеткенде, оны дұрыс түсінбеген, өйткені Бразилияда бұл жест әдепсіздік белгісі. Ал Жапонияда бұл ақшаның белгісі. Португалия және де бірқатар басқа елдерде әдепсіздікті білдіреді.

Этностық халықтар арасындағы дистанцияны зерттеу жұмыстары Қазақстанда да жүргізілген. Этностық халықтар арасында корей халқы басқа елдерге қарағанда өздерін алшақ ұстайды. Бұған тарихи және әлеуметтік жағдай қатты әсерін тигізген. Қазақ және орыс халқының корей халқын жылы қарсы алып, оларға көмек беруінің арқасында олар осы екі ұлт өкілдерімен жақсы қарым-қатынаста.

Қазақ халқы ашық қарым-қатынасқа түсуге бейім. Олар бір-бірінен 60см ара қашықтықта сөйлесіп, әріптесін әңгімеге тартуға тырысады. Қарым-қатынас танысудың деңгейіне, жағдайға байланысты туындайды. Жағымды жағдайдағы сөйлесулер бір-біріне жақын ара қашықтықта туындайды, ал негативтік жағдайда ара қашықтық алыстайды. Ерлерге қарағанда, әйелдер жақын ара қашықтықта сөйлеседі.

Қазақ тілде сөйлесетін қазақтар бір-бірімен жақын ара қашықтықта әңгімелеседі, ал орыс тілінде сөйлесетін қазақтар өз ортасына тек орыс тілді адаидарды жібереді. Орыс тілді қазақтар қазақ тілді қазақтармен көп қатынасқа түспейді, себебі қазақ тілін таза сөйлей алмағандықтан өз ойларын жеткізе алмайды, сондықтан олар өздерін жайсыз сезінеді.

А.И. Донцова, Т.Г. Стефаненко, Ж.Т. Уталиева жүргізген зерттеулерден мынадай жағдайды көре аламыз. Екі қазақтың

қазақша сөйлесуі орыс тілді қазақтың ашуын туғызады. Жартысынан көбін екі тілді жақсы білетіндер ашуландырады. Студенттер арасында қазақ тілінде сөйлесуден гөрі, орыс тілінде сөйлесу басым.

Этностық халықтар арасында кеңістікті қабылдау түсінігі кездеседі. В.А. Сухарев өте қызықты зерттеу жүргізген, американдықтар мен неміс халқының қабылдау түсінігін тексерген. Мыс, американдықтар үлкен ғимараттарда есікті ашып жұмыс істеуге, әдеттенсе, неміс халқы үшін ашық есік тәртіптің жоқтығының белгісі. Сол үшін әр бөлме жақсы есікпен жабдықталуы тиіс.

Егер АҚШ-та биік үйлер шыныдан тұрғызылған, бұл барлығымыз бір істі атқарып, бірге жұмыс жүргізіп жатырмыз дегенді білдірсе, бұл немістер үшін тек түсінбестікті туғызады. Американдықтарда бір ғимаратта бірге отырған адаммен сөйлесуден бас тарту оған деген кері қарым-қатынас білдірсе, ағылшындар үшін бұл қалыпты жағдай.

Психологияда адамдар арасындағы тактильдік қарым-қатынасты зерттеу қолға алынған (тактильді — дене арқылы түйсіну, сезіну). Бұл жағдайда әріптестік тактильді қатынасы эмоционалды жақындықты білдіреді. Тактильді қатынасқа жынысы, жасы, әлеуметтік жағдайы, қарым-қатынас кезінде ара қашықтық әсер етеді. Тактильді қатынас әр этностық топта өзінің әртүрлі мағынасына ие. Тактильді қатынас арабтар, латынамерикандықтар, Оңтүстік Еуропа елдерінің арасында көптеп кездеседі. Латынамерикандықтардың түсінігінше әріптеске тактильді қатынас жасамау өзін салқын ұстаудың белгісі. Италияндықтардың ойынша тактильді қатынасқа түспеу жаратпағанның белгісі. Жапондықтардың ойынша әңгімелесушіге дене арқылы түйсіну бұл агрессияға ұшыраған немесе өзін-өзі басқара алмайтын адамның іс-әрекеті. Егер сіз жапондықтармен әңгімелескенде арқасынан қақсаңыз, сіз оларды ренжітіп алуыңыз мүмкін.

Қазақ халқында әйелдерге қарағанда, ерлер тактильді қатынасқа бейім. Мұсыман халықтарына тән бір-бірін құшып амандасу салты қазақ ерлерінің арасында да сақталған. Зерттеулер барысында амандасудың мұндай түрі Қазақстанда

тұратын басқа ұлттарға да әсерін тигізген. Бұл жест бір-біріне деген сенім мен түсінушілікті білдіреді.

Ольфакторлық байланысқа иіскеу, яғни вербальды емес қатынас жатады. А.Алмани мен А. Алвананың зерттеуінше Таяу Шығыс елдерінде құда түсуге келген адамдар қалыңдықты иіскеуге рұқсат алады.

Ал қазақ халқында иіскеу кейде сүюдің орнына қолданылатын қатынас құралы. Олар кішкентай баланы, сүйікті әйелін, аға-інісін, сіңлі-қарындастарын иіскейді. Бұл махаббаттың белгісі.

Вербальды емес қатынас түрлері түрлі этносаралық халықтар арасында әлі де тслық зерттелмеген. Қазақ халқында ертеден қонақ сыйлау, әдет-ғұрып сақталған. Әр қонақтан олар жақсы жаңалықтар күткен. Қазақ халқының тіл үйренуге деген талабы жоғары болған. Қазақстан мен Ресей елдері біріккенде орыс тілі негізгі қатынас құралына айналып, еуропа мәдениетін тануға септігін тигізген.

Б.Алтынсариннің бастауымен қазақ даласында орыс-қазақ мектептері ашылған. Алғашқы интеллигенцияның пайда болуынан бастап, қазақ халқы өз тілін ұмытып, орыс тілінде сөйлеу басталған. Бұл қазақ мектептерінің жабылуына әкеп соқтырған. Тәуелсіздік алғаннан бері бұл мәселеде шешіле бастады.

Қазіргі таңда көп ұлтты Қазақстанның халқы өзін қандай ортада болсын еркін сезіне алады. Ауған соғысының жауынгерлерінің айтуы бойынша, бұрынғы Кеңес Одағының басқа ұлттарына қарағанда Қазақстан халқы жергілікті ауған халқымен тіл табыса білген. Мұның себебін жауынгерлер өз Отанындағы көп ұлтпен араласудың нәтижесі деп түсіндіреді. Өз еліндегі көп ұлтты халықтың арасында өскен алаңдар өздерін басқа елде, басқа ұлттардың арасында өздерін еркін сезінеді. Бұл Қазақстанға тән жағдай.

Ю.С. Крижанскийдің сөзімен айтқанда: «Қарым-қатынас бұл әдемілік емес, бұл басты құрал. Бұл қандай да бір іс жасамасақта алғашқы және басты нәрсе, бұл бір-бірімізді түсіну, бұл ең керекті және маңызды элемент».

7.3 Тұлғааралық, топаралық, ұлт және ұлтаралық қарым-қатынастар

Максатына қарай қарым-қатынас психологиясы тұлғааралық ортақтасудың үш түрін ажыратады: императив (бұйрық), манипуляция (айла), диалог (қосун, қоссөз, қостіл).

Императив немесе әміршіл ортақтасу - өз ортақтасу серігінің тәртібі мен іс-әрекетіне бақылау жасау мақсатындағы әсер студия авторитарлық, директивтік формасы. Ортақтасу партнері тек әсер студия нысанасы, пассив ретінде қарастырылады. Императивтің ерекшелігі, партнерды бағындыру жөніндегі негізгі мақсатының жасырынбай айқын көрініп тұратындығында. Әсер студия құралдары ретінде бұйрық, талап, әмір, тиым салу, нұсқау пайдаланылады. (Отыр! Тұр! Әкел!). Сонымен, әміршіл ортақтасу - басқаны өзіне қажетті белгілі әрекетке күшпен бағдарлау.

Қоғамдық қарым-қатынастарда императивті ортақтасудың өз орны бар. Мысалы, әскери қатынастар, төтенше жағдайлардағы бастықарым-қатынасызметкер қатынастары, қиын-қыстау, зілзала, операция кезіндегі қатынастар. Осындай салаларда императивтік ортақтасуды пайдалану нәтижелі әрі қолайлы.

Сонымен қатар мұндай ортақтасуды мүлде қолдануға болмайтын салалар да баршылық. Ең алдымен ортақтасудың бұл түрін достар және жұбайлар арасында, ата-ана мен бала арасында, тәрбие мен педагогика саласында пайдалану ыңғайсыз әрі нәтижесіз. Бұйрық, тиым көмегімен ұстаздар мен ата-аналар балаға өз сөзін өткізе алады. Бірақ ол сөздерді бала тек сырттай қабылдап орындайды. Бала өз еркімен қабылдамаған соң, оның құлағына күйған үлкендердің ережелері, қағидалары, қоғамдық нормалары санасының тез жойылып кететін мазмұны болмақ. Бұйрық түрінде берілген тілектер баланың ішкі құндылығы бола алмайды.

Этнос – сыртқы түр-кейбетінің ұқсас белгілері, қалыптасқан мәдениеті мен ортақ тілі, мінез-құлық қағидалары және басқа ұлттар мен нәсілдерге ұқсайтын адамдар тобының тарихи қалыптасқан бірлестігі, одағы. Этностың сипаты қасиетін көрсететін және басқа этностардан ажыратылатын белгілері: тіл, халықтық өнер, әдет-ғұрып, дәстүр, қалыптасқан тәртіп, дағды, яғни ұрпақтан-ұрпаққа берілетін мәдениет құрауыштары. Бұлар

өзіндік ерекшелігі бар этностық мәдениетті құрайды. Этностың белгісі – мәдени құндылық.

Этностың қалыптасып, оның одан әрі сақталуы үшін, сол этностың белгілі бір жер аумағы және ортақ, бірлескен экономикалық өмірі болуы шарт. Адамдарда басқару – тайпалардан ерекшеліп тұратын ортақ тіл қалыптасу үшін, олар ұзақ уақыт бір қауым болып, етене жақын тұруы керек. Ал мұның өзі бәріне ортақ бір өңірде тұрғанда ғана мүмкін болатын құбылыс.

Түркі әлеміндегі қазақ халқының қалыптасуына негіз болған, этногенетикалық туыстықтың тамыры көне дәуірлердің басталады. Қазақ ұлтын құраған Қазақстан мен Орта Азия шегінде біздің заманымызға дейін өмір сүрген сақ, үйсін, қанды, түркі, түркеш, қарлұқ, оғыз, қимақ, қыпшақ, найман, арғын, керей, қоңырат, жалайыр, дулат, т.б. көптеген ру-тайпалар еді.

Қазақ халқының тамыры тереңде жатқан тарихи дамуының нәтижесінде 15-17 ғасырда оның қазіргі ұлттық аумағы қалыптасты. Қандай қиыншылықтар мен шапқыншылықтар болса да, қазақтар өз тілін, туып-өскен жерін сақтап қалды, этностық құрауыштарын дамыта түсті.

18 ғасырдың басынан бастап (үш жүз жылға жуық уақыт) қазақ халқының тарихы Ресей империясымен байланысты болады. Уақыт талабына қарай, қилы кезеңдерде бұл қарым-қатынастар әр түрлі бағыттарда дамыды.

Қазақ халқының басқа халықтардан ерекшелігін жазу. Қазақстанда 120-дан астам ұлттар тұрады. Орыс, неміс, түрік, өзбек, қырғыз, күрт, тәжік, эзербайжан, башқұрт, ұйғыр, татар, казак, т.б. ұлттар тұрады. Орыс, казак, немістер христиан діндерін ұстайды. Түрік, өзбек, қырғыз, қазақ, ұйғыр, тәжік, татар, т.б. мұсылман дінін ұстайды.

Қазіргі кездегі ең маңызды мәселелердің бірі мәдениеттің өзара ара-қатынасының дамуы және психологиялық білім алуы болып табылады. Әдетте мәдениет оның жеке құрастырылған - өнері, діні, философиясы, ғылымы, білім беруі және т.б. жоспарында оқытылып қарастырылады. Бұл келіс теориялық ұғынумен мәдени процестің және оның жеке элементтерінің суреттеуінің бөлінуіне әкеледі. Психология мен мәдениеттің өзара байланысын үлкен қызығушылықпен қарастырады. Мәдениеттің спецификалық мазмұны психологиялық емес

шынайылық болып саналып, ыңғида психологиялық нәтиженің заты болып шықпайды. Осы жерден «орта» ұғымынан едәуір кен «мәдениет» ұғымының маңызы шығады. Заттың және әлеуметтік органы меңгереді, ал мәдениетке қосылады.

Қазіргі қоғам даму жағдайларында психологиялық ойды тұтас интеграцияланған мәдениет компоненті ретінде комплексті түсінуі қажет. Психологияның дамуы жалпы мәдени заңдылыққа сәйкес мәдениеттің біртұтас дамумен қарастырылады. Арнайы психологиялық зерттеу мәдениетке жалпы түсінік бере алмайды, бірақ қазіргі кездегі мәдениет идеяларға сүйене отырып, осы түсініктерге өз үлестерін қоса алады. Егер «мәдениетті белгілі ережелер жиынтығы мінез-құлық ережесі ретінде елестетсек, онда тұлғаның дамуы адамның іс-әрекет етуге, образ арқылы ойлауға алап келеді. Егер мәдениетті жиналған тәсілдер жүйесі ретінде қарастырсақ (нәндер жүйесінің маңыздылығы және шынайылық), онда адам іс-әрекетті меңгере отырып, іс-әрекет субъектісі болады, яғни саналы индивид.

Мәдениетті басқаша түсіндіруге келетін болсақ, мәдениет объективті құнды жүйе және мән-мағыналы деп елестетілсе, ол меңгеруге емес, мәдениетке қосылуға әкеледі. Осы кезде тұлғалық диалог және мәдениеттің өзара түсінушіліктері пайда болады.

Н.К. Рерихтің теориясы бойынша, мәдениет 5 сатыдан тұрады: адам алдымен мәдениетті болады, сосын білімді, интелегентті, төртінші – сәндік және синтез, ал бесінші саты – өзіндік мәдениет. Бізде кейде алғашқы деңгей де болмайды. Сондықтан ешқандай дәрежеде ЖОО-ның дипломы да өздерінде руханилықтық бар екендігін айтып негіздей алмайды.

Мәдениеттің негізгі элементтері болып: ұғым (тілдің негізі болып және өзінің қабілеттілігін реттеуге көмектеседі), қарым-қатынас (ұғыну, қоршаған әлемге деген көзқарас), құндылық – элементтер, адамның өз мәдениетінің құндылықтарына сәйкес тәрбиеленуі.

Қайталау және бекітуге арналған сұрақтар

1. Тұлғааралық, топаралық және этносаралық қатынастар.
2. Қарым-қатынас – этнопсихологиялық феномен ретінде
3. Қарым-қатынас психологиясы мен мәдениеті
4. Ұлт және ұлтаралық қатынастар

8. ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ЭТНОСАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРДЫҢ ПСИХОЛОГИЯСЫ

8.1 Қазіргі заманғы этнопсихология құрылымындағы этностық таптаурындар

Ұлттық таптаурындарды зерттеудің ұзақ тарихы бар, ең алғашқы жұмыстардың бірі, американдық тарихшы және социолог В.Дю Буаның жұмыстары (1899). Батыста этностық таптаурындар көп зерттелді. Әлеуметтік таптаурындар ұлттық таптаурындар негізінде зерттелді. Ең негізгісі – «стереотип» пен «нанымдар» түсініктерінің арақатынасы. Этностық нанымдарды психологиялық түсіндіру 20-ғ «фрустрация – агрессия» (Д.Доллард), авторитарлы тұлға (Т.Адорно) теориясымен байланысты. Ұлттық таптаурындар ұлттық салт-дәстүрлерде жасалады. Әлеуметтік тәжірибелерді беру формасын этностық таптаурын дейміз. Таптаурындарда адамның этнос жайлы теориялық және практикалық білімдері болады. Этнотаптаурындарды ұлттық дәстүрлермен, мифтермен, ритуалдармен, салттармен жиі ұқсастырса да, олардың психологиялық негіздерінде айырмашылық болады. Этностық сана басқа этностық топты тек тіркеп қана қоймайды, оларға эмоциялық – аффективті қатынасты көздейді. Өзінің этностық тобын қалау мәселесінде этноцентризм мәнді рөл атқарады. Бұл терминді алғаш У.Самнер кіргізген (1906). Оның пікірінше, этноцентризм интоптардың позитивті этномәдени сипаттамаларының гипертрофиясымен байланысты.

Психологиялық тұрғыдан этноцентризм топтық сана, этностық топтың тікелей тәжірибесі негізінде қалыптасады және қоғамдық болмысты бейнелейді. Интопқа (автостереотип) және ауттопқа (гетеростереотип) деген қатынасты абстракциялы түрде бөлек қараймыз, ал шынайы жағдайда олар бір-бірінен бөлінбейтін тұтастық құрайды. Ұлттық ерекшеліктерге этностық сипат, этностық сана-сезімдер, әдеттер, салт-дәстүрлер, мәдениет және этностық таптаурындар жатады.

Таптаурынды сипаттамалар адамның ойлауындағы тенденцияларды көрсетеді. Адам алдымен анықтайды, содан соң көреді немесе керісінше.

Этностық таптаурындар - элеуметтік таптаурынның бір түрі, бағыты – поляризациялы, этносаралық өзара әрекетпен детерминацияланады, болмыспен байланысты, орнықты, алайда элеуметтік және психологиялық факторлардың әсерінен өзгереді. Этностық таптаурындар этномәдени элеуметтену процесінің нәтижесі. Этностық элеуметтенуде индивидуалды этностық топқа тән мінез-құлық, аттитудтар, қабылдау, құндылықтар қалыптасады, ол өзіне және басқаларға сол топтың мүшесі ретінде қарайды.

Алайда, этноптаурындарға жеке бір индивидтердің өзгерген пікірлері жайлы зерттеулер өте жеткіліксіз. Этностық таптаурындардың қалыптасуына әр түрлі этностықтан тыс факторлар, ең алдымен этностың элеуметтік құрылымы әсер етеді. Этностық таптаурындар ұрпақтан-ұрпаққа ауысуда тұрақты болғанымен, әр түрлі ситуациялардың әсерінен өзгере береді. Этностық таптаурындардың жұмыс жасау механизмдерін білу этносаралық қатынастардағы мәселелерді реттеуде өзіндік рөл атқарады. Онтенезде этностық сана-сезімдерді және оның компоненті – этностық таптаурындарды қалыптастыру элеуметтенумен, аккультурациямен байланысты.

Этностық стереотиптің когнитивті (мазмұны) және аффективті (нанымдар) деп аталатын екі жағы бар. Ішкі бағдарлану стереотиптің когнитивті элементіне мазмұн береді, бағыттылық оның интенсивтілігін анықтайды. Адамда алдымен ішкі бағдарлану қалыптасады, содан кейін ол ішкі бағдарлануға сәйкес мазмұнда стереотиптің толықтырылатыны жайлы пікірлер эксперименттік зерттеулерде дәлелденді.

Этностық сана-сезімдердегі этномәдени феномендердің репрезентациясы, элеуметтік-психологиялық құрылуларда ішкі орнықтылықты қамтамасыз ете отырып, этностық бірліктің, элеуметтік мінез-құлықтың реттеуші негізгі механизмдеріне айналады. Этносаралық өзара әрекетте этностық таптаурынның когнитивті мазмұны дамиды, эмоциялық компоненті өзгереді, этностық топ позитивті өркендейді. Этностық түсініктер адамды этностық топтың мүшесі деп қана қабылдамайды, әрі этностың қоғамдық санасында қалыптасқан тұрмысын, мәдениетін, салт-дәстүрлерін де қабылдайды. Этностық түсініктердің негізінде, этносаралық қатынастардың тарихи практикасында қалыптасқан

орнықтылық, этнос топ мүшелерінің қабылдауы мен мінез-құлқын реттейтін этностық таптаурындар қалыптасады.

Этностық стереотип қандай-да бір адамның тұлға туралы көзқарасының қалыптасу кезінде туады. Кез келген адамның қатынас тәжірибесі этносымен, қоғамдағы қай топқа жататындығымен, жынысымен, жас ерекшелігімен, кәсібімен түсіндіріледі.

Жалпы зерттеулерге сүйене отырып, мынандай түйін жасаған жөн: этностық таптаурындар әлеуметтік таптаурындардың ең жиі кездесетін түріне жатады, олар әлдебір этностық топтар бейнесінің қалыптасу үрдісіне де ықпал етеді. Сондай-ақ, этнотаптаурындар кез келген адамның әлденені ұғынуына да керемет ықпалы болады. Өзге қоғамның бейнесін анықтайтын детерминант: объектілердің ұлттық ерекшеліктерінен бастап, топаралық өзара әрекетке дейін, бүгінгі күннің себебінен бастап, мәдени-тарихи тәртіптің латенттік факторларына дейін, жеке тәжірибеден бастап, көпшілік сананың көзқарасына дейін болады.

Қазіргі ұлттық көңі-күйде өз «тамырларына» қызығумен байланысты психологиялық өзгерістер жүруде. Этнос ұғымы мәдениетпен байланысты зерттеледі, этнопсихология термині әлемдік ғылымда әлі қабылданған жоқ, «салықтар психологиясы», «психологиялық антропология», «салыстырмалы-мәдени (кросс) психология» деп айтылады.

Қазіргі этностың дәстүрлі мәдениетін зерттеу – маңызды сұрақтардың бірі. Басқа елден алғашқы келген зерттеушілер экзотикалық мәдениет деп суреттеме қалдырған. Еуропалық білім алған алғашқы қазақтардың жұмыстарында өзінің туған мәдениетіне деген «іштей көзқарас» тұрғысындағы мәнді мәліметтерді кереміз (Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, Х.Қостанбаев, И.Ибраимова және т.б). қазақтардың дәстүрлі өмірі, тұрмысы, мәдениеті жайлы құнды пікірлерді неміс этнографы Рихард Каруц, француз этнографы Жозеф Кастанье жұмыстарынан табамыз, олар қазақтардың мәдениетіне, әсіресе шамандыққа қатты назар аударған. Көшпенді өмірлік салт тән қазақ этносы күрделі дамыған ішкі этностық құрылымға ие. Әр халықтың өзіне тән этномәдени ерекшеліктері, мазмұнды халық творчествасы, дәстүрлерді сақтау тенденциясы болады.

Психологиялық антропология, психология, этнография және лингвистика ғылымдарының аясында қалыптасты. «Этнопсихология» термині антропологиялық психологиямен тең мағынада қолданады, ол М. Мидтің «антропология және этностық» деген бағдарламасында көрініс тапты. Алайда тіл мен этностық сәйкестік әлеуметтік-психологиялық аспектілері, өзара байланысы зерттелмеген. Тіл мен этностық ішкі құрлымдық және функциялық аспектіде бөлек зерттелінді. Тіл мен этностық сәйкестіктің байланысы мойындалмады.

Шетелдік әдебиеттерде «этностық сәйкестік» ұғымы индивидуалды және топтық құбылыстармен ара қатысты қолданылады. Ағылшын тілді әдебиеттерде «этностық сәйкестік» топтық сананы (нәсілдік, діни, ұлттық) белгілейтін «этностық сана-сезімдер» түсінігін ығыстырады.

Қазіргі жұмыстарда «этностық сана-сезімдер» ұғымы этностық топпен сәйкестік және топтың басқа этностық бірлестіктермен өзара әрекеті деп түсіндіріледі. Этноқұрушы факторлардың біртіндеп, күрделі өтіп жатқын трансформациясына қарамастан, дәстүрлі мәдениет ұлттық салт-дәстүрлерде, мейрамдарда жүзеге асып, сақталып келе жатыр.

8.2 Этностық сәйкестілік және оның трансформациялық мәселесі

Этностық сәйкестік статистикалық құрылу емес, ол әр түрлі факторлардың әсерінен трансформацияланады. Этностық таптаурындардың ерекшеліктері этностық сәйкестіктің ерекшелігімен, оның қалыптасу дәрежесінің өзгерістерімен шарттанады. Тұлғаның ішкі құрлымын құрайтын компоненттердің бірі – этностық сана-сезімдер. Этностық сана-сезімдер өзінің психологиялық құрлымына ие, психологияның, этнопсихологияның, этнологияның, философияның, социологияның зерттеу пәні (А.Х. Гаджиев, А.Ф. Дашдамиров, Г.В. Старовойтова және басқалар). Н.М.Лебедева бұрынғы кеңестік кеңістіктегі әлеуметтік және этностық сәйкестіктің трансформацияларын этнопсихологиялық қарастырған зерттеу нәтижелерін талдады.

Индивидуалды деңгейде құндылықтар мотивтердің негізі ретінде қарастырылады. Мәдени деңгейде құндылықтар қоғамда кездесетін негізгі мәселелерді белгілейді. Кеңестік этнопсихологияда орыс зерттеушілері құндылыққа бағдарланулар жайлы зерттеулер өткізді (К.Касьянкова, 1994; Л.Почебут, 1997; В.Знаков, 1997; Н.Лебедева және Е.Павленко, 1998 және басқалар). Бұл зерттеулерді талдау, жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдайлар индивидтің құндылықтарға бағдарлануының өзгеруіне әкеледі. Алайда ұрпақтан-ұрпаққа келе жатқан мотивтер мен детерминациясының бұрынғы әлеуметтік механизмдері мен тұлғаның сапалары қоғамның ең терең түпкі құрылымдарында сақталады.

Индивидте құндылықтарға бағдарлану халықтың рухани құндылықтарының бірі – халық эпостары арқылы жүзеге асады. Көптеген зерттеулерді талдау барысында (В.Вундт, Г.Вернер, Л.С.Выгодский, К.Юнг) халықтың эпостар арқылы тұлғаны творчестволық дамытудың психологиялық терең мазмұнын көруге болады. Халық эпостарың, ұлттық салт-дәстүрлерді интериоризациялау индивидтің мінез-құлқын реттейді, соның негізінде әлемге, басқа адамдарға, өзіне, халық творчествасына деген қатынасы өзгереді.

Интеллектінің, таптаурындардың және рфлексияның этнопсихологиялық ерекшеліктеріне тоқталсақ, этнопсихологиядағы ойлау жайлы жұмыстар М.Мидтің Жаңа Гвинеядағы Папуадағы манус тайпаларының балаларының ойлауын зерттеген класикалық жұмыстарынан басталады. Ең маңыздысы, манус пен ағылшын тілінің арасындағы айырмашылықты зерттеуде М.Мид, Э.Сэпир, Б.Уорфтың лингвистикалық салыстырмалық болжамына сүйенді.

Американдық антрополог және этнолингвист Б.Уорфтың адам объективті болмысты тілдік категориялардың субъективті призмасы арқылы қабылдайды деген пікірі қатты сынға ұшырығаны белгілі. (М.Мұқановтың «Б.Уорфтың лингвистикалық салыстырмалық гипотезасы және этнопсихология» деген еңбегінде де айтылған). М.Мұқанов Бенжамен Ли Уорфтың лингвистикалық салыстырмалық гипотезасын талдай отырып, этнопсихологияның пәні тек ұлттық сипат ғана емес деді.

Ш.Уәлиханов көрсеткендей, бір ғана ой әр түрлі тілде түрлі лексикалық және грамматикалық құралдармен айтылады. Б.Уофтың гипотезасы бойынша, тіл ойлауды, қабылдауды, көзқарастарды анықтайды, тіл – ұлтқа, ал ойлау жалпы адамзатқа тән. Тілдің ойлауға қатынасын анықтауда ойлаудың функционалды және символикалық жоспарын анықтау керек. Психологиялық мәліметтерге сүйенсек, ойлау процесс ретінде белгілі бір өлшемде тілмен байланысты емес. Психологиялық зерттеулер интеллект пен тіл семантикасын дифференциалауға көмектеседі.

Творчестволық іс-әрекеттің интеллект компоненті жайлы өте ертеде де айтылған. Этнопсихология перцептивті процестермен қатар интеллект сапаларын өлшеу мәселесін де қарастырады. А. Бине және Т. Симон баланың мектепке дайындығын өлшеу үшін интеллект тестісін жасады. АҚШ-та әр түрлі мәдениетке жататын адамдарды тесттен өткізу тек ғылыми ғана емес, саяси сипатқа да ие болды. 1913 жылы АҚШ-қа келген венгрлерді, итальяндықтарды, еврейлерді тесттен өткізіп, олардың ақыл-ойы артта қалған деді. Олар үшін тілі, мәдениеті өзгеше болды. Қазір IQ интеллект коэффициентіндегі мәдениетаралық айырмашылықты этнопсихология былай түсіндіреді: біріншіден, әр түрлі мәдениетте интеллект және интеллекті адам деген түсінік әрқалай.

Жарты ғасырдан астам уақыт бойы интеллект диагностикасы тек индивидтер ғана емес, бүкіл нәсілдердің интеллектуалдық айырмашылықтарын зерттеді. Алайда бұл үлкен қателік, яғни интеллектуалдық айырмашылықтарды ақыл-ой дамуының деңгейіне көтеру интеллект туа берілетін жалпы қабілет деп қарастырумен байланысты болды. Сонымен А. Р. Лурияның «артта қалған халықтар» деген пікірі «дамушы» халықтардың психология мәселесі дегенмен ауыстырылды. Шынында да, А. Р. Лурияның 1931-1932 жылдары Өзбекстанның алыс аудандарында жүргізген эксперименттік зерттеулерінен кейін көптеген жылдар өтсе де, кеңестік психология сол кездердің лабораториялық зерттеулеріне қайта оралды, жарты ғасырдан кейін Эстонияда А. Р. Лурияның шәкірті П. Тульвистенің «Вербальді ойлаудың мәдени-тарихи дамуы» деген монографиясы (Таллин, 1988) шықты. Бұл зерттеу әр түрлі этностық топтардың психологиясы бірдей деген мифке

қауін төндірді. Бұл еңбек «этностық психологиясыз» деген психологияға соққы болды.

П. Тульвистеннің зерттеулері сол кезде үнсіз қалды. 20 ғасырда аяқтай отырып, Л.С.Выготскийдің мәдени-тарихи концепциясының методологиялық негізінде дамыған жаңа зерттеулер пайда болды.

Американдық психометристердің қателігі, олар зерттеу бағдарламасын вербальді тапсырмаларға дейін немесе басқа тестгерді алыстатумен оның мәнін тарытып жіберді. Ал шындығында, міндет басқаша қойылуы керек, этностың өзіндік ерекшеліктерімен қатар танымдық процестердің бірлігін де ескеру керек. Көптеген зерттеулер барысында танымдық процестер, атап айтқанда, ойлау іс-әрекеті және түсіну этностың практикалық тәжірибесімен, тіршілік әрекетімен, этносаралық байланыстармен, біріккен ойлау іс-әрекетімен тығыз байланысты.

Қазақстандағы психология ғылымының дамуына елеулі үлес қосқан белгілі ғалым ұстаз М. М. Мұқановтың зерттеулерінің негізі, ақыл-ой мәселелерін тарихи-этностық аспектіде қарастырған деген еңбегінде тайпа адамдарында ақыл-ойы таяз болады деген шетелдік зерттеулердің дұрыс еместігін көрсетіп, барлық халықтардың ақыл-ойы біркелкі, бір-бірінен артықшылығы, кемдігі жоқ екенін ғылыми зерттеулермен дәлелдеді.

Атап айтқанда, адамның ақыл-ойын зерттеу тарихына байланысты антрополог Л. Леви-Брюль (1857-1939) зерттеулерін сынап, соған байланысты шаман діні жайындағы Ш. Уәлихановтың зерттеулерін талдайды. Леви Брюльдің адам ақылын орта билейді, қоғамдық орта қандай болса, интеллектісі де сондай болады деген пікірлерін жақтаған біраз ғалымдар Орта Азияға (Өзбекстан) экспедиция ұйымдастырып, зерттеу жүргізгені белгілі. Сананы орта билейді деген түсінік интеллектіге байланысты айтылмауы керек. Адам интеллектісі қоршаған ортаға байланысты десек, онда тұрмыстық жағдай қандай болса, интеллект, ой өрісі де солай болады деген пікір туындайды. Негізгі қателік – сана ұғымын интеллект ұғымымен шатыстыру. Осының өзі Леви Брюль теориясының басты кемшілігін көрсетеді. А. Лурия жүргізген зерттеу барысы негізінен дұрыс болғанымен, одан шығатын қорытындыларға толығымен келісуге болмайды. (М. М. Мұқанов).

Ш. Уәлиханов халық ауыз әдебиеті ерекшеліктерін «ұлт» ұғымының бір белгісі деп қарастырды. Ауыз әдебиетінің творчествасының бір түрі – мақалдар ойлау актісінде интеллект іс-әрекетінің логикалық компонент функциясын орындайды, тыңдаушы мақалды қабылдаса, онда ол талдау мен бағалаудың пәні болады. Қазақтардың қарым-қатынасында мақалдарды кең қолдану жағдайы метафорлық ойлау деп айтуға болады (М. М. Мұқанов). Мұнда мақалдардың тек логикалық компонент функциясы ғана емес, мақалдан туындайтын ойдың нақтылығын, бейнелілігін де айту керек. Мақалдар ойлау әрекетінің өтуіне әсер ете отырып, тандау мен шешім қабылдау жайлы белгілі бір білімдерді ұйғарады. Қазақ мақалдары, сондай-ақ басқа мәдениеттерде де орнықты сипатқа ие және стереотипті шығарылады. Адам оны меңгереді, бірақ өзгерте алмайды, себебі оларды қолдануға дағдылынып кеткен.

М. Ғабдулиннің пікірінше, мақалдар қанатты сөздер ретінде ақындардың ауызша сөз сайыстарында қолданылған, яғни нақты авторлары болған, алайда ол авторлар соның салдарынан ұмытылып, халық мақалдарды тәуелсіз пікір, ойын жеткізу құралына айналып кеткен. Бізге ең маңыздысы мақалдар, адам басқаға әсер етеді, олардың біріккен іс-әрекеттерінің координациясы үшін туындайды. Мақалдар орындау функциясы бойынша логикалық ойлаумен байланысты болса, айтыс өнері ойлаудың заңдылықтарын психологиялық тұрғыдан түсінуге мүмкіндік береді.

Интеллект мәселесінің этнопсихологиялық аспектісін талдауда рефлексия мен этностық таптаурындарды қарастырмау мүмкін емес. Рефлексия ұғымының анықтамасын қарасақ, ол теориялық іс-әрекеттің формасы дейді А. Б. Огурцов. Ендеше ол тек теориялық әрекетте ғана көрінеді, ал дәстүрлі мәдениетте кездеспейді деген ұғымға әкеледі. Ол теориялық іс-әрекет терминін түсінуге байланысты.

Адамдар не теориялық, не практикалық қана ойлайтын адамдар деп бөлінбейді ғой. Мұнда С. Л. Рубинштейннің пікіріне негізделеміз, яғни теориялық іс-әрекет практикалық іс-әрекеттен өндіріледі. Адамның өмір сүруінің екі тәсілі бар, бірі – тікелей байланыстардан шықпау (әкесі, шешесі т.б.), екіншісі рефлексияның туындауымен байланысты, бұрынғы процесті

тоқтатып, үзіп, ойша оның шегінен шығу. Рефлексияны былайша түсіндіру реалды өмірден алынады (жеке адамның өнегелі қалыптасуы). Және ол рефлексияның сипатын архаистік (көне) ақыл контекстінде қарастыруға итермелейді. «Тікелейліктің шегінен шығу мәселесін ғылыми ұғымдарға өту деп тар мағынада түсінбей, кең мағынада өмірді өзгерту нәтижесі деп түсіну керек. Міне, осы жағдай архаистік (көне) мәдениет өкілдерінде рефлексияны эксперименттік зерттеуге әкелді».

Ұлттық таптаурындарді зерттеудің ұзақ тарихы бар, ең алғашқы жұмыстардың бірі, американдық тарихшы және социолог В. Дю Буанын жұмыстары (1899). Батыста этностық таптаурындар көп зерттелді. Әлеуметтік таптаурындар ұлттық таптаурындар негізінде зерттелді. Ең негізгісі – «стереотип» пен «нанымдар» түсініктерінің ара қатынасы. Этностық нанымдарды психологиялық сөйлеу 20 ғасырдағы «фрустрация-агрессия» (Д. Доллард), авторитарлы тұлға (Т. Адорно) теориясымен байланысты. Бұл зерттеулерде социомәдени факторлар ескерілмеді, этностық нанымдар облысындағы когнитивті бағыт оларды қатты сынады. Шетелде «стереотип» пен «нанымдар» түсінігін ұқсастырады, синонимдер ретінде интерпритациялайды.

Ұлттық таптаурындар ұлттық салт-дәстүрлерде жасалады. Әлеуметтік тәжірибелерді беру формасын этностық стереотип дейміз. Таптаурындарде адамның этнос жайлы теориялық және практикалық білімдері болады. Этнос таптаурындарді ұлттық дәстүрлермен, мифтермен, ритуалдармен, салттармен жиі ұқсастырса да, олардың психологиялық негіздерінде айырмашылық болады. Этностық сана бөтен этностық топты тек тіркеп ғана қоймайды, оларға эмоциялық-аффективті қатынасты көздейді. Өзінің этностық тобын қалау мәселесінде этноцентризм мәнді рөл атқарады. Бұл терминді алғаш У. Самнер кіргізген (1906). Оның пікірінше, этноцентризм интоптардың позитивті этномәдени сипаттамаларының гипертрофиясымен байланысты.

Г.У.Қцова этностық сана-сезімдерді әлеуметтік топтардың этномәдени болмысқа белгілі бір қатынасы, әлемді қабылдаудың ерекше тәсілі ретінде қарастырады. Этномәдени бағыттағы зерттеулер позитивті этностық және мәдени идентификацияның қалыптасуының психологиялық механизмдерін анықтайды. Этномәдениетті түсінуге деген алғашқы ықпал социосфера

парадигмасында этностық процестерді зерттеумен байланысты. Ол парадигма этностық әлеуметтік құбылыс қоғамның даму заңдарына бағынады деген алғышартты негіздейді.

Ресей-Америка социологы П.Сорокинаның санауы бойынша 24ғ. ішінде бір жылы кикілжің, соғыс революция болып келеді. XXғ. Кикілжіңі 300 млн. адамның қаза болуына себепкер болды.

Қазіргі таңда этностық кикілжіңдердің проблемасымен айналысатын 11 ғылым бар. Сол ғылымдардың ішінде лидерлері, психология, әлеуметтану, саясаттану ғылымдары болып табылады.

А.Я. Анцупов этностық кикілжіңді әлеуметтік топ арасындағы әртүрлі этностық кикілжің деп суреттеген. Ал Стефаненко бойынша этностық кикілжің топ арасындағы кез-келген бәсекелестік болып табылады.

Этностық кикілжіңдерді зерттеу нәтижесінде олардың бірнеше аспектілері анықталды. -

1. Этнопсихологиялық аспект. Кикілжің жағдайда ұлттық қызығушылықтарды қорғау нәтижесінде көрінеді.

2. Әлеуметтік-мәдениетті аспектiсi. Бұл аспект әлеуметтік-мәдениетті бірегейлік ретінде этностық дезинтеграциясына қауіп төнген жағдайда көрінеді.

3. Әлеуметтік-экономикалық теңсіздікті немесе шағын топтың экономикалық қызығушылығы.

4. Саясатты аспект. Шағын дәрежеде автономияда үлкен саясатты билікке қол жеткізетін жаңа саясатты лидерлердің пайда болуы мен сипатталады.

8.3 Этнопсихологияның қолданбалы аспектілері

Ұлттық психологиялық ерекшеліктер өзінің мазмұнында танымдық процестердің өтуінің және адамның эмоционалдық қалпын, сондай-ақ өзара әрекет бірлігін, адамдардың қарым – қатынасы мен өзара қатынастардың этникалық ерекшеліктерін белгілей келіп, әр халықтың тәрбие жұмысының тиімділігін арттыруға әсер етеді.

Бұл бір жағынан әр ұлттың тәрбиелік әсерлерді қабылдаудың жалпы заңдылықтарын, тәрбиелік шараларды өткізудің өзіндік арнаулы дәстүрлерін табуға және әр бір ұлттың аймақта

қоғамдық өмірде есепке алуға көмектеседі. Мысалы, біздің Қазақстанда және Орта Азия халықтарында қартаң жастағы адамдарға осы сыйластықпен қарайды. Бұл халықтардың қарым – қатынас процесінде өзара әсері және өзара әрекетінің өзіндік атрибуттары.

Екінші жағынан, ұлттық – психологиялық ерекшеліктерінің байқалу заңдылықтарын белгілеу әлеуметтік қызметкерлер мен жетекшілердің педагогикалық ықпалдарының тиімділігін арттыру үшін қосымша мүмкіндіктер табуға, тәрбиелік сипаттағы шаралардың дұрыстығын бағалауға мүмкіндіктер береді. Сонымен бірге көптеген халықтар мен біздің еліміздің халықтары өкілдерінің ұлттық психологиясының байқалуының әр түрлі формасында қазіргі қайта өрлеген діни қатынастардың элементтері бар. Кейбір шіркеу қызметкерлері халықтардың ұлттық танымын бақылаудың әлемдік, саяси және басқа құралдарына жүгінеді.

Орта Азия және Кавказ республикаларында, басқа аймақтарда діни символика және мәдени рәміздер кеңінен қайталанатын, айналада болып жатқан құбылыстар мен оқиғаларға назар аудару және бұқаралық діни қабылдау формалары қайта дәуірлейтін манифестациялар, митингілер, жиналыстар өткізу формалары кеңінен таралуда.

Қазіргі кезде осы сияқты бұқараға әсер ету мен қарым – қатынас түрлерін есепке алмаған әлеуметтік қызметкер, жетекші әрине, қиын жағдайға тап болады. Діни, адамгершілік құндылықтардың этникалық қауымдастығы өкілдерінің өзара қауымдастығы өкілдерінің өзара қарым – қатынасы мен мінез-құлқына тән мақсатқа бағытталған есеп және мықты талдау қажет. Бұл әсерлер олардың мінез-құлқтарын жүйелі болжау арқылы, сондай-ақ, этникалық ескертпелерді трансформациялайтын әсер етудің танымдық әдістерінің ықпалымен өтуі тиіс (Б.А. Амирова).

Біздің елімізде ұжымдардың көпшілігі құрама бойынша көп ұлтты болып табылады. Мұндай қоғамда көп жағдайда жеке бас аралық қатынастарға әсер ететін адамдардың мінез-құлқ нормалары, дәстүрлер, ұлттық психологиялық ерекшеліктерімен, мәдени бірлігімен және этно топтық танымымен, топ ішілік нормалар мен принциптердің болуымен сипатталатын бір ұлт адамдарының бірігуін білдіреді.

Мұнда тәрбие жұмысының өзі айтарлықтай күрделенеді, күш жігердің үлкен салмағын, көлемді білімді, кәсіби даярлықты, жоғары психолого-педагогикалық шеберлікті талап етеді.

Ұлттық психологиялық ерекшеліктерді есепке алу ұжымдағы және білім беруші институттардағы (балабақша, мектеп, ЖОО, клуб және т.б.) тәрбие жұмысының ерекше құрылуын болжайды.

Ұлттық-психологиялық ерекшеліктер, біріншіден, тәрбиелік әсерлердің тәсілдері мен формаларының біркелкілігін, олардың үйлесімін анықтайды. Әлеуметтік қызметкерлердің, жетекшінің мінез-құлық стилін түрлі ұлттық қоғамы өкілдері өздерінше қабылдайды. Олардың моралдік және адамгершілік қасиеттеріне, кәсіби дағдыларына, педагогикалық шеберлігіне әр түрлі талаптар қояды. Мысалы, Орта Азия мен Қазақстан халықтарында бастапқыда олардың тәрбиелік күш жігерлерінің мазмұны емес, ұлт өкіліне сыйластықпен қарау іскерлігі, ақпаратты әсер етудің әр түрлі деңгейлеріне мөлшерлеп біртіндеп беру қабілеті бағаланады.

Ал, Прибалтика мемлекетінде қолданылған күш жігерлердің мақсаттылығы мен логикалық қажеттілігін тез арада дәлелдеген адамға тәрбие жұмысында басымдық беріледі.

Көп ұлтты ұжымдардағы барлық тәрбие шаралары оның әсер етуінің төменгі кезеңдерін ойластыруды талап етеді.

Бірінші кезең- әр түрлі этникалық қоғам өкілдерінің ерекшеліктерін зерттеу.

Екінші кезең- полиэтникалық ортада жетекшімен, педагогпен моралдік- психологиялық атмосфераны және өзара қатынас сипатын талдау.

Үшінші кезең- көп ұлтты ұжымда адекватты психологиялық климат құру мақсатымен жұмыс формасын ойластыру.

Төртінші кезең- ұжымдағы қақтығысты жағдайларды жою.

Бесінші кезең- белгілі бір ұлттың әрбір өкілінде ұлттық сана-сезімді қалыптастыру және өзге ұлтты дұрыс бағалауға үйрету (тәрбиелеу).

Сонымен, Полиэтникалық ұжымдағы тәрбие жұмысында ұлттық-психологиялық ерекшеліктерді есепке алу тек оның тиімділігін арттырудың маңызды алғышарты болып қана табылмайды, сондай-ақ, көп ұлтты ұжым жетекшісінің (педагогтың) езінде қалыптасуы тиіс арнайы білімдер мен

дағдылардың бір қатарын қолданудың айтарлықтай күрделі процесін білдіреді.

Тұтастай алғанда, психологиялық ғылым адамзат қауымының маңызды өзегі- жанұяны зерттеуге әрқашанда ерекше мән береді. Әрине, бұл этнопсихологияның да назарынан тыс қалған емес. Біздің елімізде көп ұлтты некелер көп таралған құбылыс. Білу, одан кейін оның мүшелерінің психологиялық ерекшеліктерін дұрыс түсіну- ғалымдардың және әлеуметтік- психологиялық қызметкерлердің маңызды міндеті.

Сондай- ақ, практикалық шындық және арнаулы зерттеулер тәжірибесі дәлел болғандай, жанұяда жеке бастың этникалық қоғам өкіліне деген қарым – қатынас негіздері қалыптасады және өзара әрекет етуші адамдар өміріндегі көп нарсе осы қатынастарға байланысты. Сонымен бірге , отбасыда адам ерте жасынан бастап, өзі туып, этникалық әлеуметтану және инкультурация процесін баснан кешетін ұлттық әлеуметтік және адамгершілік құндылықтарын, дағдылар мен дәстүрлерін таратушы болады.

Отбасылық қарым- қатынас этнопсихологиясын зерттеу құралы;

Біріншіден, бірлескен өзара әрекет пен қарым- қатынас барысында ерлі –зайыптылар, балалар және отбасының басқа мүшелері арасындағы жеке бас аралық қатынастар сипатына әсері және тағы басқалары.

Екіншіден, арнаулы дүние тану және дүниені түсіну, әрекет және мінез -құлық формалары, полиэтностық отбасыларға тән моральдік және адамгершілік құндылықтар, жеке бастың ұлттық қалыптасу тәсілдері мен дәстүрлерінде әрдайым кездесетін ұлттық ерекшеліктер;

Үшіншіден, жанұяның әртүрлі этникалық мүшелері арасындағы дау- дамайлы қарым -қатынастардың пайда болу себептері мен факторларын әлеуметтік -психологиялық талдауға бағыттау керек.

Ресейде және біздің елімізде жанұялық қарым- қатынастардың этнопсихологиялық диагностикасы оның белгілі бір негіздерін В.П.Левкович және басқа ғалымдар қаласада да әлі әлсіз дамыған. Бірінші кезекте этноарнайы талдауға арнайы бейімделген, анағұрлым белгілі Векслер тестісін (интелектіні

өлшеу), тақырыптық ашперцепция (оқиғалар, жағдайларды қолдану), Роршах тестісін (ынтаны безендіру), «он алты жеке бас факторы» сауалнамасын және тағы басқаларын кең қолданған жөн.

Төмендігі талаптарға жауап беретін этнопсихологиялық диагностиканы жүзеге асырудың кейбір этникалық нормаларына тоқталған жөн:

-осы әрекетпен айналысатын зерттеушінің және ғалымның арнайы этнопсихологиялық біліктілікті және кісіби этика нормалары;

-әдістемелер, тестілер, сауалнамалар және анкеталарды кәсіби емес, сауатсыз қолдануға болмайды. Олардың барлығы жанұялық қарым қатынастың ұлттық ерекшеліктеріне бейімделіп, оның мүшелерінің ұлттық – әлеуметтік ерекшеліктерін есепке алуға бағытталуы тиіс;

-жанұяға, этникалық қоғамның өкілі ретінде жеке басқа зиян келтіру қылмыс;

-мәліметтерді, олардың сенімділігін, қолдану мөлшері мен сапаларын қатаң және ұдайы нақтылау;

-интимдік барьерді игеру, ақпараттың толығына жету қажет;

-жанұялық қарым –қатынастар туралы психологиялық ақпараттардың ұдайы толығы;

-этникалық қоғам өкілінің мінез –құлқы арнайы зерттеуге жіберілетін эксперименталді жағдай құру;

Адамның некелесуге және отбасын құруға даярлығының бастапқы сәті: олардың жанұялық қарым –қатынастарының мәнін, адамдардың бір бірінің алдындағы белгілі бір міндеттерін түсінуі, отбасына және балаларына жауапкершілігі жанұя өміріндегі қашып құтыла алмайтын кикілжіндерді қабылдау және жеке бас ерекшелігін шектеу. Әрине, барлық осы сипаттамалардың өзіндік ұлттық мәні бар.

Ерлі-зайыптылардың өзара қатынасының ұлттық ерекшеліктерін зерттеушілердің әрқайсысы қиындықтарды екі түрлі жеңуі тиіс. Біріншіден, бұл қатынастар өз ұлтының жанұяларында кездесетін қатынастардан айтарлықтай ерекшеленеді. Екіншіден, зерттеуші нақты этникалық қоғам өкілдерінің жанұялық қарым- қатынастарда болатындар туралы ақпараттардың айтарлықтай тапшылығын сезінеді.

Психологиялық көмек аясында этнопсихологтар нақты этникалық қоғам өкілдері жанұяларына психологиялық профилактика жүргізуі тиіс.

Жекелеген халықтардың іскерлік кездесулеріндегі мінез – құлық тактикасының ерекшеліктері.

Қиыр Шығыс

Жапондықтар жекелеген кездесулердің телефонмен сөйлесу арқылы өтуін қалайды. Бұның себебі: ұсақ және орта фирмалардың көпшілігі өз істерін жапон тілінде жүргізеді және олармен байланыстар аудармашы талап етеді.

Егер олармен кездесуге барар болсаңыз, кездесуге жақын қалғанда олаға өзіңіз туралы, фирмаңыз туралы түсініктер жіберіңіз және өзіңіздің кездесуге баратыныңызды анық пешпіп алыңыз. Сөйлесудегі нақтылық – жапон стилінің маңызды сипаттарының бірі.

Келіссөздердің барысымен қарқыны баяу, бұл кезеңде жапондықтар өзінің серіктесін барынша көп зерттеуге тырысады.

Пікірлесу барысында жапондықтар интонацияға, ым – ишараға назар аударуға бейім, басты жиі шұлғу «мен сізді мүжіят тындап отырмын» дегенді білдіреді. Жапондықтар өз эмоцияларын ұстай біледі, сондықтан, сіздің сезіміңіздің байқалып қалуы оарды таңдандыруы мүмкін.

Негативті жауаптар әдетте мынандай формалармен білдіріледі: «Бұл қиын», «Бұған айтарлықтай уақыт керек». Өздерін нашар сезініп отырғандығына сілтей салуыда мүмкін. Сізбен келіскенін білдіретін, ең мәнерлі белгі «Вакаримасита» сөзін қолдану болып табылады. Тура аудармасы «мен сізді түсінемін» дегенді білдіреді.

Жапондықтар үшін мәмілеге келу – «сәт айнасы». Бұл шарттар сақталғанға дейін, келісімдердің сақталуының себебі болып табылады.

Жапондықтар күш көрсетуді, қорқытуды қабылдамайды және оларға үлкен психологиялық ықпал көрсетпейді.

Сыйлықтарға келетін болсақ онда жапондық этикалық көзқарастар міндетті түрде жауап ретінде сыйлық сыйлайды. Сондай ақ, өте қымбат сыйлық жапондықтарды қиын жағдайда қалдырады. Сыйлықты сыйлаушының көз алдында ашып, қарауға болмайды.

Таяу Шығыс

Арабтар- әріптестер арасында сенім орнауы олар үшін келіссөздерде маңызды элемент болып табылады. Арабтар өздерінің түбірімен дістүрлеріне ұдайы қарап, өткеніне сүйенуге әдеттенген.

Жапондықтар сияқты, арабтарда алғашқы таныстықта қуанышпен сыйластықты танытады. Бұл құран талаптарына байланысты. Әңгіме процесінде нақты жауаптан қашады. «Иа» және «жоқ» сөздерін қолданбайды, оларды «егерде алла қаласа» сияқты сөздермен алмастырады. Бас тартулар тікелей түрде айтылмайды, үгіттеулер және ұсынысқа марапаттаулар негізінде айтылады.

Солтүстік Америка

Американдықтар. Іскерлік өзара қатынастардың америкалық стилі артық жұмыс алумен, еңбекті бекер шығындаудан қашу талпыныстарымен, берілген сөз күшімен, қысқалықпен сипатталады. Американдықтар барлық әлемде келіссөздер өткізудің өзіндік стилімен ерекшеленеді, олар негізінен үш ережені ұстанады:

- талда;
- қызметтерді (міндеттерді) бөл;
- орындалуын тексер;

Іскерлік қарым қатынаста американдық кәсіпкерлер формалді емес атмосфераға талпынады. Американдық кәсіпкерлердің жағымсыз жағы эгоцентризм болып табылады.

Батыс Еуропа

Итальяндықтар келіссөздерді арнайы емес жағдайда жүргізгенді қалайды. Іскерлік байланыстарды арнайы хат алмасумен бітірген жөн.

Итальяндықтар іскерлік әлемде тең жағдайдағы адамдар арасында келіссөздер жүргізуіне үлкен мән береді. Осымен байланысты іскерлік кездесулер алдында, олар партнерлардың еңбек биографиясын, олардың жасын, қызметін білуге ұмтылады.

Француздар. Францияның іскерлік өмірінде жекелеген таныстықтар мен байланыстар үлкен маңызға ие. Француздар мен іскерлік таныстықта, өзінің жоғары оқу орынын бітіргендігі туралы визиттік карточканды көрсетуің қажет, өйткені француздар білімге үлкен мән береді.

Француздар іскерлік қатынастарда ағылшын, неміс тілдерін қолдануды қаламайды. Бұл олардың ұлттық мақтанышына нұқсан келтіреді деп есептейді. Олар өз ұстанымдарында қалады, бірақ саудаласуға бейім емес. Нәтижесінде, олар келіссөздерді айтарлықтай қатаң жүргізеді деген әсер қалады. Сұрақты талдау кезінде француздар қарсыласының сөзін жиі бөледі, ескертулерін айтып қалады, бірақ бұл факт сыйламау деп қабылданбауы керек. Француз кәсіпкерлерімен келіскен контракт айтарлықтай нақты, анық француз тілінде жазылған төрт беттен артық емес мәтін, 10-15 сөзден тұратын сөйлемдер.

Испандықтарға мұқияттылық, ұқыптылық, негізге салыну, тәртіптілік және қарым-қатынастардағы сенімділік сипаттары тән.

Немістер. Кездесулердің өту мерзімі туралы келісімдерді дәл сақтауға ерекше назар аудару қажет. Телефон бойынша берілген уәделердің бәрі орындалады. Келіссөздер уақытында немістер өздерін айтарлықтай қатаң ұстаулары мүмкін, бірақ олар оның өтуіне өте жақсы жағдайлар: бөлме, керек жабдықтарды жасайды. Келіссөздер барысында немістер кәсіпкер және арнайы болып келеді.

Ағылшындар. Ағылшын бизнесіне касталық тән. Ағылшын бизнесінде арнаулы және телефон қатынастарында ұсталатын қарым-қатынастардың белгілі бір ритуалы болады. Теннистік турнир, секіру және т.б. сияқты шараларға қатысудың мәні аз емес. Британ кәсіпкерлеріне әділдік сезімі тән, сондықтан да, олар қулық пен алдауға төзбейді. Келіссөздердегі ұстаным, қатаң талқылау ауа райынан, спорттан басталады. Ағылшындардың шешімді баяу қабылдауымен байланысты Британ кәсіпкерлері шеңберінде сыйлық тапсырудың ерекше ритуалы бар. Мұнда тауарлардың белгілі бір шеңберін ағылшындар пара емес (күнтізбе, жазба кітаптары, тұтатқыштар, фирма қаламдары) сыйлық ретінде қарастырады. Мерекеге алкоголь сусындары жіберіледі.

8.4 Этносаралық кикілжіңдердің психологиясы

Ресей-Америка социологы П.Сорокинаның санауы бойынша 24ғ. ішінде бір жылы кикілжің, соғыс революция болып келеді. XXғ. кикілжіңі 300 млн. адамның қаза болуына себепкер болды.

